



1(33) шығарылым

қаңтар — ақпан — наурыз

Жылына 4 рет шығады

Тарих, педагогика, филология, экономика, география,
юриспруденция

Бас редактор

Т.З.РЫСБЕКОВ

тарих ғылымдарының докторы, профессор

Редакция алқасы:

И.А. Тайманов	физика-математика ғылымдарының докторы, РФ Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Новосибирск мемлекеттік университеті;
Д.А. Усанов	физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университеті;
Е.А.Александрова	педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университеті;
Д.А.Аманжолова	тарих ғылымдарының докторы, профессор, туризм және сервис Москва мемлекеттік университеті;
Н.Е.Бекмаханова	тарих ғылымдарының докторы, профессор, РФА Ресей тарихы институты;
Ә.Қ.Мұқтар	тарих ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;
М.К.Бисімелиева	филология ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;
Т.Е. Дарбаева	биология ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;
С.С. Джубатырова	ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;
А.С. Қыдыршаев	педагогика ғылымдарының докторы, профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;
А.Мұханбетжанова	педагогика ғылымдарының докторы, профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;
Р.Д.Урунова	филология ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;
М. Сабыр	филология ғылымдарының докторы, доцент, БҚГА.

2000 жылдан бастап шығарылады. Жылына 4 рет шығады.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен
07.12.1999ж. тіркеліп, № 971 – Ж куәлігі берілген.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен
09.08.2000ж. қайта тіркеліп, № 1432 – Ж куәлігі берілген.

Жинақ филология, тарих және педагогика ғылымдары бойынша
диссертациясының негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі саласындағы Бақылау комитеті бекіткен ғылыми
басылым Тізіміне енді.

Шығаруға жауапты: А.Ә.Кожевникова

ISBN 9965-553-82-3

© М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2009.
ТІРКЕУ НӘМИРІ 1432-Ж



Выпуск 1(33)

январь — февраль — март

Выходит 4 раза в год

Исторические, педагогические, филологические,
экономические, географические, юриспруденция

Главный редактор

РЫСБЕКОВ Т.З.

доктор исторических наук, профессор

Редакционная коллегия:

Тайманов И.А.	доктор физико-математических наук, Член-кор. Академии наук РФ, Новосибирский государственный университет;
Усанов Д.А.	доктор физико-математических наук, профессор, Саратовский государственный университет им.Чернышевского;
Александрова Е.А.	доктор педагогических наук, профессор, Саратовский государственный университет им. Чернышевского;
Аманжолова Д.А.	доктор исторических наук, профессор, МГУ туризма и сервиса;
Бекмаханова Н.Е.	доктор исторических наук, профессор, Институт Российской истории РАН;
Муктар А.К.	доктор исторических наук, ЗКГУ им.М.Утемисова;
Бисималиева М.К.	доктор филологических наук, ЗКГУ им.М.Утемисова;
Дарбаева Т.Е.	доктор биологических наук, ЗКГУ им.М.Утемисова;
Джубатырова С.С.	доктор сельскохозяйственных наук, ЗКГУ им.М.Утемисова;
Кыдыршаев А.С.	доктор педагогических наук, профессор, ЗКГУ им.М.Утемисова;
Муханбетжанова А.	доктор педагогических наук, профессор, ЗКГУ им.М.Утемисова;
Урунова Р.Д.	доктор филологических наук, ЗКГУ им.М.Утемисова;
Сабыр М.	доктор филологических наук, доцент, ЗКГА.

Издается с 2000 года. Выходит 4 раза в год.

Свидетельство о регистрации издания № 971-Ж от 07.12.1999 г., выдано
Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Свидетельство о перерегистрации №1432-Ж от 09.08.2000 г., выдано
Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Журнал включен в Перечень научных изданий Комитета по контролю в
сфере образования и науки Республики Казахстан, рекомендованных для
публикации основных результатов диссертаций по филологическим,
историческим и педагогическим наукам.

Ответственный за выпуск: Кожевникова А.А.

ISBN 9965-553-82-3

© Западно-Казахстанский государственный университет им.М.Утемисова, 2009.
РЕГИСТРАЦИОННЫЙ НОМЕР 1432-Ж

ТАРИХ



ИСТОРИЯ

ӘОЖ 94(574) «12/17»:323

Б.Б. Кәрібаев

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстанның
ежелгі және ортағасырлардағы тарихы кафедрасының
докторанты, тарих ғылымдарының кандидаты

М.ТЫНЫШПАЕВ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ЭТНОСАЯСИ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ

Мұхамеджан Тынышпаев (1879-1937) – ХХ ғасыр басындағы Алаш қозғалысының көрнекті жетекшілерінің бірі, саяси қайраткер, қазақ ұлтынан шыққан алғашқы теміржол инженері, сонымен бірге 20-шы жылдардың ортасында қазақ тарихы бойынша көлемді еңбектер жазған тарихшы да. М.Тынышпаевтың өмірі мен шығармаларын зерттеп, ХХ ғасырдың 90-шы жылдарының басында оның шығармаларын жинақтап шығарған тарих ғылымдарының докторы, профессор А.С. Такенов пен Б.Байғалиев оның шығармаларын «Саяси тақырыптар», «Ғылыми жұмыстар» және «Өлкетанушылық зерттеулер мен экспедициялар» деп үш топқа бөледі.

М.Тынышпаевтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі оның ХХ ғасырдың 20 жылдарындағы шаруашылық өмірдегі басшылық қызметі, ағартушылық пен педагогтық, ғылыми салалардағы жұмыстары жеке-жеке арнайы зерттеулерді қажет ететін тақырыптарға жатады. Біз бұл мақаламызда тұлғаның ғылыми саладағы, оның ішінде Қазақстан тарихының ортағасырлардағы этносаяси мәселелері жөнінде пікірлеріне ғана тоқталамыз.

М.Тынышпаевтың Қазақстан тарихына қатысты ғылыми жұмыстары 1924-1927 жылдар аралығында жарық көреді. А.С.Такенов пен Б.Байғалиевтың М.Тынышпаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы жазған кіріспе мақалада оның ғылыми шығармашылығын былайша түсіндіреді: «Тынышпаевтың жұмыстары Түркістан мен Қазақстанның әртүрлі ғылыми қоғамдарының мәжілістерінде жиі талқыланып, баспаға ұсынылып отырылды. Ол Қазақстанды зерттеу қоғамы Сырдария бөлімінің құрметті мүшесі болды. 1927-1928 жж. арналған қоғамның жоспарында М.Тынышпаевтың 30 баспа табақ көлемінде орыс және қазақ тілдерінде «История казахского народа» атты кітабын шығару жоспарда тұрды. Өкінішке орай, автор архивының жойылуына байланысты осы қолжазбаның және тағы басқа да қолжазбалардың тағдырын анықтау қиынға түсіп отыр».

М.Тынышпаевтың қазақ тарихындағы ерекше назар аударған мәселелеріне – қазақ халқының шығуы, қазақ халқын құраған ру-тайпалардың ежелгі замандардан ХІХ ғасырға дейінгі тарихы, олардың ұрандары мен таңбалары, шежіресі, Қазақ хандығының құрылуы мен ХVІ-ХVІІІ ғғ. тарихы, жоңғарларға қарсы күрес мәселелері жатады. Бұл мәселелердің бәрін ортақ бір тақырыпқа жинақтасақ, онда ғалымды қызықтырып, қалам сілтеткен тақырыпты – қазақ халқының этносаяси тарихы деп атауға болады. Осы тақырып шеңберінде Қазақ халқы қашан пайда болған?, «қазақ» сөзі қандай мағына береді?, Қазақ хандығы қашан және қалай құрылған? деген сұрауларға ғылыми негізде жауап беруге болады. М.Тынышпаев осы мәселелерге жайдан-жай келе қоймаған секілді. Қазіргі күннің өзінде де бұл мәселелер жөнінде Отандық тарих ғылымы бір жақты жауап бере алмайды. Ал өткен ғасырдың 20-шы жылдарында бұл мәселелер әрбір көзі ашық, оқымысты қазақты қызықтыратыны белгілі. Ал ондай күрделі ғылыми мәселеге тек қана білімі мен біліктілігі, ізденімпаздығы мен парасаттылығы, ой-өресінің кеңдігі, сондай-ақ ұлтжандылығы басым адамдардың баратындығы белгілі жайт. Оған қоса 1924 жылы Ташкентте ашылған Қазақ Педагогикалық институтына оның оқытушы болып шақырылуы, онда белгілі шығыстанушы-ғалым, академик В.В.Бартольдпен жақын араласуы М.Тынышпаевтың қазақ

халқының этносаяси тарихы мәселелеріне қалам сілтеуіне әсер етсе керек. Осы жерде М.Тынышпаевтың В.В. Бартольдпен қарым-қатынасына байланысты мынадай бір жағдайды айта кетсек дейміз.

1925 жылы 2 желтоқсанда В.В. Бартольдтың «Түркістан Моңғол жаулаушылығы дәуірінде» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғауына 25 жыл толуына орай, ғалымның Түркістандық достары, шәкірттері мен оқытушылары оған сый ретінде ғалымды қызықтыратын тақырыптарға жақын өз мақалаларын жинақ ретінде шығаруды ойластырады. Әртүрлі жағдайларға байланысты жинақ тек 1927 жылы жарық көреді. Жинаққа енген 35 ғылыми мақала тарих, археология, антропология, этнография, филология, экономика және библиография атты жеті бөлімге жіктеліп беріледі. Тарих бөлімінде В.Вяткин, А.А. Семенов, А.Э. Шмидт секілді белгілі тарихшы ғалымдармен бірге М.Тынышпаевтың «Ақтабан-шұбырынды» атты мақаласы жарық көреді. Ал археология бөлімінен П.П.Иванов, М.Е.Массон, И.И.Умняков, Л.А.Зиминдермен қатар қазақ халқының XX ғ. басындағы келесі бір қайраткері Х.Д.Досмұхамедовтың Бұхарадағы Көгелташ медресесіне қатысты мақаласын көруге болады. М.Тынышпаев пен Х.Досмұхамедов мақалаларының бұл жинаққа енуі біріншіден, олардың академик В.В. Бартольдқа деген сый-құрметі мен онымен қарым-қатынасын көрсетсе, екіншіден, жинақты құрастыру үшін құрылған бастама топтың оларды ғалым ретінде мойындағанын көрсетеді.

М.Тынышпаевтың қазақ тарихына қызығушылығы студент кезінен бері пайда болса керек. 1924 жылға дейін ол әртүрлі қоғамдық, саяси, шаруашылық бағыттарда қызмет атқарса да, қазақ тарихына қатысты әдебиеттер мен материалдарды үнемі оқып-танысып, жинап жүргендігін, ол көтерген мәселелер мен қолданған әдебиеттерден көруге болады. Оған дәлел ретінде біз оның негізгі жұмыстарының бірі – «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар» (Материалы к истории киргиз-казакского народа) атты мақаласында пайдаланылған әдебиеттері мен деректерін жатқызамыз. Онда М.Тынышпаев 30-дан аса шығыстанушы-ғалымдардың (Харузин, Бартольд, Говерт, Аристов, Вамбери, Карамзин, Рычков, Фишер, Голубовский, Лэн Пуль-Стэнли,

Веселовский, Левшин және т.б. еңбектері мен 10-нан аса жазба деректер мен архивтік материалдарды (Әбілғазы, Карпини, Мұхаммед Салих, Тизенгаузен, Мұрат Мөңкеұлы, «Материалы по кигизскому землепользованию» атты статистикалық жинақтар және т.б.) пайдаланады. Осыншама әдебиеттер мен материалдарды игеру, оларды өте тиімді пайдалана білу белгілі бір дәрежеде тарихи дайындықты қажет етеді. Ол кәсіби тарихшы болмаса да, оның ғылыми жұмысқа осындай дайындықпен келуі – біріншіден, тарихқа деген оның қызығушылығын, екіншіден – оның білім деңгейін, үшіншіден – сол кездегі ғылыми ортаның әсерін көрсетеді. Оның ғылыми мақалаларын талдау барысында қазақ тарихының ең күрделі мәселелеріне терең бойлағанын көруге болады. Сонымен бірге ол өз ұлтының нағыз ұлтжанды азаматы ретінде ұлт тарихын теріс бұрмалағандарға, қате пікірлер айтып, кереғар тұжырым жасағандарға батыл тойтарыс беріп, олардың қателерін сынға алады.

Жалпы алғанда, М.Тынышпаевтың 1924-1928 жылдар ішіндегі ғылыми шығармашылығына сырттай баға бере келе, қазақ халқының тарихын зерттеуде өзіндік үлес қосқан деуге болады. Енді сол мәселелерге тоқталсақ.

М.Тынышпаевтың Қазақстанның ежелгі және ортағасырлардағы тарихын жетік білетіндігін оның А.П.Чулошниковтың («Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен») (Оренбург, 1924.) атты кітабына берген сын-ескертпеден көруге болады. 15 беттен тұратын ескертпеде ол 90-ға жуық автордың қателіктері мен кемшіліктерін, пікірлері мен тұжырымдарын көрсетіп береді. Солардың бір-екеуіне назар аударалық.

«62 бет. Автор Шыңғыс ханның наймандармен одағы туралы айтады, ал ол жөнінде ешбір тарихшы жазбаған, керісінше, наймандар Шыңғыс ханның бітіспес жауы болып, батысқа қашады, бірақ та олар монғолдарға бағынуға мәжбүр болған. Одан арғы Шыңғыс ханның күшею тарихы онша дұрыс баяндалмаған, ал кей жерлерде қате берілген».

«103 бет. Автордың айтуы бойынша бұл «қашқындар» (А.П.Чулошников «қашқындар» деп Керей мен Жәнібек сұлтандардың жанындағыларды айтып отыр – Б.К.)

ұйымдасқан мықты бірлік құру үшін өз араларында ерекше хандық биліктің қажет екендігін сезінген. Ең алдымен, автордың жазып отырған «бүлікшіл және ешкімге бағынбайтын қарақшылардың» кенеттен өз араларында күшті ұйымдасқан мықты хандық билікті құрмақ болды деген пікірін сынай келе», - М.Тынышпаев А.П.Чулошниковтың «барлық халықтардың, барлық елдердің дамуы тарихын экономикалық факторлар анықтайды, қазақтардың тарихына да бұл фактор қатысты деген бұған дейін айтылған ойы жаңа мемлекеттің қалыптасуында басты факторды қайдағы бір баскесер қашқындар атқарды деп жазуы ешбір қисынға сыймайды», - деп жазады. Осылайша, М.Тынышпаев А.П.Чулошников кітабының әр бетіндегі ой-пікірлерге қарсы сын айтып, өзіндік тұжырымдарын білдіріп отырады.

Ал сын-ескертпенің соңында мынадай жалпы қорытынды жасайды:

«1. Кітаптың төрттен бірінің қазақтарға қатысы жоқ.

2. Автор негізгі тарихи оқиғаларды түсінбеген, қазақ халқының шығуын білмеген, ру-тайпалық бөлінуді, олардың бір-бірімен өзара байланыстарын шеше алмаған, халық тарихы мен әулет тарихын шатастырған, басты оқиғаларға назар аудармай, ұсақ нәрселерге көп көңіл бөлген, тілді білмеуі үлкен кемшілік, аңыздарды тиімді қолдана алмай, терминдерді, теңеулерді (халық, тайпа, ру) ретсіз пайдаланған.

3. Тарихи оқиғаларды біресе материалистік дүниетаным тұрғысынан шығарса, біресе жеке адамдардың іс-әрекеттерінің нәтижесі деп қарастырады.

4. Түсініктемелердің, қосымшалардың көп бөлігін тікелей деректерден алғандай етіп көрсетеді және кейбір тұжырымдарды өзіндік етіп көрсетпесе болады, ал олардың бәрі дерлік Вельяминов-Зерновтың 2-ші кітабынан көшіріліп алынған.

5. 8 және 9 тараудың жекелеген тұстары ғана қағанаттанарлықтай жазылған.

Осыларды айта келе біз, А.П. Чулошниковтың кітабын салмақты ғылыми жұмыс деп есептемейміз.

20/II – 1925.

М.Тынышпаев».

М.Тынышпаевтың бұл сын-ескертпелерімен терең таныса келе мынадай ой-пікірлер айтуға болады.

Біріншіден, оның ежелгі және ортағасырлардағы қазақ тарихының тек өзекті, күрделі ғана емес, қарапайым мәселелерін де жетік білгендігін байқаймыз.

Екіншіден, сын-ескертпені ғылыми негізде жазуда В.В. Бартольдтың стилі мен ықпалының бар екендігі байқалады.

Үшіншіден, біздің ойымызша ең басты пікірге – М.Тынышпаев қазақ тарихы туралы кітап жазып, қазақ тарихының «атасы» атанбақ болған, сол арқылы қазақ халқының рухани байлығына қожалық етпек болған адамдарға қазақ тарихының жоғын жоқтайтын, көсегесін көгертетін адамдардың бар екендігін, қазақ тарихын, халықтың рухани байлығын сырттан келген ешкімге билеттіріп қоймайтындығын дәлелдеп көрсетеді. Мұндай қадамдар өз ұлтын, халқын сүйген, үлкен жүректі, терең білімді азамат-тұлғалардың ғана қолынан келсе керек.

М.Тынышпаевтың ғылыми жұмыстары ішіндегі ең іргелісі, ең көлемдісі және ғылыми жағынан ең маңыздысы – 1924 және 1925 жылдары Ташкент қаласындағы Орыс Географиялық қоғамының Түркістан бөлімінде оқылып, 1925 жылы «Материалы к истории киргиз-казакского народа» деген атаумен жарық көрген еңбегі. Еңбек 4 бөлімнен тұрады, жалпы көлемі – 76 бет. Бірінші бөлім – «Қырғыз-қазақ руларының шежіресі» (4-30 бб), екінші, негізгі бөлім – «Қырғыз-қазақтардың шығуы және Қазақ халқының құрылуы тарихы» (31-62 бб.) деп аталады. Үшінші бөлім (63 б.) – «Қырғыз-қазақтардың 1917 жылдағы саны» деп аталып, рулар мен уездер бойынша кесте түрінде берілсе, төртінші бөлімде (64-76 бб.) «Қазақ руларының шежіре-кестесі әр жүз, әр тайпа бойынша жүйелі түрде ұсынылады».

Енді осы еңбекте қарастырылған мәселелер бойынша М.Тынышпаевтың пікірлерін талдап көрелік.

Автор қазақ руларының шығу-тегі мәселесіне кіріспес бұрын тақырыптың маңыздылығын, өзектілігін көрсете келе, алдына мынадай мақсат қояды. «Қазақ халқының тарихы бойынша көп жазылған, солардың ішінде тек қана В.В. Вельяминов-Зернов пен А.Левшиннің зерттеулерін ең негізгілері деуге болады. Қалған авторлар олардан көшіріп

алған немесе тың ештеңе қоспаған. Тек Н.Аристов қана өзінің түрік халықтарының, оның ішінде қазақтардың да ру-тайпалық құрамына арналған зерттеуімен ерекшеленеді. Қазақтар туралы зерттеген авторлар әртүрлі деректерден тек «қазақ» сөзін іздестіріп, бұл тайпаға әрбір кезеңде түрік-монғол тайпалары қосылып отырған деп есептейді. Бірақ та ешкім қазіргі қазақ руларының қайсысы бұрынғы «қазақтардың» ұрпақтары екендігін анықтамады, тіпті оны мәселе етіп көтермеді. Аристов қазіргі қазақтардың тайпалық құрамын талдай отыра, жекелеген рулардың өткеніне қысқаша тоқталады. Қазақ халқын құраған әрбір тайпаның шығу-тегін алдын-ала қарастырмайынша, олардың қай кезеңде кіммен байланыста болғандығын анықтамайынша, қазақ халқының жалпы тарихи тағдырын білу мүмкін емес. Сол себепті де біз алдымызға қысқаша түрде хронологиялық тәртіппен әрбір рудың шығу-тегін баяндауды мақсат еттік».

М.Тынышпаевтың осы ұстанымының дұрыстығын қазіргі таңдағы тарих ғылымы дәлелдеп отыр. Кешегі кеңестік дәуірдегі тарихнамада ру-тайпалар тарихы арнайы зерттелмегендіктен, қазақ халқының этногенезі мәселесі алға жылжымай, шамалап айтқанда М.Тынышпаев кезеңіндегі деңгейде қалып қойды. Жекелеген зерттеушілер (С.Аманжолов, Х.Арғынбаев, М.Мұқанов, В.Востров) ру-тайпалар тарихы мәселелерін тек өздерінің тақырыптары шеңберінде қарастырады. Бүгінгі таңда «Алаш» ғылыми-зерттеу орталығы ғалымдарының 2003 жылдан бері қазақ халқын құраған әрбір тайпаның тарихын жеке-жеке зерттеп, том-том кітаптар шығаруы – ең алдымен, М.Тынышпаев ұстанған бағыттың, яғни «қазақты құраған әрбір тайпаның тарихын анықтау арқылы, қазақ халқының жалпы тарихын білуге бағытталған ең сенімді, ең дұрыс бағыт екендігін көрсетеді». Өкінішке орай, ғалымның кезінде айтқан пікірінің 70-80 жылдар бойы тарихшылар назарына еленбеуі Отан тарихының ең бір өзекті мәселесінің өте аз зерттелуіне әкеліп соқтырды.

Қазақ халқының шығу мәселесіне келгенде М.Тынышпаев сол жылдардағы тарих ғылымы үшін батыл тұжырымдар жасайды. Бұл мәселе жөнінде сол кезде екі пікір үстем болатын. Біріншісі – Константин Порфирородныйдың, парсы ақыны Фирдаусидың деректерінде кездесетін косоғ немесе

казактар – XV ғасырдағы қазақтардың арғы ата-бабалары, бірақ та ол екі қазақтың арасындағы генетикалық байланыс анықталмаған; екіншісі – қазақтар тарих мінберіне тек XV ғасырдың ортасында шыққан деген пікірлер. Басқа пікірлер ол кезде әлі пайда болмаған еді. М.Тынышпаев бұл мәселе бойынша бірінші пікірді қостайды да, одан кейін алдына X ғасырдағы косоғтар мен XV ғасырдағы қазақтар арасында генетикалық байланыстардың бар екендігін дәлелдеуді мақсат етеді. Осы жолда ол өзіне дейінгі авторлардың еңбектері мен орыс тіліне аударылған араб, парсы, шағатай, түрік, татар тілдеріндегі тарихи деректердің мәліметтерінде кездесетін «косоғ», «Казахия», «Кашек», «косоғ князі», «касах», «Озак», «Азак», тіпті б.э. I ғасырының тарихшысы Плинийде айтылатын «Азоки» атауын «Азак» сөзіне сәйкес келтіріп, Геродотта кездесетін «Алазон» атауын «Алшын» сөзімен байланыстыра келе, мынадай жалпы қорытынды жасайды: «Геродоттағы (б.э.д. V ғ.) «Алазондардың», Плинийдағы (б.э. I ғ.) «Азокилардың» «Алшындармен» және «қазақтармен» ұқсастықтары бар екендігін жоққа шығармаймыз. Ал Святослав пен Мстислав және Константин мен Фирдауси тұсындағы «косоғтар» мен XV ғасырдағы «қазақтар» арасында генетикалық байланыстың болғандығы сөзсіз деп есептейміз».

Қазіргі таңда Отандық тарихнамада бұл пікірдің негізсіз екендігі дәлелденіп отыр. Дегенменде өткен ғасырдың 20-шы жылдарында М.Тынышпаевтың бұл тұжырымы қазақ зиялылары арасында қызу қолдау табады. Өйткені, бұл жылдарда Алаш зиялылары саяси күресте жеңіліс тапса да, идеялық жағынан әлі де болса күресіп жатқан болатын. Саяси күрес ғылыми кеңістікке ауысып, онда Қазақстанның байырғы тұрғындары қазақтар, олар бұл жерде XV ғасырдан бері емес, одан ары 500, 1000 жыл бұрын өмір сүрген деген пікірді негіздеу қажет болатын. М.Тынышпаев өз пікірін «қазақ» сөзіне ұқсас атаулар арқылы дәлелдеуге тырысады. Қазіргі кездегі тарих ғылымы археологияның, ғылыми айналымдарға енгізілген тың жазба деректердің, сондай-ақ жаңа әдіс-тәсілдердің көмегі арқылы қазақ халқының шығу-тегін оғыз-қыпшақтармен (IX-XIII ғғ.), түрік тайпаларымен (VI-VIII ғғ.) сақ, үйсін, қаңлы, ғұндармен (б.э.д. VII – б.э. V ғғ.) байланысты екендігі толық анықталған. Олай болса, М.Тынышпаевтың сол

кездегі дәлелдеулері, қолданған тәсілдері қате болса да, түпкі ойының дұрыс екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр деуге болады. Ал сол жылдарда мұндай батыл ғылыми тұжырымды саяси, идеялық күрестерде әбден ысылған үлкен жүректі, өз елін сүйетін азаматтың ғана айта алатынын дәлелдеп жатуды артық деп санаймыз.

М.Тынышпаевтың ерекше ден қойып, назар аударған тағы бір маңызды тақырыбына – Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі мәселе жатады. Егерде ол мәселені қазақ халқының шығуы мәселесімен салыстырар болсақ, онда бірінші мәселе жөнінде әртүрлі авторлардың көптеген тұжырымдары болып оларды белгілі бір принциптерге сай топтастыруға болса, екінші мәселе жөнінде зерттеулер мүлде жоқ болатын. Тек қана В.В. Вельяминов-Зерновтың «Исследования и Касимовских царях и царевичах» атты еңбегінің екінші томына «Тарих-и Рашидиден» аударылған Керей мен Жәнібек хандардың Әбілқайыр ханнан бөлінуі жөнінде мәліметтер белгілі болатын. М.Тынышпаев болса Қазақ хандығының құрылуын сол дәуірдегі тарихи дамулармен, тарихи процестермен байланыстыра қарастырады. «Қазақ хандығының құрылу тарихы Алтын Орда тарихымен тығыз байланысты», - деп айта келе, М.Тынышпаев: «Сондықтанда қарастырып отырған мәселені ұғыну үшін Алтын Орда өміріндегі маңызды тарихи оқиғаларды қысқаша еске түсіріп, олардың Қазақ хандығының құрылуымен байланыстылығын көрсетейік», - деп жазады. Автордың бұл пікірі - әлі күнге дейін осы мәселе жөнінде дұрыс пікірлердің бірі деп саналады.

М.Тынышпаев Алтын Ордада Батый әулетінің билігі жойылғаннан кейін 20 жыл бойы Жошының үш ұлы: Орда Ежен, Шайбан және Тұқай Темір ұрпақтары арасында болған тақ үшін күрестерді – сарай төңкерістері деп, Алтын Орда ішіндегі соғыстарға жатқызбайды. Оның пікірінше, Алтын Ордадағы өзара соғыстар Орыс пен Тоқтамыс хандардың күресімен басталған. Бұл пікірмен келісе қою қиын. Бердібек ханның өлтірілуінен кейін көп ұзамай-ақ Алтын Орда екі бөлікке бөлініп, сол қанатта Орыс хан басқарған жеке Ақ Орда құрылса, оң қанатта тақ үшін таластардың жүргені белгілі. Тоқтамыс – Ақ Орда құрамындағы бір ұлысты (Маңқыстау) басқарған Тойқожа оғланның ұлы. Орыс хан мен Тоқтамыс

арасындағы күрестер – Ақ Орда тағы үшін болған соғыстарға жатады.

XV ғасырдың I жартысы – Алтын Орда тарихында саяси бытыраңқылықтың күшейіп, жекелеген хандықтардың құрылуымен ерекшеленеді. М.Тынышпаевтың көрсетуінше осы кезде Қазан (1439), Қырым (1449), Сібір, Әбілқайыр, Қазақ, Астрахан хандықтары және Ноғай Ордасы пайда болады. Оның пікірінше, осы жаңадан пайда болған мемлекеттер XV ғасырдың ортасынан бастап, жеке, дербес мемлекеттер ретінде қалыптасып болады да, олардың арасында болған соғыстар – көршілес мемлекеттер арасындағы соғыстарға жатады. Қазақ хандығының құрылуында осы мәселелер маңызды роль атқарады деген тұжырымды білдіреді ол. Бұл пікір оның жалпылама айтқан пікірі болса, Әбілқайыр хандығынан бөлініп, Моғолстанға көшіп келген Керей мен Жәнібек хандар – Қазақ хандығының негізін қалады деген пікірі – осы мәселе бойынша нақты пікірге жатады. М.Тынышпаевтың бұл нақты пікірі, әрине, сол кез үшін жаңалық болып саналмаса да, оның Қазақ хандығының құрылуын жеке, кездейсоқ, оқиғаның нәтижесі емес, керісінше, XV ғасыр ортасындағы тарихи дамулар процесінің қорытындысы деп қарастыруы – сол кез үшін тың ғылыми тұжырым болып саналады.

М.Тынышпаевтың Қазақ хандығының құрылуы мен қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы кезеңіне қатысты деректік жағынан дәлелденбеген бір ойының дұрыс екендігі қазіргі кезде расталып отыр. Ол былай деп жазған болатын: «Жәнібек пен Керейдің жанындағы рулардың басым бөлігі Барақ, Орыс және осы әулеттің хандарына бағынған. Олай болса, Жәнібек пен Керейді қолдаған рулар тобы басқалар айтып жүргендей кенеттен – 1456 жылы пайда болған жоқ, ол топ бірнеше ондаған жылдар бұрын пайда болған. Егерде ол жөнінде тарихи деректерде айтылмаса, оның себебіне оған ешкімнің назар аудармауы жатады».

XX ғасыр басында, яғни М.Тынышпаевтың кездерінде қазіргі бізге белгілі көптеген тарихи шығармалар, атап айтсақ, «Тарих-и Абулхайр-хани», «Михман-наме-йи Бухара», «Маджму ат-тауарих», «Тауарих-и гузида-йи нусрат-нама» және т.б. тарих ғылымына белгісіз еді немесе олардың

мәліметтері ғылыми айналымға енгізілмеген болатын. Егерде осы аталған шығармалардың мәліметтері XX ғасыр басында белгілі болған болса, онда М.Тынышпаев жоғарыда болжам ретінде айтқан ойын ғылыми негізде сол жылдарда-ақ ғылыми негізде керемет дәлелдеп берген болар еді. Осы жолдардың авторы өзінің соңғы жылдардағы зерттеулерінде М.Тынышпаев ойларының дұрыс екендігіне көзін жеткізді. Біз сілтемеде көрсетілген еңбектерімізде XV ғасырдың бірінші ширегінен бастап Шығыс Дешті Қыпшақта өмір сүрген тайпалардың жалпылама атаумен «көшпелі өзбектер» деп аталғандығын, Ахсикенти олардың 92 тайпадан тұратындығын, Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани оларды «шибандықтар», «маңғыттар» және «қазақтар» деп үшке бөлгендігін деректерге сүйеніп айтып өткенбіз. Сондай-ақ 92 тайпаның қайсыларының осы үш топқа жататындығын қарастыра келе, біз Жалайыр, Арғын, Алшын, Қыпшақ, Керей, Қоңырат, Найман және т.б. тайпалардың үшінші топқа жататындығын анықтадық. «Қазақтар» деген атауды Рузбихан Қазақ хандығы құрылып, қазақ атауы этникалық мәнге ие болғаннан кейін, 16 ғасырдың басында (1509 жж.) қолданғандығын, ал «көшпелі өзбектердің» 15 ғасырдың бірінші жартысында-ақ үш топқа бөлінгендігін ескере келе, біз үшінші топтағы тайпалар тобын «ордаежендіктер» деп шартты түрде атадық. Өйткені «шибандықтар» деген атауды Рузбихан Шибан Ұлысы аумағында өмір сүріп, осы әулетті қолдаған тайпаларға қатысты айтса, біз де Орда Ежен Ұлысы аумағында өмір сүрген, осы әулетке адал болған жоғарыда аталған тайпаларды әулет атауымен байланыстырып атадық. Алшын, Арғын, Қыпшақ тайпалары XIII ғасырдың басына дейін жалпы атаумен қыпшақтар деп аталып, Дешті Қыпшақтың негізгі тұрғындары болса, Жалайыр, Найман, Қоңырат, Керей және т.б. түрік тілдес әрі түрік тектес тайпалар монғол шапқыншылығына байланысты Қазақстан аумағына қоныс аударып, жергілікті тайпалармен етене тығыз араласады да қыпшақтану процесін өткереді. XIII ғасырдың 20-шы жылдары бүкіл Монғол империясы Ұлыстарға бөлінген кезде Шығыс Дешті Қыпшақтың басым бөлігі Жошы ұлысының құрамына енгізіледі. Өз кезегінде Жошы Ұлысы өз ішінде үш ұлысқа бөлінген тұста Ертіс өзенінен Ырғыз-Торғайға дейінгі жерлер

Жошының үлкен ұлы Орда Еженге беріледі. Рашид ад-диннің деректерінен біз жоғарыда аталған тайпалардың Орда Ежен ұлысында өмір сүргендігін көреміз. Орда Еженнен бастап Орыс хан, Барақ хандарға дейін бұл тайпалар ұлыс аумағында өмір сүріп, Ұлыс тарихына (кейіннен Ақ Орда) өз үлестерін қосады. Сөйтіп, бірнеше ғасыр бойы бір ұлыста өмір сүріп, бір әулетке бағынғандықтан жоғарыдағы аталған тайпалар басқа әулетке бағынған тайпаларға қарағанда сәл болса да ерекшеленіп тұрады.

XV ғасырдың 30-шы жылдарына таман шайбанилық Әбілқайыр хан өз ұлысында билікке келіп, алдыменен бірнеше жыл бойы күресу арқылы Шайбан Ұлысын біріктіреді, маңғыттар олармен одақтасады. Ал 1440 жылдардың соңында Әбілқайыр бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақты саяси жағынан біріктіріп, ортақ этно-саяси кеңістікті қалыптастырады. Саяси жағынан алғанда ол мемлекет - Әбілқайыр хандығы делінсе, этникалық жағынан – «көшпелі өзбектер» құрамындағы» XVI ғасырдың басында «қазақтар» деп аталған үшінші топтағы тайпалар – «ордаежендік» тайпалар болған. Осы ордаежендік тайпалар Орыс ханның шөберелері – Керей мен Жәнібек хандарды қолдап, Моғолстан жаққа көшеді де, жаңа хандықтың этникалық негізін қалайды. Біз бұл айтып отырған пікірлерімізді сілтемеде көрсеткен еңбектерімізде қарастырып, деректер арқылы дәлелдеп көрсеткенбіз.

М.Тынышпаев айтып отырған Керей мен Жәнібекті қолдаған тайпалар бірлестігі кенеттен, 1456 жылы бірден пайда бола қойған жоқ, кем дегенде, одан бірнеше онжылдар бұрын пайда болған деген ой-болжамын біз, осылайша бірнеше онжылдарға емес, бірнеше ғасырларға дейін апарып, дәлелдедік. Ғалымның осыдан 80 жыл бұрын айтқан ойының дұрыстығы қазіргі кезде осылай дәлелденіп отыр.

Енді жоғарыда айтқан ой-пікірлерімізді жинақтай келе, мынадай қорытындылар жасаймыз.

Біріншіден, М.Тынышпаевтың А.П. Чулошников кітабына берген сын-ескертпесі оның білім-деңгейін, мәселені терең білетіндігін, көзқарасы мен ұстанымының беріктігін көрсетсе, сонымен бірге қазақ тарихының егесі қазақ жұртының өкілі екендігін, ал басқаларға жалған, өтірік, ғылыми дәлелденбеген пікірлер айтуға жол бермейтіндігін ескерткені деп түсінеміз.

Екіншіден, М.Тынышпаев қазақ халқының тарихын оны құраған ру-тайпалардың тарихын зерттеу арқылы ғана білуге болады деген ұстанымды берік ұстап, алғаш рет жүйелі түрде қазақ ру-тайпаларының тарихын ғылыми негізде алғаш рет зерттеуге кіріседі. Қазақ тайпаларының тарихын б.з.д. V-VI ғасырларына дейін апарады. Қолданған әдістерді қате болса да, өз заманы үшін маңызы өте жоғары болып саналған X ғасырдағы «косоғтар» мен XV ғасырдағы «қазақтар» арасында генетикалық байланыс бар деген ғылыми тұжырым жасайды.

Үшіншіден, ол Қазақ хандығының құрылуын Алтын Орданың ыдырауы кезеңіндегі тарихи процестер барысында болған деп ой айтады да, нақты түрде Әбілқайыр хандығынан бөлінген Керей мен Жәнібек хандардың негіз қалағандығын тағы да дәлелдеп береді.

Төртіншіден, оның Керей мен Жәнібек хандарды қолдаған тайпалар тобының бір мезгілде қалыптаса қойған жоқ, кем дегенде одан бірнеше ондаған жылдар бұрын қалыптасқан деген ғылыми болжамы қазіргі таңда дәлелденіп отыр.

Осылайша, М.Тынышпаев секілді XX ғасыр басындағы Алаштың ардақты азаматтары бар мүмкіндіктерінше еліне, халқына бар салада адал қызмет етіп, қазіргі кездегі әрбір қазақ азаматына үлгі боларлықтай өнеге көрсетіп кеткен дейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қараңыз: Тынышпаев М. История казахского народа. Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б. – Алматы, 1993. -224 б.
2. Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа (Читаны в Туркестанском Отделении Русского Географического Общества в 1924 и 1925 гг.). – Ташкент, 1925. -76 бет.; Тынышпаев М. Киргиз-казаки в XVII-XVIII веках. (Дополнение к «Материалам к истории киргиз-казакского народа»). – Кзыл-Орда, 1926. -14 бет.; Тынышпаев М. Отзыв о труде А.П. Чулошникова по истории казак-киргизского народа. – Кзыл-Орда, 1926. - 15 бет.; Тынышпаев М.Т. Ак-табан-шубырынды. (Великие бедствия и великие победы казахов). Мына жинақта: В.В. Бартольд Туркестанские друзья, ученики и почитатели. – Ташкент, 1927. -57-67 бб.
3. Тынышпаев М. История казахского народа. -12 б.
4. Қараңыз: В.В. Бартольд Туркестанские друзья, ученики и почитатели. – Ташкент, 1927.
5. Тынышпаев М.Т. Ак-табан-шубырынды. (Великие бедствия и великие победы казахов). Мына жинақта: В.В. Бартольд Туркестанские друзья, ученики и почитатели. -57-68 бб.

6. Тынышпаев М.Т. Ак-табан-шубырынды. (Великие бедствия и великие победы казахов). Мына жинақта: В.В. Бартольд Туркестанские друзья, ученики и почитатели. -193-196 бб.
7. Тынышпаев М. Отзыв о труде А.П.Чулошникова по истории казак-киргизского народа. – Кзыл-Орда, 1926. -4 б.
8. Тынышпаев М. Отзыв о труде А.П.Чулошникова по истории казак-киргизского народа. -6 б.
9. Тынышпаев М. Отзыв о труде А.П.Чулошникова по истории казак-киргизского народа. -14-15 бб.
- 10.Қараңыз: Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. – Ташкент, 1925. -76 бет.
- 11.Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. -3 б.
- 12.Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Тама. І том. Бірінші кітап. – Алматы, 2005. -364 бет., Екінші кітап. -648 бет., Үшінші кітап. -452 бет.; Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Табын. ІІ том. Бірінші кітап. – Алматы, 2006. -424 бет., Екінші кітап. -608 бет.; Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Жалайыр. VIII том. Бірінші кітап. – Алматы, 2007. -488 бет., Екінші кітап. -654 бет.; Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Арғын. IX том. – Алматы, 2007. Бірінші кітап. -434 бет., Екінші кітап. -500 бет., Үшінші кітап. -660 бет.; Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Найман. X том. Бірінші кітап. – Алматы, 2008. -457 бет., Екінші кітап. -436 бет., Үшінші кітап. -430 бет.; Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Дулат. XI том. Бірінші кітап. – Алматы, 2008. -466 бет., Екінші кітап. -576 бет.
- 13.Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. -32-33 бб.
- 14.Қараңыз: Қазақстан тарихы. Көп томдық. II т. – Алматы, 1998. - 295-296 бб.
- 15.Қазақстан тарихы. Көп томдық. II т. -264-299 бб.
- 16.Вельяминов-Зернов В.В. Исследования о Касимовских царях и чаревичах. Ч.2. – СПб., 1864. -139 б.
- 17.Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. -41 б.
- 18.Сонда, -41 б.
- 19.Сонда, -45 б.
- 20.Кәрібаев Б. 15-16 ғғ. Дешті Қыпшақ тайпалары // Алаш тарихи-этнологиялық ғылыми журналы. - №2 (2), 2005. -30-39 бб.; Кәрібаев Б. Тоқсан екі баулы «көшпелі өзбектер» // Қазақ тарихы. - №5, 2007. 3-7 бб.

* * *

В данной статье рассматривается работа М.Тынышпаева «Материалы к истории киргиз-казакского народа» как источник по истории средневекового Казахстана.

* * *

The author in the article examines “Materials on history of the Kirghiz-Kazak people” of M.Tynyshpaev as a historical source on history of Kazakhstan of the Middle Ages.

Ауанасова Б.М.

к.и.н., главный научный сотрудник,
начальник отдела мониторинга и
анализа мировой религиозной ситуации
Международного центра
культур и религий МЮ РК

ИСТОРИЯ ИСЛАМА В РАБОТАХ КАЗАХСТАНСКИХ ИССЛЕДОВАТЕЛЕЙ

С начала 1990-х годов новейшая отечественная историография рассматриваемой проблемы начала быстро расти, пополняясь новыми работами, авторы которых коренным образом пересматривали традиционную концепцию религиозной политики советского государства.

Провозглашение республикой независимости полностью раскрепостило творческий потенциал отечественных исследователей. Появилась целая плеяда ученых-этнографов, историков, религиоведов плодотворно работающих в своих областях.

К середине 90-х годов были обозначены проблемы, ставшие позднее предметом острых дискуссий: какова роль и перспективы ислама в обществе, основные тенденции его развития?

Попытки ряда авторов на основе тщательного анализа фактического материала привязать разработанные теоретико-методологические положения об общих закономерностях развития ислама к местным условиям привели к вполне обоснованному выводу об особенностях этой религии в Казахстане. За относительно небольшой отрезок времени в республике было опубликовано большое количество разных по назначению и научной ценности книг, статей, обзоров и сообщений по исламоведческой проблематике. Некоторые из авторов ставили своей задачей познакомить читателя с историей возникновения, распространения и развития религии в Казахстане. Но в основном делались попытки более серьезного научно-исторического анализа. [1, с.19]

Отход от единообразной историографической традиции советского периода привел к формированию различных концепций и точек зрения по ключевым вопросам истории и роли исламской религии в казахстанском обществе. Переоценка важнейших вопросов, которые, казалось, были решены в прежней исторической науке, происходит в русле цивилизационного подхода, отказа от европоцентризма и соответствующей идеи миссионерской роли христианского Запада.

Современные ученые выстраивают принципиально новую концепцию истории ислама. Так, работа Н.Нуртазиной «Ислам в истории средневекового Казахстана», посвящена вопросам распространения ислама в Казахстане в VIII-XVIII веках, соотношения ислама и номадизма, роли суфизма, влияния шариата на культуру народа в период Казахского ханства. В монографии рассмотрены социальные и политические функции религии в казахском обществе. Ислам как вера, этика, философия, право, образ жизни, обрядность впервые стал объектом неидеологизированного научного исследования в отечественной науке [2].

По мнению Н.Д. Нуртазиной ислам имеет предпосылки стать интегрирующим фактором духовно-нравственного и социального возрождения страны [2, с.8]. Казахстан является многонациональным государством, где 70 % населения составляют мусульмане. Ислам в последние годы значительно упрочился организационно, торжественно отмечаются мусульманские даты и праздники. И все же очень трудно представить себе тот сценарий, который прогнозирует Н.Д. Нуртазина. Казахский народ, который является стержнем государства, ориентируется на другие ценности своей культуры, такие как народ, земля, страна, язык, национальные традиции, история.

В работе З.Садвакасовой «Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (II половина XIX - начало XX веков)» раскрыт характер, масштабы колонизаторской политики в сфере образования и религии.

Вместе с тем, автор сумела продемонстрировать влияние ислама на духовную жизнь казахского народа, которое под давлением не ослабело, а возросло [3].

Эволюция государственно-конфессиональных отношений в различные периоды истории страны рассмотрена в работе А. Султангалиевой «Ислам в Казахстане: история, этничность и общество». В монографии раскрыт вопрос взаимосвязи этнического и религиозного компонентов сознания казахского народа. По ее мнению, в советское время «религия сыграла большую роль в сохранении этнической идентификации, тогда как язык терял корни в народе. Но не о безбожии народа мы заговорили в начале 1990-х, а о потере казахского языка» [4, с.112].

Отметим работы историков, чьи труды посвящены советскому периоду. Это кандидатские диссертации Е.М. Новопольцевой, А.Т. Таирова, А.С. Тасмагамбетова [5]. В указанных работах авторы уделили большое внимание политике государства и партии в отношении религии, структурному и организационному развитию религиозных институтов в республике. А.С.Тасмагамбетов и Е.М.Новопольцева избрали объектом исследования наиболее сложный период взаимоотношений между государством и церковью, с момента прихода к власти большевиков и вплоть до начала Отечественной войны. Анализ государственно-конфессиональных отношений в 1920-40-е годы показал репрессивный характер политики государства в отношении ислама в Казахстане.

В свою очередь, А.Т. Таиров попытался дать оценку деятельности духовенства в перестроечный период и начала независимости, ибо именно в это время усиливаются религиозные настроения среди населения. Последний из авторов дал ретроспективный анализ религиозной политики государства с 1917 по 1985 годы, отметив ее общие закономерности.

При небольшом количестве достаточно полных исследовательских работ, монографий по историческому

анализу состояния религии в советский период в 1941-1991 гг. большое значение имеют статьи аналитического характера. На страницах журнала «Наука и религия» с конца 1980-х годов стало выходить большое число публикаций по нашей теме. Статья казахстанского ученого Г.Лупарева «Отделение церкви от государства: советские и постсоветские реалии», опубликованная в журнале «Мысль» в 1995 году была одной из первых попыток анализа нормативно-правовой базы религиозных отношений в республике.

Говоря об особенностях современной религиозной ситуации в Казахстане, известный казахстанский исследователь М.Х. Абусеитова отмечает, что «в целях выхода из состояния неинформированности и формирования цивилизованного понимания и восприятия ислама необходимы тщательно продуманные формы и принципы освоения тем, связанных с исламом. А это требует научно-политического осмысления религиозных проблем» [6].

В вышедших в 90-х – начале 2000-х годов монографиях, сборниках и отдельных статьях на основе привлечения большого количества источников и исследований анализируются историческое место и значение ислама в этнокультурном развитии казахского этноса в разные временные периоды, влияние суфизма на формирование мировоззрения народа, причины и предпосылки распространения мусульманских движений и течений в регионе, их цели, характер и движущие силы, внутренние и внешние факторы их активизации [7].

В 90-х годах появились исследования, положившие начало социологизации исламоведения применительно к современному Казахстану [8].

Работа С.Ажигали «Религиозность и обрядность сельчан Казахстана в ближайшей перспективе: Жетысу, середина 1980-х годов» основана на материалах социологических исследований в Казахстане [9]. Автор изучил тенденции в религиозной жизни советского общества, провел

сравнительный анализ религиозности населения Жетысу по социально-профессиональным, этническим группам.

На рубеже тысячелетий исламоведческая проблема стала рассматриваться в контексте «исламского экстремизма и терроризма». Глубокому анализу подверглись политико-правовые принципы исламской религии в целом, мусульманские движения и течения. Тенденция к переосмыслению причин и характера активизации религиозного экстремизма и терроризма, отношений между государством и религией прослеживается в работах историков, социологов, политологов, философов [10].

Казахстанские исследователи уделяют мало внимания периоду между началом 1940-х годов и обретением независимости. На наш взгляд, у историков утвердилось мнение о массовой нерелигиозности мусульман в этот период, об отсутствии серьезных притеснений верующих со стороны властей. Подобные рассуждения не до конца верны, и являются слабым аргументом в игнорировании проблемы. В отечественной науке не должно быть «белых пятен». Логика развития исламоведения и историографии требует восполнить существующие проблемы.

Список использованных источников

1. Джалилов З.Г. Ислам и общество в современном Казахстане. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. - 199 с.
2. Нуртазина Н.Д. Ислам в истории средневекового Казахстана: (Историко-культурологическое исследование). - Алматы: Фараб, 2000.- 309 с.
3. Садвакасова З.Т. «Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (II половина XIX - начало XX веков)». – Алматы, 2005.- 277 с.
4. Султангалиева А. Ислам в Казахстане: история, этничность и общество. – Алматы, 1996. – 173.
5. Новопольцева Е.М. Партийно-государственная политика в отношении религии, церкви и верующих в 1917-1937 гг. (на материалах Казахстана). Дисс. на соиск. уч. степени канд. ист. наук. - М., 1993.- 180 с.; Таиров А.Т. Религиозные организации в общественной жизни Казахстана (1985-1993 гг.) Дисс. на соиск. уч. степени канд. ист. наук. - СПб., 1994.- 179

- с.;Тасмагамбетов А.С. Политика Советской власти в отношении ислама в 1917-1940 гг. Дисс. на соиск. уч. степени канд. ист. наук. - Уральск, 1998. -220 с.
6. Абусейтова М.Х. К проблеме изучения истории ислама в Казахстане// Ислам: история и современность. Материалы международной конференции. Алматы, 2000. с.23-24.
7. Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды и казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX-XX вв.). Алматы, 1992;Толбаева Ж. Агиографические сочинения как источник по истории духовной культуры казахского народа// Ученые записки Академии экономики и права. Алматы, 2003 № 5; Трактат о святых Мадинат ал-Байда и Испиджабе//Вестник КазНУ. Серия историческая. Алматы, 2003. № 3 (30).; Султангалиева А.К. Ислам в Казахстане: история, этничность и общество. - Алматы: КИСИ, 1998.- 188 с.
8. Косиченко А.Г. Религиозная ситуация в Республике Казахстан//Analitys. 2001. № 4-5; Курганская В.Д. мониторинг религиозной ситуации в Республике Казахстан// Казахстан-спектр. 2002. №3 и др.
9. Ажигали С.Е. Религиозность и обрядность сельчан Казахстана в ближайшей перспективе: Жетысу, середина 1980-х годов// Обычаи и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сб.ст. – Алматы, 2001. – 428 с.; с. 35-98.
10. Акимбеков С. Афганский узел и проблемы безопасности Центральной Азии. Алматы, 1998; Нысанбаев А.Н. Проблемы духовно-нравственной безопасности Казахстана// Саясат. 1999. №6; Тажин М.М. Национальная безопасность Казахстана: новое понимание, новый подход// Analitys. 2000.№ 1; Бурханов К.Н., Карин Е.Т., Сатпаев Д.А., Давыдова И.М. Экстремизм в Центральной Азии. Алматы, 2000; Ашимбаев М., Косиченко А., Султанов Б., Шоманов А., Бегалиев Н., Нурмухамедов Б. Современный терроризм: взгляд из Центральной Азии. Алматы, 2002; Жусипов б. Республика Казахстан: проблемы политики безопасности. Алматы, 2001; Лаумулин М. Центральная Азия после 11 сентября// Центральная Азия и Кавказ. 2000. № 4 (22) и др.

* * *

This article reflects the works of kazakhstanian researchers with respect to the history of Islam.

* * *

Бұл мақалада қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде ислам тарихы туралы айтылған.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ИДЕЙНЫХ ОСНОВ НАРОДНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНЫХ ДВИЖЕНИЙ

В XVIII веке территория Казахстана вошла в состав Российского государства. В результате этого казахи оказались включенными в орбиту экономического и политико-правового влияния России, попали в колониальную зависимость.

В процессе присоединения Казахстана к России наряду с системой покровительства конформированных страт и подавления инакомыслия, территориально-общинных и социально-определенных структур, важное и самостоятельное значение в социальной организации приобрела государственно-административная и колониальная система управления краем, которая лишила казахский народ его государственности, а территория была разорвана на части. Традиционная система социальных отношений была постепенно преобразована в удобные режиму инструменты по принуждению масс народа.

В традиционном казахском обществе не существовало режима деспотии – типично восточного правления, но в тоже время не было и не могло быть и всевластия демократического права, так как не существовало необходимого для этого развитой демократической, правовой культуры. Как представляется, казахское общество функционировало как гражданское, потому как поведение его рядового члена регулировалось при помощи определенных правил «степной демократии», хотя содержание и характер властных отношений определялись классическими казахскими традициями государственного управления.

«Степная демократия» кочевников выступает формой патриархального демократизма в традиционном казахском

социуме и феномен кочевнической демократии основывается на следующих положениях:

1. Свободолюбивый образ жизни кочевников - основа степной демократии; неоспоримость мнения биев, султанов, батыров, аксакалов на всенародных решениях.
2. Суверенность власти народа как хранителя морально-нравственных традиций; соблюдение традиционных норм, правил, ритуалов при проведении выборов должностных лиц.
3. Наследственный характер власти ханов при соблюдении порядка выборности; при этом необязательность прямого наследования.
4. Слабость централизованной власти ханов и сила самоуправляющихся органов (старейшин, аксакалов, родоначальников и старшин), в основе выборности которых положен авторитет;
5. Состязательность в искусстве политического управления среди всех страт казахского общества.

Свободолюбие казахов проявлялось в незакабаленности деспотическими устоями, в сравнительной свободе, в уважительном отношении к личности и отсутствии раболепного поклонения власти.

Весьма примечательно, что верховая власть не выступала тотально всевластной структурой, она сочеталась с высшей судебной властью – биями, терпимо относилась к стремлению людей соблюдать свои права и индивидуальные свободы. С приходом русской власти, вместо демократической культуры, укоренившейся в менталитете, духе и исторической памяти казахского народа, создаются принципиально новые политико-правовые нормы военно-бюрократической власти, где сила шла впереди права и постепенно возобладали авторитарно-властные механизмы царской власти в отношениях власти и права.

Колониальные устремления царизма в Казахстане стали проявляться достаточно быстро и открыто. Так, не успев как следует закрепить свои позиции на границе с Казахстаном царизм принял ряд указов, уставов и других решений резко ограничивших и ущемлявших экономические, социальные и

политические интересы практически всех слоев казахского общества. 19 октября 1742 года начальник Оренбургской комиссии И.Неплюев издал указ, запрещающий всем казахам кочевать близ реки Яик, Яицкого городка и строящихся крепостей, при этом был дан приказ войскам в случае нарушения казахами требований указа поступать с "такowymi повелено как с противниками высочайших е.и.в. указов поступать" [1]. В 1756 г. был издан рескрипт о запрещении казахам Младшего жуза переходить на внутреннюю сторону, т.е. перегонять скот в зимнее время на правый берег Яика [2]. Уже, когда была образована Внутренняя (Букеевская) орда, казахам настрого было запрещено переходить через Яик и прикочевывать к прибрежной полосе, одновременно запрещалось рыбная ловля на Урале и в Камыш - Самарских озерах, а также добыча соли из степных солёных озёр; царское правительство издало указ об устройстве кордона от Астрахани по берегу Каспийского моря до устья реки Урал для «недопущения киргиз-кайсаков переезжать границу», так как казахи в зимнее время по льду моря со своими стадами скота переходили на внутреннюю сторону для зимовки в песках Нарынкумы, богатых пастбищами .

Признавая несправедливость полного отторжения пространства плодородных пастбищ из пользования казахских общин и закрепления за русским населением, указом Александра 1 было преобразовано в начале XIX века Уральское казачье войско, а затем и Оренбургское казачье войско, расположенные вдоль линии в крепостях, редутах, форпостах и просто укреплениях, представлявшие «бронированный кулак» самодержавия в военной колонизации казахских земель и подавлении народных восстаний.

В результате проводимых ограничений во власти падал и авторитет биев, а также многих старшин. В необозримом прошлом, среди множества разных событий, многочисленных фактов важное место отводилось роли казахских степных законников – биев – в собирании обычных правовых норм и преобразовании их в законы и в реализации судебной власти снизу доверху. Важного правового стержня, на котором держался порядок в традиционном казахском обществе. В истории казахского судопроизводства роль биев трудно переоценить и именно, благодаря им не только казахи, избегавшие русского суда, но и сами русские неоднократно

обращались к суду биев и подчинялись их законности, правда, в более поздние времена.

Таким образом, если первоначально царское правительство в нормативных актах по управлению казахами сохраняло традиционные формы действия старых, привычных законов, то впоследствии в издаваемых указах усиливалась роль государства в судебных делах и вводились различного рода ограничения, которые не служили делу защиты прав казахов, а наоборот еще больше их ограничивали.

Бұл мақалада XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ұлттық буржуазияның қоғамдық-саяси өмірге тартылу үрдісі проблемасының тарих ғылымының қазіргі кезеңінде сын тұрғысынан қайта пайымдалуы көрсетіледі.

* * *

The given article shows critical recomprehention in modern period of historical science problems of implication process of national bourgeoisie in social-political life in the end of XIXth and in the beginning of XXth .

М.С. Касенов

т.ғ.к., ҚР тарихы кафедрасының аға оқытушысы
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

ОРТА ҒАСЫРЛЫҚ САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫНДАҒЫ САУДАНЫҢ ДАМУЫ

Сарайшықтың жылдам өркендеп, ірі сауда және мәдени орталыққа айналуына, оның Азия мен Европаны байланыстырған сауда жолында орналасуы болды. Өте қолайлы, тоғыз жолдың торабына орналасуы қаланың тез өркендеуіне, себеп болды. Сауданың дамуынан қала тез өркендеп, аты шартарапқа жетті.

Саяхатшылар, елшілер, жиһангездер, ғалымдар, миссионерлер, саудагерлер, әскерлер қалаға соқпай өтуі мүмкін емес еді. Жүздеген керуендер Сарайшық арқылы өтті. Батыс пен Шығысқа жол тартты. Керуен жолдардың сораптары әр тарапқа кетті. Қаладан шыққан керуендер бағыты туралы әр түрлі пікір бар.

Сарайшық ірі сауда орталығы болғаны туралы Ә.Х.Марғұлан былай дейді: «Феодализм туып, көркею заманында және осыған байланысты халықаралық сауда мен айырбастық жандануына сәйкес, сауда жолдарының бойынан елді мекендер пайда болып отырған. Бұлар тіпті географиялық қолайлы орналасу жағдайларына байланысты экономикалық жағынан іріленіп, көрікті қалаларға да айналып, тарихи дамуымызда елеулі із қалдырған. Сондай жолмен Қазақстан территориясында пайда болған «Ортағасырлық қалалардың бірі – Сарайшық» (1).

Ә.Х.Марғұлан 1951 жылы Бүкіл Одақтық археологтардың кеңесінде жасаған «Сарайшық қазбалар атты баяндамасында»: «Сарайшық қаласы XIII ғасырдың II - жартысынан бастап, XV ғасырдың басына дейін Алтын Орданың ең басты қалаларының бірі болды және Шығыс Европа мен Орта Азияны, Қытайды өзара байланыстырған керуен жолының өте маңызды түйініне айналды»- деп баяндады (2).

Шығыс пен Батысты жалғастырған жолдар Сарайшыққа соқпай өтпейтін. Сауда жолы Шығыс пен Батысты жалғастырған жол болды. Бұл жолдың бағыты туралы пікірлерде азғантай ауытқулықтар бар.

Г.Рубруктың Қазақстан арқылы Мунке ханға өткен жолын Е.И.Агеева мен Г.И.Пацевич былайша көрсеткен «Еділден өтіп ол Жайыққа жеткен, оның төменгі ағысындағы (шамасы төменгі Сарайшық қаласы төңірегі) өткелден өтіп Ақтөбе немесе Темур қалаларының шығыс жағымен Торғайдың төңірегінде оңға бұрылып, Ұлытау арқылы, сонысын Қара-Кеңгір мен Сарысуды жағалап барып Қаратаудың солтүстік беткейіне, оны жағалап – Созақ, Шолақ қорған, Байқадамға Таластың төменгі ағысындағы Кинчатқа жеткен. Шамасы бұл қаланы (Кинчат) Таластың төменгі ағысындағы Тектурмыс немесе Шаруашылық қалаларымен баламалауға болады»-дейді (3).

Бұл жолды археолог Л.Б.Ерзакович былай көрсетеді: «Г.Рубрук Еділ мен Жайықтағы өткелден өтіп Арал теңізінің солтүстік жағалауы арқылы Сарысудың төменгі ағысына шыққан, сосын Қаратаудың солтүстік беткейі арқылы Шудың орта ағысына, Іле өзеніндегі өткелге жеткен. Одан әрі қарай Солтүстік Жетісудағы Эквиус және Қойлық қалалары арқылы Жоңғар Алатауы бөліктерімен Алакөлге онан әрі Тарбағатай арқылы Ертіс өзенінен өткен» (4).

Ә.Х.Марғұлан Г.Рубрук саяхатының жолдарын зерттеп, оның Сарайшық өткелінен өткенін көрсетеді. «Сарайшық қаласы төңірегіндегі өткелден өткен Г.Рубрук Ырғыз, Торғай өзендерінің төменгі ағыстары арқылы Құрдымға жеткен, онан әрі Ұлытаудың оңтүстігіне іліккенде Бетпақдаланы бойлық бойынша кесіп өткен, ең ежелгі керуен жолдарының бірі - Жетіқоңыр немесе Кендірлік жолына шыққан болса керек. Отырардан басталған бұл жол Түркістан, Созақ қалалары арқылы, Жетіқоңыр құмына Ұлытау арқылы Нұра өзенінің төменгі ағысына, оны жағалап барып Есіл өзеніндегі Қараөткелге жеткен» (5).

Гильом Рубруктың бұл саяхаттық жолын профессор М.Елеуовте осы бағыт арқылы жүргенін қуаттайды (6).

Бұл жолмен 1254 жылы Батый сарайынан Қарақорымға барған Килийск Армениясының патшасы І Гетум жүрген. «Из

ставки Батыя Гетум поехал на восток, переправился через р.Айех (Яик-Урал) и прибыл в Ор» (7).

Саяхатшылар мен елшілер жүрген бұл жол кейін сауда жолына айналды. «Еще один путь проходил через Сарайчик, Ургенч, Бухару, Кашгар» - деп жазады сауда жолын зерттеушілер В.В.Бадян мен А.М.Чиперас (8).

Батыс Европа монғол шапқыншылығына дейін алыстағы шығысқа қызықпаған. Монғолдардың жаулап алуынан кейін Европалық саяхатшылар, саудагерлер Ресей, Алтын Орда арқылы Шығысқа, Қытайға жетті. Бұдан Сарай, Сарайшық, Хорезм, Отрар және Алмалық арқылы сауда жолы қалыптасты. Ол жол Европа мен Азияны байланыстырған жол болды. Бұл Ұлы Жібек жолының қайта жандануы, дамуы болды. Бір орталыққа бағынған алып империяда сауда жасау пайдалы, тиімді, қауіпсіз болды. Европамен Азияны байланыстырған Сарайшық қаласының маңызы зор. Қала байып, жылдам өсіп, өркендеді.

Академик В.В. Бартольд бұл жолды Европа мен Азияны байланыстырушы өркениет жолы деп атады. «Гораздо чаще посещались Хорезм и Куния - Ургенч с северо - запад. Вместе с образованием монгольской империи возник новый торговый путь из Европы в Азию, путь от берегов Волги через Сарайчик на Урале, Куния-Ургенч, Отрар и Алмалык. Этим путем пользовались как мусульманские, так с XIV в. и европейские купцы».

... Здесь проходил главный торговый путь из Европы в Азию; купцы возили свои товары и Сарая на Волге через Сарайчик на Урале и Устюрт в Куния-Ургенч; мы имеем целый ряд рассказов купцов и других путешественников о направлении этого пути, о характере и цене товаров, о способах передвижения и т.п.» (9).

Генуя көпесі Франческо Бальдучий Пеголотти 1340 ж. «Сауда ісінің кітабы» деген еңбегінде Қара теңізбен Қытайға дейін жолды жазады. Сарайшық қаласы туралы мәлімет келтіреді. Оның мәліметтері Европа саудагерлерінің қойын кітапшасына айналды. Ол туралы В.В.Бартольд былай дейді: «После 1316 г. в Танис, при устье Дона (ныне Азов), образовалось генуэзская, в 1332г. венецианская колония. Этот город сделался исходным пунктом торгового пути на восток.

Наиболее подробные данные об этой торговле дает Бальдучии Пеголотти, находившийся на службе у флорентинской компании Барди и написавший свое руководство для купцов около 1340 г. В этой книге указываются торговые пути, перечисляются термины, употреблявшиеся в разных странах для обозначения базаров и торговых пошлин, даются сведения о товарах, какие где следует покупать и вообще практические советы купцам Пеголотти считает от Таны до Хаджи - Тархана (Астрахани; старый город, разрушенный Темуром 1395 г., находился несколько западнее нынешнего) 25 дней в арбах, запряженных волами, или 10-12 дней езды на лошадях; оттуда да Сарая 1 день водой, от Сарая до Сарайчика 8 дней, также водой; можно ехать и сухим путем, но это обходится дороже. От Сарайчика до Ургенча 20 дней в арбах, запряженных верблюдами; от Ургенча до Отрара 35-40 дней, тем же способом. У кого есть товары, тому лучше заехать в Ургенч, так как здесь всякие товары имеют хороший сбыт; у кого их нет, тому лучше ехать более кратким путем (к северу от Аральского моря) из Сарайчика прямо в Отрар (50 дней). Пеголотти советует брать с собой из Европы полотняные ткани, продавать их в Ургенче и там запастись сомами, т.е. слитками серебра, ходившими в татарских странах» (10).

Бұл жол туралы басқа да авторлар да жазады: «Торговый путь в Алмалык около 1340. С Сарайчика до Ургенча 20 дней на телегах верблюдами. Для купца выгодно ехать через Ургенч, ибо там всегда хороший спрос на товары. С Ургенча до Отрара 35-40 дней на телегах верблюдами. Но с Сарайчика прямо до Отрара только 50 дней и если вы без товаров, то лучше так ехать, чем через Ургенч с Отрара до Алмалыка 45 дней на вьючных ослах и каждый день встретите монголов (вооруженных людей)...» (11).

Құрлықтағы сауда жолымен бірге, Сарайшыққа теңіз сауда жолының ашылуы үлкен маңызға ие болды. Қала құрлық пен теңіз портының тоғысқан орталығы болып оның жылдам дамуына себепкер болды. Ол кезеңде құрлық пен теңіз саудасының тоғысқан жері Сарайшық қаласы ғана болды. Франческо Пеглотти мен Италияның солтүстігіндегі Тосканалық беймәлім автордың жазбасында: «Еділдегі Сарайдың тұсында тауарлар тиеген кемелердің Дон өзеніне

дейін құрлық арқылы астына бөрене төсеп сүйреп жеткізетін бекет тұрған, одан әрі тауарлар Қара теңіз бен Жерорта теңізінің кез-келген жағалауына Сарайшықтан шыққан кемелер бара алатын болған деп» – көрсетеді.

Теңіз сауда жолының дамуы Сарайшық қаласының мәртебесін арттырып, гүлденуіне жол ашты. Сонымен бірге Каспийден көтерілген сауда кемелері Гүлстан қаласына тоқтағаны туралы аңыз бар. Бұл қала орны анықталмай отыр. Сарайшықпен XIII-XIV ғасырларда тұрақты сауда жасаған қалалар қатарында Хаджи - Тархан болды. Ол туралы ағылшындық Ричард Джонсон жазбаларында кездеседі. «...Из Хаджи-Тархана до Сарайчика при медленно путешествии, как обыкновенно едут купцы с товарами, было 10 или даже 15 дней пути, до Туркменских берегов Каспия на судах было 10 дней, до Гильяна морем 7-8 дней» (12).

Батыстан Сарайшыққа бірнеше сауда жолы келіп тоғысты. «Один на Хаджи-Тархан через степи Маджар с ответвлением на Дербент и далее по Волге и Ахтубе до Сарая, другой-по Дону до места наибольшего сближения с Волгой и далее по Ахтубе вниз на Новый Сарай и степью до Сарайчика. Были торговые пути от Приазовья на Волгу вдоль Кумы и Кубани» (13).

Сауда жолы қашықтығы әр авторларда әр түрлі болды. «Путь из Сарая в Хорезм через Уст - Юрт занимал 40 - 45 дней, из Сарая до Сарайчика - 10 дней» (14).

Пеголотти мен Тосканалық беймәлім автор бұл жол туралы былай дейді: «Сарай мен Сарайшық арасындағы сапар 8 күнге созылады, ал Сарайшықтан Хорезмге сапар бұқа жегілген арбамен 20 күн, ал қашармен 40 күнге созылат» (15).

Сауда дамуы үшін теңге қажет болды. Алтын Ордада теңге шығару ісі қолға алынды. Айырбас саудаға қарағанда ақша қатынас саудасы сауданың өркендеуіне жол ашты. Алтын Орда тиын теңгелерін алғаш XIII ғ-дың орта тұсында Бұлғар қаласында Берке хан соқтырған.(1257-1267 жж.) Алғашқы теңгелерге Бағдат халифы ән –Насырдың аты, кейін монғол хандары Менгу, Арығ-Бұғының, Орда хандары аттары жазылды. XIVғ. 70 жылдарында Алтын Ордада сауда мен экономиканың дамуына байланысты оның құрамындағы Сарай, Сарай әл-Жадид, Сарай әл-Махрус, Хажы-Тархан, Сарайшық,

Гүлстан, Хорезм, Жент, Баршын т.б. қалаларында теңгелер соғылды. Сарайшықтағы қазба жұмыстары кезінде табылған тиындардың ең көнесі – Тоқтамыс хан теңгесі. (1295 – 1296 жж.) Ал кейінгілері Сарайда соғылған Өзбек хандікі. Дирхемдер мен пұлдарға мұсылмандардың суннит символдары салынған. Әр қалада соқтырылған теңгелердің өзіндік ерекшеліктері бар. Кейбір теңгелерде соқтырған ханның аты мен жылы жазылса, кейбіреулерінде әртүрлі таңбалар: жануарлардың, құстардың, балықтардың суреттері, геометриялық өрнектер бейнеленген. Табылған тиындарда көне түркі тілінде «құтты болсын» деген жазуы бар, арыстанның, сұңқардың, шығып келе жатқан күннің бейнелері кездеседі. Теңгелер күмістен, мыстан соғылды.

Сол кезеңдегі тауар бағалары туралы мәлімет өте тапшы. 1330 жылдардағы Сарайшықтағы жылқы бағасы туралы Ибн-Батута былай дейді: «бір жылқыны 4 динарға (37 гр. күміс) өте арзанға алуға болады» (16). Саудагерлер мен керуеннің қауіпсіздігін сақтау үшін жол бойына қарулы бекеттермен шолғыншы жасақтар қойылды. Сарайшықтан тіке Қытайға шыққан керуендер Отырар мен Алмалықты басып өтті. Отырар мен Алмалық арасындағы жолда күнде жасақты күзет бекеттерін кездестіруге болады. Дербент Сарай - Сарайшық Қытай жолының сапары 5 айға жеткен (17).

Бұл жол кейін Ресей мен Орта Азияның сауда жолына айналды. Осы жол арқылы Ресейден саяхатшылар, елшілер, саудагерлер Қытайға шықты. XVIIIғ. II – жартысының басында керуен басы Данил Рукавкин мәлімет береді. «Одно из первых описаний пути в Хиву и Бухару сделал Данила Рукавкин, который возглавил караван, вышедший из Оренбурга в 1753 г. Его путь проходил вдоль левого берега Урала, вниз по крепостям Оренбургской пограничной линий, через казаки» городок Уральск к Сарайчиковскому форпосту, а оттуда к Гурьеву» (18).

Бұл жол кейін Ресей мен Хиуа хандығы сауда жолына айналды (19).

1828 жылы Сарайшық бекінісі Ресей мен Қазақстан арасындағы сауда-саттық орталығына айналған. Ресей манафактурасының өнімдеріне қазақтар малмен саудаласып, айырбастап тауар алған. Ол туралы сол кездегі сауда

журналында былай жазылған: «По нижней части Уральской линии, от Кулагинской крепости до Гурьева городка, и особенно в Сарайчике, во время зимы, когда киргизы кочуют недалеко от них мест, число получаемых здесь от них баранов простираться может до 25 тысяч» (20).

Қазақтар мен орыстар арасындағы сауда негізінен айырбас сауда болды. Ресей манафактуралары мен заводтарының өнімдері үлкен сұранысқа ие болды. Қазақтардан қой, жылқы, түйе сатылып алынды және тері, жүн өнімдері Ресей фабрикалары үшін шикізат көзі болды.

Ресей мен Орта Азияны жалғастыратын сауда жолының Сарайшық арқылы өтетін тармақтарын В.И.Левшин 1831 жылғы жасаған картасында толық көрсетіп баяндап жазды: «Из Сарайчиковской крепости в Хиву, через перешеек, отделяющий море Аральское от Каспийского, есть несколько путей. Замечательнейший из них есть так называемая древняя Ногайская дорога. Она идет через следующие места: через солончак Тентяксор и урочище Беляули, к реке Сагыз, через который переправляются близ развалин древнего укрепления, называемого Узюн-там. От Сагыза - через горы Кайнарские к реке Эмбе, через которую переправляются близ древнего кладбища Бакашаулия. От Эмбы к источникам пресной воды, называемым Учукан, близ коих также лежат развалины».

От Учукан, или Учкан, мимо горы Джизлы, оставив оную слева, поднимаются на плоскую возвышенность Устюрт, о коей говорено выше.

По Устюрту дорога сия идет через пески Шам, или Сам, миновав которые до спуска Устюрта или до урочища Айбогур, проходит она через колодцы Айдобул, Актюбя и Куркурук.

От Эмбы ходят через Устюрт еще другою дорогою, а именно между гор Джилды, мимо ключа Тасас, через урочище Коптам, колодцы Кусье и Чурук, через развалины Биляулитам, колодец Кусбулак, урочище Ичекарган. Спустившись с Устюрта, все караваны идут к развалинам древнего Ургенджи, а из одного – в Хиву, коей таким образом достигают в 25 или 26 дней.

Развалины строений, остатки укреплений и прочно устроенные колодцы показывают, что два пути они проложены народами, жившими здесь прежде киргиз-казахов. Некоторые

из них последних приписывают вышеописанные устройства потомкам Чингисхана, и мнение сие кажется весьма вероятным. Можно думать, что первый из них путей есть части дороги, описанной Франциском Пеголетти в 1335 году.

Третья дорога, ведущая из Сарайчиковской крепости в Хиву, отделяется от первой близ Кайнарских гор и идет на восток через колодец Сарыгаска, урочище Биркунды, ручей Ак-Коудран. На Устюрт поднимается он между оврагами Арсай и Корсай, потом достигает Аральского моря и продолжается берегом мимо заливов Дуананы-Кулама и Улу-Кулмагир, через развалины Давлет-Гирей до города Конрада, лежащего при Амударье.

Дорога сия длиннее первой, но удобнее. Между Сарайчиковскою крепостию и Оренбургом нет на реке Урале точки, с которой бы отправлялись в Азию купеческие караваны, кроме необыкновенных случаев» (21).

Сарайшық – бекінісінің сауда саттық орны болудан қалып, кейін бағы тая бастауына 1640 жылы Гурьев қаласының салынуы себеп болды. Сауда және әкімшілік орталығы осы қалаға ауысуы қаланың құлдырауына әкелді. «Гурьев городок по течению реки Яика на правой стороне, от устья, где вся река протоками впадала в море Каспийское, 10 верст, от Оренбурга по нынешнему исчислению 744, от Яицкого городка 474, а от Астрахани с 400 верст. По сказаниям Яицких старшин и тутошних сторжилов, построенный городок для рыбного промысла, купцом из великороссийских городов Михаилом Гурьевым еще в то время, когда в имевшемся оттуда неподалеку татарском городе Сарайчике владельцы находились, за что сначала помянутый купец владельцам платил дань; но как скоро крепостное строение привел он в оборонительное состояние, и усмотря, что татары ничего ему сделать не могут, от одного платежа отказался, и так усилился, что промыслы свой мог он безпрепятственно производить» (22).

Сарайшық тұрғындары Гурьев қаласына қоныс аударып, қала өз маңызынан айрылды, құлдырау басталды. Сауда жолы тікелей Гурьев қаласы арқылы өте бастады. Қала маңызды сауда және портты қалаға айналды.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

- 1.Марғұлан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алматы, 1950. 85 б.
- 2.Марғұлан А.Х. Из истории городов и строительного искусства....10 б.
- 3.Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана. ТИИАЭ, АН. Каз ССР.т.5. Алма-ата., 1958 .С.208-209.
- 4.Ерзакович Л.Б. Караванные пути юга Казахстана в XIII-X VII вв. // Известия АН Каз ССР. Серия общественная. 1969. № 2.С.81.
- 5.Марғұлан А.Х. Древние караванные пути через пустыню Бетпак – Дала.// Вестник. АН Каз ССР -1949, № 1 (46).С.72.
- 6.Елеуов М. Плано Карпини мен Гильом Рубруктың Қазақстан арқылы сапары туралы. ХҚТУ. Хабаршысы. Түркістан,2001. № 3. 73 б.
- 7.Гандзакеци Киракос. История Армении. М., 1976. С.222-224.
- 8.Бадян В.В., Чиперас А.М. Торговля Кафы в XIII-XIVвв. // Феодальная Таврика. Киев, 1974. с.184.
- 9.Бартольд В.В. Соч.III. С.54, 260.
- 10.Бартольд В.В. Соч.III. С.59. Его же: История изучения Востока в Европе России. Соч.т.9.М., 1977. С.275
- 11.Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Алма-ата, М., 1935; Алматы. 1997. С. 107-108. (Юль, 11, 284).
- 12.Английские путешественники в Московском государстве XVIII века. Перевод с англ. Ю.В.Готье Л., 1938. С.189-190, 224; Зайцев И.В.. Астраханское ханства.М., 2004. С.211.
- 13.Тихомиров М.Н. Византийские очерки. М., 1961. С.10-15; Федоров – Давыдов Г.А.. Золотоордынские города Поволжья. Керамика. Торговля. Быт. М.,2001. С.205.
- 14.Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. 1884. ч.1. СПб.С.242.
- 15.Еманов А.Г. Север и Юг в истории коммерции на материалах Каффы XIII-XV вв. Тюмень. 1995. с.150; Pegolottu E.B. La pratica della mercatura. Cambridge. Massachusettes.1936.С.21.
- 16.Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. 1884. ч.1.СПб. С.308.
- 17.Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. 1884. ч.1.СПб.С.236.
- 18.Михалева Г.А. Торговые и посольские связи России с среднеазиатскими ханствами через Оренбург. Ташкент. 1982.С.54.
- 19.Григорьев В.В. Описания Хивинского ханства и дороги туда из Сарайчиковой крепости. – ЗРГО. Кн.2.СПб.,1861.
- 20.Левшин В.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. С.395.
- 21.Левшин В.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей... С.97-98
- 22.Прошлое Казахстана в источниках... С. 250-252.

А.С. Ысқақ

т.ғ.к., әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университетінің доценті

ПАТШАЛЫ РЕСЕЙ КЕЗЕҢІНДЕ ҚАЗАҚСТАНДА ІС ЖҮРГІЗУДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕН ДАМУЫ

Қазақстанға империялық басқару жүйесінің енгізілуі нәтижесі оны патшалы Ресейге толығымен басыбайлы тәуелді етті. Әрине, бұл процесс жылдам жүрген жоқ. Нәтижелі әрі тиімді басқару мақсатында ұтымды ұйымдастырылған империялық басқару жүйесі ақырындап енгізілді. Алдымен үлкен аумақты басқару үшін аймақтар бойынша басқару мекемелері құрылды. Басқару барысында жүйе тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті тетіктер іске қосылды. Басқару жүйесі өз аппаратымен барлық саланы қамтыған жағдайда ғана мақсатына қол жеткізеді. Осы бағытта әрекет еткен империялық басқару жүйесінің тетіктері патшалы Ресейдің отарлардағы саясатын өз мақсаты мен міндеттеріне сай жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Бұл істе іс жүргізу жүйесінің рөлі үлкен болды. Осылайша мемлекеттік басқару жүйесі тұрақты әрекет еткенде ғана қалыптасатын іс жүргізу жүйесі онымен бір-бірінсіз әрекет ете алмайтын тығыз байланысқа түсті.

Ресей империясы отаршылдықты жүйелі әрі заңды жүргізу мақсатында Қазақ жерінде 1794 жылы алғашқы мекеме – Ішкі істер министрлігі Орынбор қырғыздарының облыстық басқармасын құрды. Жалпы революцияға дейін ел аумағында империялық отарлық саясатты жүргізу мақсатында мекемелердің кеңейтілген жүйесі ұйымдастырылды. Олардың қатарында Далалық генерал-губернатор мен әскери губернаторлар кеңселері; облыстық, уездік және болыстық басқармалар; округтік приказдар, шекара басқармалары, статистикалық комитеттер, санақ комиссиялары, облыстық және округтік соттар, нотариустар, жандармдық полицейлік

басқармалар, облыстық әскери штабтар құрылды. Бұл мекемелердің ұйымдастырылуының өзі 1867-1868 жылдардағы әкімшілік реформаларға байланысты 1794-1868 және 1868-1917 жылдар аралығын қамтитын үлкен екі кезеңнен тұрады.

Қазақ жеріндегі іс жүргізуді ұйымдастыруда оған ықпал еткен басты факторды ескеру қажет. Іс жүргізу жүйесі нақты мемлекеттік басқару жүйесінің қалыптасуымен қатар жүрді. Қазақ іс жүргізуі дамуының елеулі тарихи оқиғалармен тікелей байланысы бары да ескерілуі тиіс. 1794 жылы Бөкей хандығы мұрағатының ашылғаны мәлім. Іс жүргізудің ұйымдастырылуы қазақ жеріндегі алғашқы мұрағаттың жән империялық мекеменің ашылуна тұспа-тұс келеді.

Осы тарихи кезеңдегі патшалы Ресейдің ішкі мемлекеттік жағдайы мен мемлекеттік басқару, мемлекеттік іс жүргізуі қандай еді? Бұл жайттар қазақ жеріне телінген басқару жүйесінің және іс жүргізуінің мазмұнын дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. ХҮІІ ғ. приказдық іс жүргізуде «приказ» қарапайым тапсырма орындаушы құрылымнан дербес мемлекеттік органға дейін өсіп, мемлекеттік мекемелер жүйесі болып қалыптасты. Іс жүргізу мемлекеттік басқару аппаратының қалыптасуымен бірге жүйе ретінде пайда болды. Мемлекеттік мекемелер арасындағы кез келген байланыс құжатталған ақпаратқа негізделеді. Бұл кезеңде қарапайым болса да құжаттар формуляры мен түрлері, құжатты ресімдеу тәртібі қалыптасып, құжаттар қозғалысының технологиясы әзірленді. Алғаш іс жүргізу қызметшілері – дьяк, подъячилер лауазымдары пайда болды. Осыған қарамастан іс жүргізудің жүйелі ережесі жасалмады. Осы кемшілігі бола тұрса да, приказдық іс жүргізудің мемлекет тарихында өзіндік орны бар.

XVIII ғасыр басында Ресейде мемлекеттің жаңа түрпаты – абсолюттік монархия қалыптасты. Ол заң шығару және атқарушы билікті қолында шоғырландырып, монарх орталық органдар арқылы басқаруды жүзеге асырды. Басқару жүйесінде жоғарғы орталық орган «коллегия» деп аталды. Мемлекеттің күшеюі, басқару аппараты санының өсуі, бюрократиялық механизмнің күрделенуі мемлекеттік іс жүргізуді реттеу және оның құқықтық негіздерін күшейтуді талап етті. Нәтижесінде басқару ісін заң жолымен реттеу механизмі жасалынып, 1720 жылы Бас регламент қабылданды. Онда басқару жүйесінде

коллегиялардың міндеттері, қызметтері, құрылымы және жұмыс тәртібі белгіленді. Коллегиялық басқаруға дейін приказдық басқару жүйесімен дамыған патшалы Ресей басқару ісі мен мемлекеттік іс жүргізу саласында қажетті тәжірибе жинақтап үлгерді.

XIX ғасыр басында І Александр (1801-1825 жж.) тұсында орталық басқару жүйесі реформаланды. Ол іс жүргізудің даму процесін белсенді түрде жеделдетті. Өйткені реформа сол кезеңдегі мемлекеттік аппаратты елдегі жаңа экономикалық және қоғамдық өзгерістерге бейімдеуге бағытталған еді. Мұндай жаңа қайта құрулар мемлекеттік іс жүргізуді белсендіруге тек оңтайлы жағдай туғызды. Дегенмен бұл процесс ұзақ уақытты алып, осы кездегі өтпелі кезең тоғыз жылға созылды. 1802 жылы алғашқы министрліктер құрылды. 1811 жылы 25 маусымда «Министрліктерді ортақ құру» Заңы қабылданды. Заң министрліктердің қызметтерін, құрылымын және қызмет салаларын айқындап берді. Мемлекеттік аппараттың өзгеруімен іс жүргізу жүйесінде де қайта ұйымдастырулар орын алды. Бұған әсіресе, басқару жүйесін жетілдіру барысында үлкен мән берілді. Министрліктерде іс жүргізудің бірыңғай жүйесі мен барлық «хаткерлік» жұмысы шоғырланған жаңа құрылым – кеңсе пайда болды.

Министрлік іс жүргізудің коллегиялық іс жүргізуден аса айырмашылығы бола қойған жоқ. Әрине құжаттар түрі көбейіп, көлемі өсті, іс жүргізудің негізгі процестері нақтыланып реттелді, белгілі басқару әрекеттерін орындау үшін қажетті құжаттардың түрлік құрамы біртіндеп қалыптасты және құжаттардың нысандары бірізделді. Іс жүргізу жүйесі бірыңғайланып басқару қалыпты жағдайға түскен соң патшалы империя шет аймақтардағы отарларды басқаруды күшейтуге кірісті. Осы бағытта ұйымдастырылған мекемелер жүйесіне тоқталып өтсек, себебі Қазақстандағы мекемелер осы жүйенің үлгісінде құрылды. Мемлекеттік Кеңес, Министрлер Комитеті, Сенат, Қасиетті Синод тәрізді үкіметтік мекемелер ашылды. Жоғарғы заң кеңесші органы - Мемлекеттік Кеңестің іс жүргізуі оның Мемлекеттік Кеңесінде шоғырланды. Кеңсені Мемлекеттік хатшы басқарды. Министрлер Комитеті министрлер құқығын иемденген министрлер мен бас басшылардан тұрды. Ұлы мәртебелі императордың Кеңесі

патшаны маңызды заң, басқару, сот мәселелері бойынша барлық үкімет мекемелерімен байланыстырып отырды. Шет аймақтардағы отар елдерді басқару мақсатында екі Сібір Комиеті, алғашқысы 1821-1838 жж, екіншісі 1852-1864 жж. әрекет етсе, Кавказ Комиеті 1845 жылы құрылды. Олар тиісті аймақтарда жаңа басқару жүйесін енгізу мақсатында құрылып, отарлар үшін заң кеңесші, жоғарғы әкімшілік мекеме, сонымен бірге олардың жергілікті аппараты қызметін бақылау органына айналды.

Қазақ жерінде басқаруды заңдастыруға ұмтылған патшалы Ресей аймақтар бойынша басқару ережелерін қабылдап, жүзеге асыруға белсене атсалысты. 1822 жылғы Сперанский реформасы бойынша 1822-1824 жылдардағы Орта және Кіші жүз қазақтарын басқару ережелері іске асырылса, 1844 жылы 14 маусымда Орынбор қазақтарын басқару ережесі қабылданып [2], ол бойынша Орынбор шекаралық комиссиясы құрылды. Құрамында төраға, оның көмекшісі, кеңесшілер, заседательдер және кеңсе штаты бекітілді. Осы ережеде төраға лауазымымен қатар іс жүргізуші лауазымы да көрсетілген [3]. 1854 жылы 19 мамырда император қаулысымен мақұлданған Сібір комитеті бекіткен «О распространении на Сибирских киргизов общих законов империи» заңының да [4] мәні ерекше. Қазақстанда әкімшілік реформаларды толық іс жүзіне асыру мақсатында Мемлекеттік Кеңес, Әділет министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Үкімет Сенаты, Министрлер Комитеті бекіткен арнайы заңдар Қазақстан аумағына енгізілді. Терең мақсатты, белгілі бір мүддені көздеген империялық заңдардың да іс жүргізу тарихында өзіндік орны ерекше. Әкімшілік реформалар нәтижесінде қазақ жері генерал-губернатор басқаруына беріліп, қазақтар үшін жат жаңа басқару жүйесі қалыптасты.

«Министрліктерді ортақ құру» заңы іс жүзінде өздеріне жеке бағынышты мекемелерді басқаруда министрліктердің жауапсыздығын бекітіп берді. Мемлекеттік мекемелерде орын алған осындай жағдайлар әрине, олардың іс жүргізуіне де әсер етпей қоймады. Министрлік іс жүргізуі біртіндеп басқарудың коллегиялық әдістерін ығыстыруға мүмкіндік берді. Уақытша болса да барлық үкімет аппаратының жұмысы күшейтілді [5]. І Александрдың ішкі реформалары жоғарғы және орталық мемлекеттік аппаратты күшейтіп, жергілікті үкімет және

сословие мекемелері орталықпен тығыз байланыста болса, І Николай тұсында (1825-1855 жж.) мемлекеттік аппаратты әскерилендіру жүрді. Декабристер көтерілісінен кейін ішкі жағдайды қатаң түрде қалыпты ұстау мақсатында жүргізілген әскери реформа нәтижесінде орталық мекемелер – министрліктердің ұйымдық құрылымы өзгерді. Олардың басқару, атқару қызметтері барынша орталықтыңдырылды. Барлық басқару билігі Ұлы мәртебелінің Кеңсесінде шоғырланды. Мемлекетті басқарудың барлық маңызды мәселелері осы Кеңседе шешімін тауып отырды. Алайда ХІХ ғ. патшалы Ресейдегі феодалдық-крепостнойлық құрылыс пен оның құрылғысы ерекше дағдарысқа ұшырады. Мемлекеттік аппаратта, әкімшілік, полиция, цензура, сот, тіпті армияның өзі де қызметтерін атқара алмайтын деңгейге жетті. Осындай дағдарысқа қарамастан қабылданған заңдар Қазақстан аумағында жүзеге асып жатты. Басқару жүйесінде Ресей империялық барлық заңдарының толық мойындалуы Қазақстанды Ресейге басқару жағынан толық тәуелді етіп, саяси, әкімшілік, сот, т.б. жағынан басыбайлығын күшейтті. Демек, басқару жүйесімен тығыз байланысты іс жүргізудің де осы жағынан алғанда орыс іс жүргізуімен ортақтығы басым екені анық.

Мекемелер санының көбеюі орталықтан губерниялық мекемелерге келетін құжаттар ағынының жылдам артуына ықпал етсе, қағаздан құтылуға асыққан жергілікті мекемелердің басты міндеті «қағаздан тазару» болды. Осы жағдайды өзгертуге еш талпыныс жасалмады. ХІХ ғасырдың екінші жартысында патшалы Ресейде қаржы, ағарту салаларында реформалар жүргізу қолға алынды. Әскери реформа жүргізіліп, полицей аппараты күшейтілді. Орталық басқарудың негізгі буыны – министрліктің құрылымы өзгерді. Алайда мемлекеттік аппараттың қайта ұйымдастырылуы іс жүргізу процестерін бекіткен ортақ заң нормаларына қатысты болмады. Бұл ең басты кемшілік еді. Десе де отарлардағы, олардың ішінде Қазақстандағы саяси тұрақсыздық бұл істе салмақты нәтижелі жұмыс жүргізуге мүмкіндік те бермеді. Тек әскери отарлау күшейе түсті.

Осындай өзгермелі жағдайлар іс жүргізу операцияларын жеделдетуді арттыруды талап етті. Барлық мекемелерге ортақ

іс жүргізу ережесі жасалмады. Жеке ұйымдар мен мекемелер іс жүргізуде өзін-өзі жетілдіру әдістемесіне көшті. Себебі XIX ғасыр басындағы қалыптасқан іс жүргізудің формалары мен әдістері ғылыми-техникалық прогресс пен әлеуметтік өзгерістер жағдайындағы басқару саласындағы тез өзгермелі жағдайлармен қайшылыққа тіреліп отырды. Мемлекеттің дамуы, әсіресе, патшалы Ресей отарларының қалыпты дамуы іс жүргізудің өзіне барабар жүйесін талап етті. Мемлекеттік іс жүргізуді реформалаудың көптеген талпыныстары қалыптасқан тарихи жағдайларға байланысты жүзеге аспады. Бұл патшалы Ресей мен оның отарларында қалыптасқан ортақ жағдай. XIX ғасырдың екінші жартысында өндірістік күштер мен экономиканың дамуы, капиталистік қатынастардың үдемелі түрде дамуы 60-70-жылдарғы реформалардың мемлекеттік құрылысқа буржуазиялық элементтерді енгізуге итермеледі. Мемлекеттік аппаратты қайта ұйымдастыру қолға алынды. Алайда мемлекеттік аппараттың қайта ұйымдастырылуы іс жүргізу саласын қамтыған жоқ. Іс жүзінде бұл өзін-өзі ақтамады. Себебі мекемелер жұмысы жүйелі реттелген бойда оның жұмыс әдістері мен тәсілдері де өзгеруі қажет. Мұндай жағдайда қағаз жұмысы да соған бейімделуі тиіс.

Мұндай басқару жүйесі кейінгі жылдары әскери және сот басқару жүйелерімен толықтырылып, оның басты мақсаты қазақ жерін империялық бір орталықтан басқаруға бағытталды. Әр басқару саласында қабылданған заңдар жобалары өте мұқият жасалды. Бір ғана, сот ісі саласында 1903 жылғы Қылмыстық істер жинағы жобасының өзі 1885 жылы тапсырылып, 1898-1901 жылдары елу екі отырыста қаралып, 1903 жылы 10 ақпанда Мемлекеттік Кеңестің жалпы жиналысында қайта қаралып, патшамен бекітіледі. Біртіндеп әскери реформалар өздерімен қатар іс жүргізу саласын жетілдіруді де ала жүрді. Осы бағытта алғашқы іс жүргізу тәртібін реттейтін «Әскери ведомствода хаткерлік туралы ереже» (*бұдан әрі* - Хаткерлік ережесі. **Б.А.**) әзірленеді [6]. Бұл ереже Семей облыстық басқармасында да басшылыққа алынды.

Хаткерлік ережесінің бірінші – «Жалпы ережелер» бөлімінде құжаттардың жіктелуі және анықтамалық түсініктемелері толық берілген. Әскери мекемелердің бір-бірімен жазбаша түрде қатынасуы үшін құжаттардың мына

түрлері белгіленген: рапорт, отношение, предписание, прошение, хаттар түрлері, жазбахаттар түрлері. Құжаттардың әр түрі әскери мекеменің жоғары тұрған және төменгі деңгейдегі құзырына қарай жасалу тәртібі бекітілді. Құжаттарды жасауда әскери адамның шенінен гөрі, оның лауазымының артықшылықтары басым болды. Өйткені бастықтың уақытша қызметін атқарушы оның барлық құқықтары мен өкілеттіктерін пайдалана алды. Төменгі бағыныстылықтағы лауазым иесі өзінен жоғары тұрған және өзі бағынбайтын өзге де лауазымдарға рапорт береді.

Ереже бойынша пайдаланылатын құжаттарға қатысты ұғымдар қазіргі уақыттағы қолданыстағы ұғымдардан өзгеше. Мәселен, «құжат» «қызметтік қағаз» деп, «істің куәландырма жазбасы» «резолюция» деп аталған. Алайда осы кезде құжаттарды жіктеу олардың мақсаты мен қызметіне қарай түрге және түр ішінде жүргізілген. Аталған ережеде жіктелген құжаттар түрлеріне жеке тоқталып өтсек.

Рапорт дегеніміз шені төменгі адамдардың өзі бағынатын және бағыныстылығы жоқ жоғары шендегі адамдарға мәлімдеуі. Предписание мен отношение бір-бірін толықтыратын өзара тығыз байланысты құжаттар. Предписание жолданатын адамның бағынатынын не бағынбайтынын білдіреді. Әр бастық өзімен бірдей немесе жоғары шендегі өз бағыныштысына предписание береді. Отношениені бастық төменгі шендегі және төменгі лауазымдағы бағынышты емес адамдарға жолдайды. Лауазымдары бірдей және бағыныстылығы жағынан лауазымдарының арақатынасы айқындалмаған адамдар бір-бірімен отношение арқылы қатынасады. Сондай-ақ дивизия бастықтары өзара және округтік, корпустық штаб бастықтарымен әрі өзге де барлық округтік басқару бөлімдері бастықтарымен отношениемен алмасады.

Әскери қызметкерлердің жеке сұраныстарын (прошение) Ұлы мәртебелінің атына жолдау тәртібі де осы Хаткерлік ережесімен белгіленген. Олар сұраныстарын қызметтен босатылғанда, қызметке қайта қабылданғанда, ерен еңбегі үшін орденмен марапаттау сұралғанда, мәртебелінің рұқсатымен ғана берілетін демалыстарға босату кезінде тәрізді жағдайларда ғана жолдай алды. Бастықтың рұқсатымен демалыстарға кету рапортпен ресімделді. Төменгі және жоғары тұрған

мекемелерге жолданатын түпнұсқа хат алмасулар жазбаша түрде жеткізіледі. Қызметке түскенге дейінгі әскери қызметкерлердің жеке хат алмасулары ресми хат түрінде ресімделіп, түрлі мазмұндағы түсініктемелер, пайымдаулар, өтініштер, талаптар жазбахаттарда баяндалады.

Хаткерлік ережесінде құжаттарды ресімдеу тәртібі де тәптіштеліп баяндалған. Мәселен, императорға жолданатын баяндамалар, есептер, рапорттар, өзге құжаттар қарапайым ұсақ жазумен жазылады. Ұлы мәртебелі және өзге де атауларды әсемдеп жазуға рұқсат етілмейді. Мұндай құжаттарды машинкада басуға, баспа әдісімен жазуға да болады. Ұлы мәртебелінің рапорттары жарты парақты пішіндегі қағазға жазылады. Өзге құжаттардың барлығы бланкілерде ресімделеді. Бланктер екі түрлі болады, біріншісі мекеме, штаб, басқарма, әскери бөлімше бланкісі, екіншісі жеке бланк. Барлық құжаттардың жиектерінде құжаттың қысқаша мазмұны немесе қабылданған құжаттың нөміріне сілтеме жасалады. Бұрыштама ілеспе құжатта жазылады. Егер ілеспе құжатта орын болмаса, онда тігілетін парақта бірізділікте көрсетіледі. Егер құжат түсіндіруді, толықтыру мен өзгерістерді қажет етпесе, бұрыштамада құжаттың қайда немесе кімге жіберілетіні көрсетіледі.

Қызметтік құжаттардың мәтінін жазуға да бірыңғай талаптар қойылды. Әскери қызметкерлер арасындағы, сондай-ақ жеке адамдармен, азаматтық мекемелермен алмасатын қызмет хаттарының мәтіндері айқын, қысқа, дәл болғаны жөн. Кіші пейілділік пен әдептілік, сыпайылықты білдіретін (мырза, құрмет көрсету, қадірменді т.б.). «Аса мәртебелі», «жоғары мәртебелі», «мәртебелі», «Сіздің мәртебеңізге» сөздерінсіз жазылуы тиіс. Мұндай сөздер тек аса жоғары құрметті кісілерге ғана қатысты жазылады. Артық қайталауларға жол бермес үшін құжатты жасауға негіз болған жайттарды қайта жазу қажет емес.

Құжат айналымын ұйымдастыру бойынша барлық деңгейдегі бастықтарға жауапкершіліктер жүктелген. Олар хаттардың санын анағұрлым қысқартуға қатысты қажетті барлық шараларды қолға алуы тиіс. Бастықтар құзырларына сәйкес өздері шеше алатын мәселелерді қарау бойынша жоғары тұрған бастыққа бармауы тиіс. Қаулы немесе өкіммен

шешілетін мәселелерді бастықтың қарауына беру міндетті емес. Мәселе жазбашадан гөрі ауызша түрде іске еш зиянсыз шешілетін болса, онда жазбаша қатынас орнына ауызша тәртіп бекітілетін болған. Пошта арқылы ақша, киім, жолдама және құжаттар алғаны туралы ерекше хабарламаны талап етуге тиым салынған.

Жылдан жылға өтпейтін хаттар үшін істер әр жеке мәселе бойынша немесе барлығына ортақ болып қалыптасады. Құжаттарды жылдам іздеп табу үшін жылдан жылға жалғасатын бір мазмұндағы істерге бір нөмір беріледі. Әр жыл сайын қайталанатын істер жыл соңында барлық құжаттарға жауап келген бойда аяқталады. Әр істің мұқабасы және әр бөлімшенің кеңсесіне сәйкес түрлі түсті болуы керек. Сосын барлық істер парақтар бойынша нөмірленеді. Жылдан жылға қайталанбайтын істер құжаттың соңы келгенде аяқталады. Аяқталған істің соңғы нөмірленген парағында іс жүргізуші меңгерушісі істе тігілген нөмірленген парақтарды жазбаша куәландырады.

Әрекеттегі барлық мекемелердің іс жүргізуінде «Әскери ведомствода хаткерлік туралы ереже» бірдей басшылыққа алынды деуге де болады. Біріншіден, қазақ жері генерал-губернаторлар басқаруына берілгенімен, іс жүзінде басқаруды әр аймақтың әскери губернаторы жүзеге асырды. Кейбір азаматтық мекемелердің, жеке адамдардың құжаттарында өзіндік ерекшеліктер кездескенімен, мекемелердің басым бөлігі тікелей генерал-губернатор кеңсесімен немесе әскери губернатормен тығыз байланыста болған. Бұған осы мекемелердің қорларындағы іс жүргізу құжаттары дәлел болады.

Құжаттарға қол қою тәртібіне келсек, Семей Облыстық басқармасы 2-ші столының 1-бөлімі предписаниесінде кеңесші мен іс жүргізушінің қолдары қойылған. Қоныстандыру басқармасының губернаторға жолдаған нұсқауында – Ішкі істер министрлігінің басқарушысы қол қояды, басқарма бастығы қыстырады және іс жүргізуші куәландырады. Ал Әділет министрлігінің Бас түрме басқармасы құжаттарына басқарма бастығы мен аға іс жүргізуші қол қоятын болған. Осылайша іс жүргізудегі құжаттарды ресімдеу, оларға қол қою

және куәландыру, орындалған құжаттарды іске тігу тәртібі кеңестік дәуірге дейін сақталды.

Іс жүргізу жүйесі империяның саясатын тиянақты жүзеге асыруға бағытталғандықтан, оның негізгі процестері осы саясаттың жүзеге асу барысын толық көрсетіп бере алады. Мәселен, іс жүргізуде империялық заңдардың орындалуына ерекше мән берілді. Заңдар арнайы тіркеліп, орындалуы жіті қадағалауға алынды. Империяның саясатына, түпкілікті мүддесіне қарай жергілікті заңдар уақытылы өзгертіліп, толықтырулар, түсіндірмелер енгізілді. 1901 жылы 1 маусымдағы Түркістан генерал-губернаторы Кеңсесінің басқарушысы лауазымын атқарушы Семей облыстық басқармасы бастығына Павел Петровичке (Осташкович болуы мүмкін. *Ы.А.*) хат жолдайды. Онда Өлкенің бас бастығының нұсқауына сәйкес жергілікті заңдарды қайта қарау үшін даярлық жұмыстарға кірісу қажеттігін айта келіп, Семей облыстық басқармасынан 1892 жылдан кейінгі осы облысқа қатысты жоғары билік органдары және лауазымды адамдар қабылдаған заңдардың тізімін сұратқан. Бұл заңдар Далалық ереженің тарауларына, бөлімдері мен баптарына толықтырулар, өзгертулер, жойылған немесе түсіндірме берілген, сондай-ақ Семей облысының жеке басқару салаларына қатысты да империяның ортақ заңдарын реттейтін заң ережелері мен өкімдерін қамтыды [7]. Шаруаларды басқару, земдік (жергілікті) ақшалай және натуралды салық, қалалық басқару, мемлекеттік мүлікті басқару, халық денсаулығы, мал дәрігерлік ісі бойынша империяның ортақ заңдарының көшірмелерін тізімімен қоса беруді өтінген. Тізімді 1901 жылдың 1 қаңтарына дейін жолдауды өтінген кеңсе басқарушысы Жетісу облысында тау-кен ісін ұйымдастырудың қандай деңгейде екенін, нақтырақ барлау куәліктерін қандай мекеме береді, Жетісу облысы қандай тау-кен округіне және округтік инженерге бағындырылған, пайдалы қазбаларды өндіру үшін жер алаңдарын бөлумен қандай лауазымды адам айналысады деген мәліметтерді сұратады [8]. Мінеки, осы іс жүргізу құжатының өзі жасалу мақсаты нені көздегенін және нақты қандай шараны жүзеге асыру қажеттігін көрсетіп отыр.

Мекеменің іс жүргізуінде орындалған статистикалық құжаттар Семей Облыстық басқарма Кеңсесіне өткізілетін. Істерді әзірлеу Далалық генерал-губернатордың 1883 жылғы 8 қаңтардағы № 75 циркулярына сәйкес жүргізілді. Мәселен, Семей Облыстық басқарма Кеңсесінің 1900 жылы 3 мамырда 2-ші бөлімшеге жолдаған хатында былай делінген: «1898 жылы 2-ші бөлім 1897 жылғы № 41 тізімдеме бойынша уез бастықтары жеткізген Далалық өлкенің уездеріндегі сауда және өнеркәсіп жағдайы туралы мерзімді мәліметтердің істерін Кеңсеге өткізді. Істер Далалық генерал-губернатордың 1883 жылғы 8 қаңтардағы № 75 циркулярына сәйкес қалыптасқан. Аталған іс құрамында осы циркулярдың, 1896, 1897 жылдардағы және 1898 жылдың бір бөлігіне қатысты кейбір уез бастықтары хабарламаларының (донесениелерінің) көшірмелері бар. Сондай-ақ Кеңсе 2-ші бөлімнен № 75 циркулярды орындау жөніндегі облыстық бастықтың өкімдерін, әрі жоғарыдағы мәселеге қатысты уез бастықтарының хабарламаларын қамтитын істерді өткізуді де сұрайды» [9].

Құжаттардың жоғалып кетпеуін және сақталуын қамтамасыз ету үшін арнайы Далалық генерал-губернатордың бұйрығымен істер жүйелі түрде кеңсеге өткізіліп отырды. Мұның өзі іс жүргізуге мемлекеттік деңгейде мән беріліп, империялық саясаттың мақсаты үшін бір де бір құжаттың жоғалып кетпеуіне жағдай жасалған. Құжаттар мен істерді қабылдап болған соң кеңсе іс жүргізушісі Семей облыстық вице-губернаторына қабылданған құжаттардың нақты саны туралы хабарлап отырды. Мәселен, іс жүргізуші Канчев 1900 жылы 24 сәуірдегі рапортында «Екінші бөлімнің 112-бөлімшесі 1-столы мен екінші бөлімнің 1-столы 1897 жылдан бергі құжаттарды және тізімдеме бойынша орындалмаған құжаттарды да өткізгені» туралы ақпар береді [10].

Түркістан генерал-губернаторының кеңсесі бөлімдерге бөлінген. III бөлімде іс жүргізуші, іс жүргізушінің көмекшісі қызметкерлері болды. Кеңседен шығатын құжаттарға кеңсе басқарушысы, іс жүргізуші қолдарын қойып, іс жүргізушінің көмекшісі куәландырып қолымен растайтын. Далалық генерал-губернатор кеңсесінің I іс жүргізушінің I столы арқылы

орындалған іс-шаралар жөніндегі барлық құжаттар өтіп отырды [11].

XIX ғасырда іс қағаздарымен тиянақты (ұқыпты) жұмыс істегендері үшін ақшалай марапатталғандары да болды. Мәселен, Түркістан генерал-губернаторының генерал-адъютанты 1869 жылы 13 мамырда № 1281 Семей облысының Әскери губернаторына II Түркістан линейлік батальонының прапорщигі Андреевскиді ынталы еңбегі үшін бір реттік 200 рубльмен марапаттауға рұқсат беруін өтінеді. Қаражат Жетісу облысы әкімшілігіне жұмсалатын қаражаттан артылып қалған [12].

Мемлекеттік басқару аппаратында патша шенеуніктерінің билігі күшейді. Патшалы Ресейде іс жүргізуде орын алған бюрократиялық сипат Қазақстандағы империялық мекемелерге де тән болды. Жасыратыны жоқ, хат алысудың көптігі, асыра сілтеп есеп беру, шенге табыну, немқұрайлылық жайттарының орын алуына әкелді. Бірқатар мекемелерде іс жүргізуді ұтымды ұйымдастыру, оны мүмкіндігінше ыңғайластыру шаралары сәтсіз аяқталып отырды.

Кәсіпорындардың дамуы, жаңа темір жол құрылыстарының салынуы дүниеге жобалау құжаттарын әкеліп, техникалық құжаттау саласы қалыптасып дамыды. Техникалық құжаттардың дамуы қарқынды жүре бастады. Әлемде XIX ғасырдың екінші жартысында фотография және дыбыс жазба әдістерімен құжаттау пайда болды. Осы кезеңде байланыс техникасы да дамып, едәуір өзгерістер хат алмасу ісіне де жаңалықтар әкелді. Атжегілікпен хат тасу жаңа ұйымдастырылған пошта ісімен алмастырылып, байланыс жылдамдатылды. Байланыстың жаңа түрлері – телеграф, телефон, құжаттау мен хат-хабар алмасуға айтарлықтай әсер етті. Стенографиялау кеңірек қолданыла бастады. Пайда болған жаңа құжат түрлері – жеделхаттар мен телефонхаттар, стенограммалар көшіру техникасын, гектограф, шапирограф, ротатор тәрізді көшірме-көбейту аппараттарын ойлап табуға әкелді. Жазу машиналарының шығуымен машинажазба құжаттары пайда болды. Уақыт өткен сайын құжаттаудың ары қарай жетілуі жаңа арнайы құжаттар түрлері - бухгалтерлік және статистикалық есеп беру құжаттары жүйесінде оң өзгерістер орын алды. Статистикалық құжаттар жүйесінің

қалыптасуы да империялық саясаттың мүддесіне сай келді. Қоныстандыру саясатын нәтижелі ету мақсатында қоныстанушыларға (келімсексектерге) берілетін қоныстану куәлігі жетілдіріле түсті. Алайда мұндай өзгерістер толықтай мекемелердің іс жүргізуінде орын алды деу қиын. Әлі де мекемелер іс жүргізуі барысында ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі ережелер мен ұстанымдар сақталынды. Кейбір мекемелер өз кеңселерінде оңды өзгерістер жасауға ұмтылып, іс жүргізуді жетілдіруге атсалысты.

Сонымен революцияға дейінгі мемлекеттік іс жүргізу күрделі даму сатысынан өтті. Ең бастысы қарапайым құжатты жасау әдістерінен мемлекеттік басқарудың ажырамас бөлігіне айналған іс жүргізу саласы кейінгі даму кезеңінде тоқтап қалмай жетіле түсті.

Список использованных источников

- 1 Ерешкин Н.П. Очерки истории государственных учреждений дореволюционной России. -М., 1960. -С.190.
- 2 Полное собрание Законов Российской империи (ПСЗРИ). Т.ХІХ. № 17998
- 3 Сонда. № 17998.
- 4 ПСЗРИ. Т.ХХІХ. № 28264.
- 5 Ерешкин Н.П. еңбегі. -200 б.
- 6 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. 44-қор, 1-тізімдеме, 23386-іс, 10-11 парақтар (бұдан әрі ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 23386-іс, 10-11 пп.).
- 7 ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 1669-іс, 1 п.
- 8 ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 1669-іс, 1 п. арты.
- 9 ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 22542-іс, 6-7 пп.
- 10 ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 22542-іс, 3 п.
- 11 ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 415-іс, 13 п.
- 12 ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 17-іс, 8 п.

* * *

В статье рассматривается история организации делопроизводства в Казахстане в колониальный период. Показаны особенности внедрения новых форм ведения делопроизводства в имперских учреждениях, специфика движения различных документов от составления до их исполнения.

* * *

In article the history of the organization of office-work in Kazakhstan in the colonial period is considered. Features of introduction of new forms of conducting office-work in imperial establishments, specificity of movement of various documents from drawing up before their execution are shown.

Қ.Б. Темиров
М.Өтемісов атындағы
БҚМУ магистранты

ҚАРАУЫЛҚОЖА БАБАЖАНҰЛЫ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК

Еліміздің тарихында өзіне лайық орны, азды-көпті қалдырған ізі бар тұлғалар аз емес. Олардың көбісі тәуелсіздік алғаннан бері өз деңгейінде зерттеліп, халықпен қайта қауышқанымен, бірқатар тұлғаларымыздың келбеті жаңаша тарихи тұрғыда зерделеуді қажет етеді. Осы орайда, игілікті істері қалың көпшілікке беймәлімдеу болып келген Қарауылқожа Бабажанұлы хақында бірер дерек келтіруді жөн санадық.

Тарих қойнауынан бүгінге там-тұмдап жеткен сараң деректер бұл адам туралы не дейді? Оның Жәңгір ханның қайынатасы болғандығы жайында жалпақ жұртқа жария жағдайлардан басқа тағы не білеміз?

Бұл сұрақтарға жауап табу үшін алдымен Қазақ Кеңес энциклопедиясына үңілгенбіз. Аталмыш энциклопедияда Қарауылқожаны татар деп көрсеткен, ал, оның қожа руынан шыққанын азан шақырып қойған атының өзі-ақ әйгіліп тұр.

Шындығында Қарауылқожа Бабажанұлы кім еді? Тарихшылар оны Ішкі Ордадағы жерді меншіктеуде ең үлкен аумақты (700 мың десятина) иеленген азулы билеуші болғандығын алға тартады. Осыншама ұшы-қиыры жоқ жерге иелік етуі ханның қайынатасы болғандықтан деген пікір де бар. Алайда, Жәңгір ханның Қарауылқожаның Салиха атты қызына 1844 жылы үйленгенін ескерсек, бұл мәселеге көзқарас мүлдем басқаша болатыны белгілі. Басқаша айтқанда, Қарауылқожа Жәңгір хан таққа отырмастан бұрын-ақ аузын айға білеген талайларды тұқыртқан ықпалды билеуші болғаны белгілі.

XIX ғасырдың I ширегінде көшпелілер өміріне капиталистік қатынастар енді-енді ене бастаған тұста Қарауылқожа Бабажанұлының замана ағымына бірден бейімделіп, сауда-саттық саласын жетік меңгерген кәсіпкер болғандығын мұрағат қорларында сақталған құжаттар куәләндырады.

Ресей көпестерімен сауда-саттық жасауға рұқсат беретін саудагерлік-көпестік паспортының болуы Қарауылқожаның кәсіпкерлік қызметін айғақтайды. Бұл құжаттың айналымында қомақты қаражаты және азық-түлік сақтайтын қоймасы бар саудагерлерге берілетінін ескерсек, мәселенің өзектілігі тереңдей түседі.

Қарауылқожа 1816 жылы қазан айында Орынбор шекара комиссиясына жазған өтінішінде өзін 1-ші гильдиялы көпестік сословиеге кіргізуін сұраған /1:4/. Одан әрі, көпестік сословиеге кіруі үшін жарнаны төлей алатынын және сауда-саттық жасауға қажетті капиталы бар екенін айта келіп, жергілікті халықтың игілігі үшін өз қаражатына Кокарев кордонында тұрғынжайлар мен 2 қойма салдырғанын және Орал казактары әскерінің жеріне қарасты Сорочикав бекінісінде мешіт тұрғызғанын жазған. Орынбор шекара комиссиясы өз тарапынан Ішкі қазақ Ордасының Старшыны Қарауылқожа Бабажановтың өтінішіне байланысты Орынбор әскери губернаторы П.Эссенге, Астрахань азаматтық губернаторы Г.Андреевскийге рапорт жолдаған. Соңғысы жоғарыда көрсетілген сұраныс бойынша Астрахань қазыналық Палатасы және Губерниялық Басқармасы Қарауылқожаның көпестік сословиеге өтуіне қарсылық білдірмейтінін хабарлаған. Бірақ, Орынбор әскери губернаторының сұрауына орай жауап берген, Орал казактары әскерінің атаманы, генерал Бородиннің *«старшын Қарауылқожа Бабажанов көрсеткен қарағай үйлер, 2 қойма және құны 2 мың рубль болатын мешіт өз мүддесі үшін салынған. Ал, сауда айналымына келетін болсақ, өзі шыққан халықтың игілігі үшін ғана. Оның Император ағзамға шын берілгендігіне және Ресей елі*

алдындағы адал қызметіне күмән келтіремін. Сондықтан ол сұраған атаққа лайық емес деп есептеймін» /1:8/ деген хабарламасынан кейін, өтініш Қарауылқожаның пайдасына шешілген жоқ. Алайда, Ресей билеушілерінің мойындағысы келмегенімен, ел игілігі үшін қызмет жасаған Қарауылқожаның осал адам болмағаны анық.

Қарауылқожаның кәсіпкерлік қызметінің дамуы, оның 1817 жылы әйгілі Багратиондар әулетімен, атап айтқанда, княгина Дарья Багратионмен бірлесіп сауда-саттық жасау жөнінде келісім-шартқа отыруымен жетіле түсті. Бұл іскерлік келісімге, Багратион жағынан оның серіктесі Екатерина Петрушенкова деген ханым да қатынасқан.

Ол кезде тауар құнын өтеуге ақша да, ақшамен бірге заттай айырбас та қатар жүрсе керек. Ақшаның баламасы ретінде марка қозы 1 сомға (рубль) бағаланған. Екі жақты келісімнің бастамашысы да, орындаушы да Қарауылқожаның өзі болған. Көтерме бағамен арзанға сатып алған ұнын көктемде қымбаттаған кезінде Бөкей Ордасының Краснояр (Қызылжар) уезінде қайтадан малға айырбастап, ол малды келімсек саудагерлерге тиімді өткізіп отырған.

Мұрағат қорларында Қарауылқожаның астрахандық 1-ші гильдиялы армян көпесі Григорий Авессаламовтан 1829 жылы 19 қыркүйекте сауда айналымын ұлғайту үшін үстеме пайызбен 1288 сом несие алғандығы туралы құжат сақталған /2:16/. Несие беруші армян көпесі өз кезегінде Мемлекеттік коммерциялық Банктің Астрахань кеңсесіне қарыз болған. Араға жыл салып қайтыс болған армян көпесінің Қарауылқожаға берген несиесін Банк өз пайдасына өндіруді сұраған. Алған несиесін қайтарудағы кеткен ұзақ уақытты сол кездегі ақша тұрақсыздығымен байланыстырған Қарауылқожа қарызының соңғы бөлігін араға 6 жыл салып, 1935 жылы 2 сәуірде ғана толық жапқан /2:18/. Осы уақыт аралығында Қарауылқожаға несиесін тез қайтаруын сұрап Мемлекеттік коммерциялық Банк пен Астрахандық Магистрат қысым көрсетіп, қаржыны үлкен үстемеақымен өндіріп алу үшін

Қызылжар уездік сотына шағымданады. Қарауылқожаның орнында иі жұмсақ біреу болса, екі жақты қысымға төтеп бере алмай, негізсіз сұраған қаражатты тез арада тауып беру үшін иелігіндегі жер мен малды шетінен сатып, оның әр пұшпағы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кеткен болар еді. Алайда, орыс шенеуніктерімен өзара тиімді келіссөз жүргізе білген кәсіпкер Қарауылқожа бұл істе өзгелерге есесін жібермей, тиесілі сомасын алты жылдан кейін төлеген.

1849 жылы қазан айында 80 жастағы Қарауылқожа Орынбор қаласына келіп шекара комиссиясына тез арада шешімін табуды қажет ететін үш мәселені алға тартқан. Олардың біріншісі, елде ашаршылық болған жағдайда халық арзан бағамен ұн алуы үшін, князь Юсуповтың иелігіне қарасты теңіз жағалауындағы жерлерде 550 центнер бидай мен 150 центнер қарабидай сақталынатын қорлы дүкендер (запасные магазины) салуға рұқсат алу /3:11/. Екіншісі, Хан Ставкасының Теңіз жағалауына қашық орналасқанына байланысты қарамағындағылардың Ордаға келіп-кетуіндегі қиындықтарды ескеріп, кіріс-шығысты жүргізетін бланктік билетті жеткізуде ыңғайлы жүйе жасау. Үшіншісі, теңіз жағалауында тұратын 12-ші Кордон күзетшілерінің жергілікті халыққа қысымын тоқтату және Кордондық линияда тұратын қазақтардың құқығының қорғалуын қамтамасыз ету. Халықтың игілігі үшін бойындағы күш-қуатын сарқа жұмсаған Қарауылқожа Бабажанұлы осы сапарында жоғарыда көрсетілген үш мәселенің барлығын оңтайлы шешіп, елге келген бойда, дәлірек айтсақ, 1850 жылдың 26 ақпанында аяғындағы істің асқынуынан қайтыс болады /4:46/.

Қарауылқожа Бабажанұлының кәсіпкерлік, бизнесмендік қырынан танытатын бұл істерінен басқа, оның Адай руының старшыны, I және II теңіз округінің билеушісі, Ұялы мен Шөпшағылдағы (Чапчаши) хан жәрмеңкелерінің ұйымдастырушысы болғанын айта кетуді жөн көрдік. 1826 жылдан полктік жасауыл (есаул) шенінде болған Қарауылқожа әр жылдары патша үкіметі тарапынан Қасиетті

Анна лентасындағы алтын төсбелгімен, алтын сақинамен, алтын жалатылған семсермен және алғыс хаттармен марапатталғаны тағы бар. Не болса да, Қарауылқожаның бұл жетістіктері оның қай істі болмасын ынта-ықыласпен істегенінен хабардар етеді.

Өлкетанушы Н.П.Ивлевтің Қарауылқожа туралы «*ол, сөз жоқ, прогресшіл көзқарастағы адам болған еді*» деп жазғаны бар /5/. Жаңалыққа жаны құмарлығын, замана ағымына ілесе білгендігін, балаларына еуропаша білім беруге тырысқандығын ескеріп айтқан шығар. Баласын орысша оқытқандардың бәрін прогресшіл деуге болмайды деген де пікір бар. Мейлі, солай-ақ болсын делік. Бірақ, текті әулет тұқымы Қарауылқожа Бабажанұлының қазақтан шыққан тұңғыш кәсіпкер екені анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. РФ, Орынбор облысының мұрағаты, 6 қор, 10 тізбе, 1727-іс;
2. РФ, Орынбор облысының мұрағаты, 6 қор, 10 тізбе, 3555-іс;
3. РФ, Орынбор облысының мұрағаты, 6 қор, 10 тізбе, 6191-іс;
4. РФ, Орынбор облысының мұрағаты, 6 қор, 10 тізбе, 6452-іс;
5. Даумов С. «Ханның қайынатасы». /Жас Алаш, 29.VI.2002 ж., №77/;

* * *

В статье отражена предпринимательская деятельность Караул Ходжи бабаджанова: в частности рассматриваются торговые отношения с российскими купцами, организация ярмарок в Ханской Ставке, взаимоотношения с местной администрацией, поддержка коренного населения Внутренней Орды.

При написании статьи привлеклись материалы Оренбургского и Астраханского областных архивов и статьи краеведов.

* * *

The article deals with the entrepreneurial activity of Karaul-Khodzha Babadzhanov. The article discusses the following questions: trade relations with Russian merchants, organization of fairs in the Khan Headquarters, relations with local authorities, support of the native population of Internal Horde.

Historical materials of Orenburg and Astrakhan oblast archives have been applied when preparing this article for publication.

Г.А. Касенова

ҚР тарихы мамандығы бойынша ізденуші
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

К.А. АҚЫШЕВТЫҢ АРХЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

К.А. Ақышев 1941 жылы Ұлы Отан соғысына кетті. Одан 1944 жылы ауыр жараланып Алматыға келді. Келді де политехникалық институттың геологиялық барлау факультетіне оқуға түсті. Сабақ қиын. Оқ тиген қолыммен чертежді әзер сызады – дейді. Геология мамандығы К.А.Ақышевке ауыр соқты. Ол, оны былай еске алады: «Өстіп сүлдерімді сүйретіп жүрген күндердің бірінде Қаныш шақырып алып, жағдайымды сұрады. Жұмысы онсыз да басына асып жатқан адамға салмақ салмайын деген оймен: «Бәрі де жақсы» - деп жатырмын. Бірақ ол кісі менің бұл жауабыма қанағаттанбады. Сұңғыла адам емес пе: «Мәселе былай, шырағым, - деп әңгімені төтесінен қойды. – Байқаймын, жазуынан гөрі сызуы көп бұл мамандық болашақта саған қол болмайтын сияқты. Өйткені ертең оқуыңды бітіріп, бұрғылау алаңы мен шахта, карьерлерге барғаныңда неше түрлі қиындыққа кездесесің. Сондықтан ол жерлердегідей тарсыл-гүрсілден ада, айғай-шуы аз, өзі қызықты, өзі құпия сырға толы археологияға бет бұрғаның жөн шығар. Бұл біздің ғылымда әлі түрен түспеген тың сала. Тыныш мамандық. Тек оқы, ізден, ой-қиялыңды іске бағындырып, жаңалық аш. Болды! Мен КазМУ-дегі тарих факультетінің деканы Мұсатай Ақынжановпен сөйлесіп көрейін. Келіссе, бір оқу орнынан екінші оқу орнына ауысу қиын емес. Сәтін салып жатса, сол факультеттегі археология бөліміне барғаның дұрыс» - деді.[1]

Содан, ол КазМУ-де бес жыл оқиды да 1950 жылы республика Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтына келіп жұмысқа орналасады. Ол кезде бұл ғылыми мекемені ғалым С.Н.Покровский басқаратын. Жас маман міне, осы жерде жүріп Ә.Х.Марғұлан, А.Н.Бернштам

секілді атақты адамдар жетекшілік еткен Оңтүстік және Орталық Қазақстан экспедицияларына қатысады. Жүріс-тұрыстарының өзі жатқан бір тәрбие, сөйлеген әр сөздері сырға толы, тәжірибелері таудай «екі шалмен» бірге болған сол сапарлар кейін оның талай рет түсіне еніп, өмірінде өшпестей із қалдырғаны бар. Өстіп жүріп аспирантураны да тәмамдап, 1953 жылы Ленинградта сол кездегі одақтық археология білгірлерінің бірі М.П.Грызуновтың жетекшілігімен «Орталық Қазақстандағы қола дәуірі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды.[2] Кандидаттық диссертация қорғағанда 29 жаста болатын.[3]

1954 жылы Ғылым академиясына республика Үкіметінен арнайы нұсқау келді. Онда сол кездегі онжылдық ішінде Іле өзені бөгеліп, ол жерде үлкен су қоймасы салынатындығы, сондықтан бұл маңайдағы тарихи маңызы бар ескерткіштер мен обалар болса оларды қазып зерттеп, қорытынды жасаудың қажет екендігі айтылыпты.[4] Себебі, Іле бөгелсе, аңғардағы біраз археологиялық объектілердің су астында қалып қоюы мүмкін. Бұл содан кейінгі 16 жылдан соң, яғни 1970 жылы пайдалануға берілген Қапшағай ГЭС-іне байланысты дайындықтың басы еді. К.А. Ақышев Бесшатырды қазуға кірісті. Мұндағы батыстан шығысқа қарай 1 шақырым, ал солтүстіктен оңтүстікке қарай 2 шақырым алқаптағы үлкенді-кішілі 31 обаның архитектуралық жобасы жасалды. Олардың арасындағы кейбіреулерінің биіктігі тіпті 20 метрге дейін баратын мұнараларды таспен өріп тұрып қалаған. Бір арақашықтықты сақтай отырып тізбектеле орналасқан 6 үлкен обаларда бір-бірімен жалғасқан жер асты жолдары-катакомба бар болып шықты! Бесшатыр кешенін тұрғызған біздің қадым ғасырдағы бабаларымыз – сақтардың асқан еңбекқорлығын атап айта кетпеске болмайды. Жоғарыдағы 31 обаның ішіндегі ең үлкен деген бір үйіндегі 50 мың текше метр тас пен топырақ кеткен. Оның маңындағы қоршау тізбектеріне 3 шақырым жердегі карьерден дайындалып әкелген мыңға жуық қалақтас жұмсалған. Осындай ірі обалардың ішіндегі тайпа көсемдері мен қолбасшылар қабірінің қабырғаларын тұрғызуға жұмсалған Тянь-Шянь шыршасының бөренелері бар. Олар қорымнан 200-250 шақырым қашықтықтағы Алатау бөктерінде дайындалып, өзен арқылы аққан салмен жеткізілген. Ал

кешеннен табылған археологиялық құндылықтарға келсек, олардың ішінен қоршау қалақтастарындағы қазақтың «көз» таңбасына ұқсас көне тайпа айырымдарына тән күн рәмізін, қабірлердегі көбелек тәрізді бәйнесі бар қысқа семсер – ақинақты, іші қуыс алтын түйіршіктерді қосақтап дәнекерлеген моншақтарды айтуға болады. Бұл заттық деректер Бесшатыр қорымының біздің заманымыздан бұрынғы VI-V ғасырларда салынғанын көрсетеді.

К.А. Ақышев Бесшатыр обасындағы археологиялық зерттеуді былай еске алады: «1969 жылдың тамыз айы болатын. Ал, қыркүйекте біз Есікке барып, қорғанның оңтүстік шетіндегі кіші обаны қазуды бастадық. Бірақ көз ашпайтын күзгі жаңбырға ұрынған соң жұмысты тоқтатып, 1970 жылғы жазда оны қайта жалғастырдық. Кіші оба деп отырғанымыз биіктігі 5 метрлік төбе еді. Өкінішке қарай одан ештеңе шықпады. Түк қалдырмай тонап кетіпті. Содан соң уақыт оздырмай екіншісін, яғни биіктігі 6, ал диаметрі 60 метрлік үлкен үйіндіні қазуға кірістік. Оның ортаңғы бөлігіне келгенімізде, мұндағы қабірдің де тоналғаны белгілі болды. Біздің тәжірибемізде осындай обалардағы жерлеу рәсімдері біреу ғана екінші не үшіншісі бақилыққа аттанған атақты адамның (егер ол атақты болмаса мынандай үлкен оба тұрғызылмас еді) нағыз өз қабірі болып келетін. Сондықтан да қазба жұмысын одан әрі кеңейте жүргізіп жатқанымызда, алғашқы тоналған бөлік жанындағы 10 метр қиыс тұстан керемет ағаш қабырға шыға келді. Байқаймыз, бүгін. Бұзылмаған бөренелі бөлме. «Құдай берді!» - дедік ішімізден. Сөйттік те оны топырақтан арши бастадық. Төбесін ашып қарағанымызда не көрдік дейсіз ғой?! Шегенделген табыт. Ал ішінде иә, ішінде еті әлдеқашан ағып кеткен ақсөңке адам сүйегі, оның ұзына бойына айнала қоршап жарқ-жұрқ еткен жүз мыңға жуық алтын әшекейлер көзге шалынды. Ғаламат, ғажап көрініс еді?»[5]

К.А. Ақышев Алматыдағы Археология мұражайын да құруға қатысқан. Ол туралы ол былай еске алады: «Ғылым академиясының президенті Шаһмардан Есенов екеуміз ҚКП Орталық Комитетінің хатшысы Саттар Имашевтің қабылдауына шақырылды. Онда ол Алматыда Азия-Африка елдері жазушыларының V халықаралық конференциясы

өтетіні, жер-жерден 69 мемлекеттен қонақ келмек. Соған мұражай жасау туралы болды».

Академия мен Орталық музейде мыңға жуық археологиялық жәдігер тұр. Бәрі де бағалы. Өз салмағы бар дүниелер. Қалалық атқару комитетінен археология музейге керек деп Ленин даңғылының «Искра» кинотеатры үстіндегі болашақ гастрonom үйін берді. Оны қайта жабдықтап жасауға құрылыс министрі Мұстақым Ықсановты мықтап жегіп қойды. Содан арада 4 ай өтіп, конференция ашылуға 15 күн қалғанда бәрі бітті. Музейді көруге ҚКП Орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өзі келді. Тұңғыш танысуы ғой, әйнекпен қоршалған қаракүлінгір бұрыштағы жарқырай сәуле шашып тұрған Алтын адамға қарап таңғалды. Басқа экспонаттарға да зейін қоя үңіліп, зал ішінде өте көңілді жүрді. Бәрін аралап болған соң ұжым мүшелерін жинап алып алғыс айтты. Кетерінде маған бұрылып: «не өтінішің бар, Кемел? Археологиялық жұмыстарға байланысты туындаған проблема бар болса, жасырмай айт. Оны мына бастықтарың тұрғанда, бәріміз бірігіп шешеіп кетейік» - деді күліп. «Бастықтарың» -дегені қасына өзімен бірге еріп келген Орталық Комитеттің идеяология хатшысы Саттар Имашев пен Ғылым Академиясының президенті Шаһмардан Есенов еді.[6]

Мен, Отырар қаласына археологиялық зерттеу жүргізейік дедім. Елдің санасына көне қазақ жерінде қала болған деген ұғымды қалыптастырамыз. Ұлы Жібек жолындағы шаһардың сауда орталығына айналып, өз ақшасын шығаруы, сәулет үлгілерін өмірге келтіріп, су құбырлары жүйесін жүргізуі, қорған мен цитадель салуы - өркениеттіліктің белгісі. Отырарда міне, бұлардың бәрі бар. Енді тек соны қазып, заттай айғақ ретінде орталыққа көрсетуіміз, деректерді ғылыми айналымға түсіруіміз керек. Мәселе осында. Димекен мына сөзді естігенде қатты ойланып қалды. Кетерінде қолымды құшырлана қысып тұрып: «Түсіндім. Бәрі де болады» - деді. Ғылым академиясының президенті Шаһмардан, Есенов кіріп, біздің институт жасаған «Отырар археологиялық кешенді экспедициясының көп жылдық қазба жұмысы жоспарына» Димекеннің келісімін алып шықты. Сондағы бәрімізді қуантқан нәрсе, әсіресе, жобадағы Отырарды қазушы мамандарға жыл сайын бөлінуге тиіс деп көрсетілген 100 мың сом ақшаның

қысқарылмай қолдау табуы еді. Ол кезде бұл дегеніміз өте мол қаржы болатын. Содан 1975 жылдан 1987 жылға дейін сол сома берілді. Ал 1988 жылдан бастап үздік-создық болып бөлініп беріліп жүрді де 1990 жылы мүлде тоқтады.[7] Бұл кезде біз де Отырардағы экспедиция жұмысын бітірген едік – дейді ғалым. К.А.Ақышев отандық археологияда екі үлкен істі Алматыдағы республикалық археология музейі мен Отырарды қазу жөніндегі көп жылдық кешенді экспедицияны құру мәселесін қоса бітірді.[8] Ал, 2000 жылы К.А.Ақышев ғалымның осыдан 4 жыл бұрын Астана іргесінен мүлде белгісіз көне қаланың орнын тапқандығы еді.[9]

Археолог ағамыздың қолына бірде XVIII ғасырда өмір сүрген орыс офицері, топограф И.Шангиннің күнделігі түседі. Онда: «Мен Есіл жағасында қирап жатқан қаланы көрдім. Кезінде тамаша елді мекен болғаны байқалады. Бізді әсіресе оның іргесіндегі суы тұщы көлдің ғажайып көрінісі таңғалдырды», - деп жазылған екен. Кемекең осы деректі негізге ала отырып архивтен Целиноград (қазіргі Ақмола) облысын 1974 жылы аэрофотодан түсірген көріністі тауып алдыртады. Салыстырып қарағанда, топограф И.Шангиннің күнделігінде айтылған көлдің суалған орны мен оның жағасындағы шаһар құландысы қазіргі Астана іргесіне 10 шақырым жерде жатқаны анықталады. Ол кісі басқарған экспедиция мүшелері міне, 4 жылдан бері осы жерді қазу үстінде 3 мың шаршы метр аумақты топырақтан аршыған кезде көне қаланың екі құрылыс қабатынан тұратындығы белгілі болды. Оның үстіңгісі XIII-XV ғасырларға тән десек, астыңғысы X-XII ғасырларға жатады. Шаһардың ортасындағы төбеден 20-дан астам қабір мен 5 мазар табылып, төңіректен қалыңдығы 5 сантиметрлік бөлек формалы кірпіштер, күміс тиын, темір жебе қазып алынды.[10]

Қалада шағын кәсіпкерлік орындары болғаны байқалады. Онда қыштан түрлі ыдыс-аяқтар жасалынып, кірпіш күйдіретін арнаулы орын және ұстахана жұмыс істегенін айғақтайтын деректер бар. Әсіресе шаһар халқына қажет су іргедегі көлден тікелей тартылғандығы айрықша әсер қалдырады. Оған дәлел, көлден тұщы су алу үшін екі ортаға шағын канал қазылған екен. Онда жел арқылы айналатын сорап механизмі жұмыс

істеп тұрған. Су соның күшімен жоғарыға қарай шығарылып отырған.[11]

Міне, осындай жайлар анықталған соң К.А. Ақышұлы Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа кіргені бар. Ғалым онда мемлекет басшысына Астана іргесінде X-XII ғасырларда пайда болған Бұзоқ атты қала туралы толық айтып берді. Қазақстанның қазіргі елордасының орнында сол орта ғасырларда-ақ әскери ставка және билік резиденциясы ретінде қызмет еткен қала болған деп есептейді археолог.[12]

Сөйтіп ол өмірінің соңына дейін осы қаланы қазуға кіріседі. Қазақтың белгілі археолог ғалымы Кемел Ақышев Отандық тарих ғылымында өз қолтанбасын қалдырған ғалым. Сонау 1950 жылдары қазақтарға археология ғылымы әрі жат, әрі таңсық кезде, ол осы ғылымды қалаған қазақ жастарының бірі болды. Осы ғылым саласындағы қазақтың тұңғыш археолог ғалымы, ғұлама, академик Ә. Марғұланнның шәкірті болды.

К.А. Ақышевтың археология ғылымындағы ерекше орын алған жаңалығына «Алтын адам» ескерткіші жатады. 1969-70 жылдары Жетісу археологиялық экспедициясының жетекшісі ретінде Алматы облысы, Еңбекші қазақ ауданындағы, Есік қаласы маңындағы Есік өзінінің жағалауында орналасқан б.з.д. V-IV ғасырдағы сақ обаларын қазып тоналмаған «Алтын адам» қабірін ашты. Есік обаларының көлемі: диаметрі 30-90 м, биіктігі 4-15 м аралығында. Алтыншы обаны қазғанда бөренелерден жасалған ағаш қабірге қойылған мүрделер табылды. Оба диаметрі 60 м, биіктігі 6 м болған. Ханзада қабірінен 4 мың алтын әшекей тағылған киім, қару-жарақ, ыдыс-аяқ т.б. заттар алынды. Соның ішінде күміс тостағанға түсірілген 26 таңбалы жазуы бар ыдыс табылды.

Киім үлгісі, жерлеу рәсімі, алтын адамның Жетісу жерін мекендеген сақтардың көрнекті елбасы немесе жас көсем әскербасы екенін көрсетеді.[13]

Алтын адам қазақ халқының ұлттық мақтанышына айналды. Оның бейнесі азаттық ескерткішіне, қанатты тұлпары елтаңбамызға енді.

Ғалым өз атағын тек осы «Алтын адаммен» тарихта қалдыра алар еді. Бірақ ол тынбай еңбектеніп, көне Отырарды зерттеуге кірісті.

Солтүстік Қазақстандағы қола, темір, орта ғасыр ескерткіштерін зерттеуде көп еңбек сіңірді. Астана қаласында жас археологтардың қалыптасуына, оларға ғылыми жетекшілік жасауда талмай еңбек етті.

Ғалым алғашқылардың бірі болып Есіл өзені маңындағы ескерткіштерді зерттей бастады. Бұл маңда адамдар ашель-мустьер заманында-ақ қоныстанып тас қарулар жасағанын дәлелдеді. Ежелгі тұрғындардың аңшылықпен, балық аулаумен және терімшілікпен шұғылданғанын анықтады.

Қола дәуірінің ескерткіштерін б.з.д. I мың жылдықтың басы кезінде Орталық Қазақстандағы «Андронов» мәдениетіне жатқыза отырып, ол қазіргі Астана қаласы маңында да тарағанын айқындады.

Бұдан басқа Астана қаласы маңында да темір дәуірінде, б.з.д. VIII-V ғасырларда сақ тайпаларының ескерткіштері орналасқандығын анықтады.[14]

К.А. Ақышев көне Қазақстан тарихының өзекті мәселелері бойынша негізгі тұжырымдарын жасауға белсене қатысты. Орталық Азия өркениеті жүйесінде ежелгі Қазақстанның орнын айқындауға елеулі үлес қосты. Ол 220-ға жуық ғылыми еңбек, соның ішінде 10 монография жазды. 1982 жылы Қазақстан мемлекеттік сыйлығын алды. 1983 жылы Германия Археология институтының корреспондент мүшесі атағын алды. 1982 жылы Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер атағын иеленді. 1996 жылы Қазақстан Республикасының Ғылыми Академиясының Ш.Уалиханов атындағы арнаулы сыйлығының лауреаты болды. 1998 жылы «Парасат» орденімен марапатталды. Сонымен, К.А. Ақышевтың өмірі мен қызметі жас ғалымдарға үлгі өнеге болып қала бермек.[15]

Әдебиеттер:

1. Қодар Әуезхан. Тектілікке дем берген. // Тамыр 2004. №2. 126-128 бет.
2. Ермекбаев Ж.А. Слово об ученом. // Евразийский ежегодник. Астана, 2005. 30-33с.
3. Ақышев К.А. Эпоха бронзы Центрального Казахстана. // т.ғ. кандидаты ғылыми атағын алу үшін дайындаған диссертация авторефераты. Л., 1953.

4. Акишев К.А. Археологическая наука в казахстане // Наука Советского Казахстана. 1920-1960. Алма-Ата., 1960. 580-594с.
5. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата, 1963 9-136с.
6. Акишев К.А., Байпаков К.М. Музей археологии Академии наук. КазССР //Вестник АН КазССР, 1973. №11. 65-67с; Солардікі; Музей археологии Академии наук Казахской ССР.// Советская археология 1975.№2.316-317с.
7. Акишев К.А. Некоторые итоги раскопок городища древнего Отрара (1971-1975г.г). //Археологические исследования в Отраре. Алма-Ата, 1975. 5-14с; Сонікі: Раскопки Отрара. //Археологические открытия 1979. М., 1980. 427-428с.
8. Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Отрар XVI-XVIII веков по итогам раскопок 1971-1973. // Древности Казахстана. Алма-Ата, 1975. 3-48с.
9. Акишев К.А., Хабдулина М.К. Из средневековой истории города Астаны. // Қазақстан музейлері. Музей Казахстана. 2004ж. №1(4). 34-38с; Гапонова Н.Разведчик старинных миров // Казахстанская правда. 2007ж. 9 июня. 8с.
10. Акишев К.А. К проблеме средневековой городской культуры Сары – Арки.// Степной край Евразии: историко- культурные взаимодействия и современность. Международной Евразийский форум. 3 науч. Конф. Астана, Омск, Томск, 2003. 10-13с.
11. Хабдулина М.К. Бозоқ Астананың түп-тамыры. // Нұр Астана, 2006ж. 29.қараша. №47-48 (157). 3 бет; Аян Кажыбай. Астанчанка золотоордынской эпохи.// На страже. 2007г. 14-21с. №22.
12. Нұрсұлтан Назарбаев. Еуразия жүргенде. Астана, 2005. 75 бет.
13. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. А., 1998. 1том. 1-308бет.
14. Акишев К.А. Батагай предтеча Астаны. // Акмолинская правда. 1998г. 30 июня.
15. Байпаков К.М. Археологией мобилизованный. // Казахстанская правда. 2004г. 10август. №177.

* * *

В статье рассматривается жизнь Казахстанского археолога и историка К.А.Акишева. Автор на основе археологических источников характеризует «золотого человека», найденного в 1969 году в кургане Иссык.

* * *

Scientific heritage of Akishev Kemal Akishevich

In this article is considered the life and activity of well known Kazakhstan's archeologic and historian K.A. Akishev. The author on the basis of archeological sources characterizes «Golden man», when was found in 1969, in Issek Tomber.

Опабекова Д.К.
Аспирант КазНПУ им. Абая

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИСТОРИИ ОРГАНИЗАЦИИ БАЯНАУЛЬСКОГО ВНЕШНЕГО ОКРУГА (1833-1868 гг.)

Как известно, в первой половине XIX века сложились новые политические условия в Среднем жузе. Административная политика царизма акцентировала свое внимание на ликвидацию института ханской власти и усиление авторитета родовой знати.

В связи с упразднением ханской власти в регионе царизм создает новую форму административного управления, впоследствии чего на территории Среднего жуза были открыты Кокчетавский, Каркаралинский, Аягузский, Уч-Булакский, Баянаульский, Акмолинский, Кокпектинский внешние округа.

В настоящей статье рассматривается история организации и деятельности Баянаульского внешнего округа, который просуществовав всего 35 лет, сыграл очень важную роль в политической жизни Баянаула, оставив заметный след.

Отметим, что история открытия и деятельности Баянаульского внешнего округа тесно взаимосвязана с именами таких личностей как Шон Едигин, Шорман, Казангап, бий Ботбай, Муса Шорманов и др.

Интересен тот факт, что открытие Каркаралинского внешнего округа 8 апреля 1824 года при урочищах Кент и Каркаралы, в состав которого вошли казахские аулы, состоящие под управлением покойного хана Букея вызвало возмущение баянаульских казахов, так как при учреждении округа чиновники Западно-Сибирского генерал-губернаторства и ага султан Турсын Чингизов намеревались присоединить в его состав нынешние территории Баянаульского, Аксуского, Майского и Екибастузского районов Павлодарской области; Бухаржырауского и Молодежного районов Карагандинской области.[1]

Конечно же, родоначальники баянаульских казахов под руководством авторитетного бия Шона Едигина выступили против добровольного вступления под зависимость Каркаралинского окружного приказа, также они предложили генерал-губернатору открыть новый внешний округ – Баянаульский.

По мнению Калмукана Исабаева «Вольная жизнь номадов, не входящих в состав ни одного округа не давала покоя царской администрации, к Шон бию зачастили офицеры с различными предложениями от губернатора».[2]

В одном из таких посланий генерал-губернатора имеется просьба о сообщении структуры союза тортуульцев.

28 ноября 1825 года в своем письме Шон бий отмечает, что «вступая в борьбу с ханской властью Букея Баракханова в 1816 году, мы организовали Туртуульский союз, ядром его явились потомки четырех сыновей Суйюндука – Кулболды, Жанболды, Орманшы, Каржас. На сегодня в данный союз входят тринадцать родов – Басентейин, Буранайман, часть родов Канжыгалы, Карпык, Тама и другие представители этих родов 332 бия, входящих в совет союза, единодушно избрали меня главным бием союза. Подведомственный мне народ состоит из 43000 аулов, и я уверен, что количество народа, подвластное представителям чингизидов, потомкам ханов Абылая и Букея, по количеству не составят даже половины моего» [3].

14 февраля 1826 года Шон Едигин дает подписку начальнику отряда Каркаралинского окружного приказа сотнику Карбышеву в том, что *«для спокойствия и мира нашего народа согласен на открытие окружного приказа при горе Баянаул...»*.

Приведем исторический документ также подтверждающий несогласие баянаульских казахов войти в состав Каркаралинского округа: *«При учреждении Каркаралинского округа принято было в освоение, что волость Тортуульская, происходя от главного рода Каракисекского, из коего оный округ составлен, должна присоединиться под управление одного приказа. Но впоследствии найдено, что частные отношения султанов Букеевских с родоначальниками упомянутой волости и существовавшие издавна несогласия*

между их киргизами, предлагают к тому сильную преграду, которой предусмотреть, или, по крайней мере, почти токовой сначала было не можно. Известный бий Шон Едигин управляя Тортуыльской волостью с большею властью и доверенностью, нежели какие либо султаны, поставил себя в такое положение, что никогда не решится добровольно вступить под зависимость оных султанов, коих преимущества в управлении, определенные Уставом о киргизах, по-видимому, оскорбляют его права на принадлежность оной волости....

Между тем, как объяснились уже причины, по коим тортуыльцы устраниют себя от вступления под зависимость Каркаралинского приказа, дошли сведения, что бий Шон соглашается на учреждение в волости, им управляемый, особого округа, выжидая только на сие по свойственной гордости азиатца приглашения со стороны здешнего начальства. По сему в проезде отсюда сотника Карбышева, и поручено мною было ему сделать тому опыт при сведении его с упомянутым родоначальникам.

Бий Шон не только принял сие приглашение, но и вступил торжественно в подданство России, а вместе с тем отправил и депутацию от волостей Тортуыльской, Басентиинской и Канжигалинской....

...Польза открытия округа при Баян-Ауле такова, что киргизы, на пространстве между двумя внешними округами здешнюю линию кочующие, со вступлением в веление сего нового округа прекратят уже те беспорядки и грабежи, какие от них претерпевали до сего соседственные волости, состоящие под управлением Каркаралинского и Кокчетавского приказов: учредятся сообщения от одного приказа до другого; составиться связь в управлении между тремя округами, и, наконец, все сие совокупно послужит к прочному восстановлению в степи порядка...» [4].

Необходимо подчеркнуть, что в 1826 году открытие округа не состоялось. Однако, входе переговоров на берегу озера Сабындыкуль возникло казачье поселение, название которого было дано по Баянаульским горам – Баянаул, что в переводе означает «богатая гора», «гора счастья, благодати». [5].

И лишь в 1830 году к баянаульским горам был послан отряд К.И. Леденева, который сообщал, что «... с общего согласия всего туртуульского населения они присягнули в верноподданстве перед аль-Кораном, согласно обычаю... Приняли присягу 1500 аулов Шона, а в оных полагается примерно 15000 кибиток, 125 аулов бия Шорман, 2000 кибиток, 40 аулов Укубая, 4000 кибиток, 430 аулов Казанган, 4300 кибиток, еще всего 2095 аулов – 21700 кибиток. Сверх того ожидается еще присоединение найманов из левобережья Иртыша» [6].

9 марта 1833 года Положением Сибирского комитета было утверждено официальное положение об открытии двух округов Омской области – Баянаульского и Уч-Булакского. Также отметим, что в открытии Баянаульского внешнего округа принимал участие первый начальник Омской области генерал-майор С.Б.Броневский [7]

В результате командир Сибирского отдельного корпуса И.А.Вельяминов направляет письмо-ходатайство Омскому областному начальнику В.И. де Сент-Лорану об открытии в казахской степи внешнего округа под названием Баянаульского.

22 августа 1833 года генерал-губернатор Западной Сибири подписал приказ об открытии Баянаульского внешнего округа. В состав Баянаульского внешнего окружного округа вошли 14 волостей, состоящих из 149 аулов и 11819 кибиток (или примерно более 65 тысяч человек обоего пола).

Таким образом, в составе Баянаульского внешнего округа находились следующие волости:

1. Басентинская
2. Баимбет-Басентиинская
3. Айтей-Басентиинская
4. Актлес-Кучук-Басентиинская
5. Бозгозы-Буранаймановская
6. Джаутей-Буранаймановская
7. Кулыке-Каржасская
8. Кулюковская
9. Сатылган-Алтынторинская
10. Айдабульская
11. Джангозы-Айдабульская
12. Акбура-Тулпаровская

13. Урманчинская
14. Козгановская [8]

По данным Жаксыбаева первые четыре волости относятся к поколению Басентейинское, зимовки которых расположены на левом берегу Иртыша от нынешнего села Актогай до села Коктобе; 5-6 Буранаймановское, на правом берегу Иртыша, между нынешними селами Чернорецком и Григорьевкой, между речками Тундык и Чиганом в нынешнем Майском районе; 7-14 Тортубильское, южная часть Баянаулинского округа, особенно горы Кызылтау и Далба.[9]

В этом округе в общей сложности насчитывалось 400 тысяч лошадей, 112 тысяч крупного рогатого скота, более 1 млн. овец и коз, 31 тысяча верблюдов. [10]

Особое внимание привлекает тот факт, что хотя по Уставу 1822 года ага султанами должны были избираться торе, в Баянаульском округе был избран Шон бий- ага султан, который не принадлежал сословию торе. Так, в книге «Дневники и письма» польский писатель-демократ Адольф Янушкевич после встречи с Шоном писал: «Шон не был чингизидом, но являлся крупной фигурой в степи, он настолько мудро, справедливо и деловито управлял своим народом, что ему завидовали даже ханы...» [11].

По мнению С.Б.Броневского, «в должность старшего султана введен бий Шон Едигин, престарелый, но умный и благонамеренный, народом Туртугульских волостей любимый и имеющий влияние на оны более, нежели полагать можно было». [12]

Итак, поселение Баянаул становится центром обширного внешнего округа, границы которого простирались до Иртыша и охватывали территорию нынешних районов Павлодарской области.

Необходимо отметить, что с открытием Баянаульского внешнего округа для связи его с Омским управлением устанавливается почтовая связь по тракту «Каркаралинск – Баянаул – Коряковский форпост - Омск». Почтовый тракт имел казачьи пикеты, названные по географическим объектам – Калкаманский, Жамантузский, Чапчанский, Карасорский, Кайдаульский и другие.

Г.С.Карелин, в своих записях писал «Баянаул... Селение состоит из крепостенки, где приказ и водворенных казаков, которых 47 домов. Кругом медные прииски и свинец. Земли

удобные. Хорошая мена и средства к торговле. Бедность казаков от лени и пьянства. Двухлетняя льгота. Управление: старший султан округа, два русских и два киргизских заседателя. Округ в 20 волостей по 600 кибиток» [13].

В 30-х XIX века на территории округа начинает зарождаться горнозаводская промышленность и добыча угля, возникают первые рудники и копи. Разведку медных и серебряных руд, угля вел сибирский горнопромышленник Степан Попов, который с помощью местных казахов рудознатцев, таких, как Косум Пшенбаев, обнаружил по следам древних выработок более 100 рудных и угольных мест. В 1832-1840 годах Попов организует плавку руд на Благодатно-Стефановском руднике. В 1839 году, возник Александровский завод на урочище Канды-Карасу, 6 сентября 1849 года дал первую плавку. Этот первый медеплавильный завод в регионе находился к северу от Баянаула. Завод пользовался углем Кызылтауской, Талдыкульской и Майкубенской копей [14].

Интересны сведения о состоянии здравоохранения в Баянаульском округе в эти годы: первое медицинское учреждение – больничный дом из двух комнат на десять коек – был открыт зимой 1833 года. Но врача не было, руководил первой больницей Баянаула младший фельдшер Оконечников, который с 1834 года по 1835 год лечил 16 человек, но вскоре эта больница была превращена в военный лазарет. В 1855 году в Баянауле работали первые фельдшеры из казахов: Жусуп Мантекин и Абсамат Тычкантаев [15].

В 1854 году для изучения экономики и населения округов области сибирских киргизов и их потенциальных возможностей накануне новых административных реформ генштаб русской армии отправил отряд для сбора статистических сведений. По этим сведениям известно, что в 1863 году в Баянауле проживало 280 человек, из них 180 мужчин и 100 женщин. Насчитывалось 44 дома. Баянаул стал центром из 14 волостей, в нем насчитывалось 149 аулов и 11819 кибиток и юрт. Баянаульский внешний округ имел площадь в 57663 кв. версты, количество скота насчитывалось у казахов на 1863 год 426892 головы [16].

В 1868 году Баянаульский внешний округ был ликвидирован. По положению о степных областях была учреждена казачья станица.

С 1869 года Баянаул был в составе Павлодарского уезда Семипалатинской области.[17]

Таким образом, мы полагаем, что история организации и деятельности Баянаульского внешнего округа требует более глубокого изучения, в связи с тем, что Баянаул в XIX веке являлся эпицентром политических событий, был одним из знатнейших урочищ в Среднем жузе, именно в Баянаульском округе первым ага-султаном был избран авторитетный бий, который не являлся чингизидом, здесь же предполагалось избрать ханом Губайдоллу.

Список использованных источников

1. Жаксыбаев С. Открытие Баянаулинского округа.
2. ЦГА РК, ф.338, оп.1, д.336, 4-5 л.
3. ЦГА РК, ф.338, оп.1, д.690, 2-3 л.
4. ЦГА РК, ф.345, оп.1, д.720, 4 л.
5. Янушкевич А. Дневники и записи. – Париж, 1861. – С.32-33
6. Отечественные записки. – СПб, 1814. – С.98
7. ЦГА РК, ф.338, оп.1, д.438, 7 л.
8. ЦГА РК, ф.345, оп.1, д.452, 11 л.
9. Жаксыбаев. Открытие Баянаулинского округа
10. ЦГА РК, ф.345, оп.1, д.336, 4-5 л.
11. ЦГА РК, ф.206, оп.1, д.305, 7-8 л.
12. Красовский. Область сибирских киргизов. – 1868. – 135 с.
13. ЦГА РК, ф.345, оп.1, д.309, 2-3 л.
14. ГА РК, ф. 338, оп. 1, д. 408
15. Завалишин Н.И. Описание Западной Сибири: Сибирско-Киргизская степь. – М., 1867, т. 3
16. Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. 1, А.-А., 1960, с. 112-118
17. «Московские ведомости», № 76, 1833 года

* * *

Бұл мақалада 1833-1868 жылдардағы Баянауыл сыртқы округінің ашылу рәсімі мен сыртқы округтегі негізгі саяси оқиғалар баяндалады.

«КӨКЖАР» ЖӘРМЕҢКЕСІ

Көкжар тарихы әріден басталады, XV–XIX ғасырлар арасындағы Шыңғыс хан мен оның мұрагерлерінің шапқыншылығы кезеңін, патшалық Ресей отаршылдарының жаппай қазақ жеріне енуіне куә болған қасиетті топырақ. XVII ғасырдың орта шенінен кейін Көкжар өңіріне оңай олжаны аңсаушы саудагерлер жол аша бастады. Өңірі малға толы, жайылымы жайсаң, адамы малын жердің байлығына қызығушылар көбейді. Олардың арасында XVIII ғасырдың басынан татар, башқұрт және орыс саудагерлері ағыла бастады. Патшалық Ресей XIX ғасырдан бастап қазақ өңірін отарлау саясатына жаппай кірісіп, мыңдаған отбасыларды, оның ішінде Көкжар өңіріне сол лектің 200-ден астамы қоныстанған. Қазақ халқын уысынан шығармау саясатын жүзеге асыру мақсатында бекіністер сала бастады [1].

Төрт бағытқа жүретін жолдың кіндігі Оңтүстік Азия мемлекеттерінің Ресей патшалығына сауда керуенін тартатын атақты «Жібек жолы» бойында орналасқан Көкжар қаласында XIX ғасырдың орта шенінде жәрмеңке ашылып ол тауар айналымы жөнінен Ресейдің екі үлкен сауда орталығының беделін асырып, даңқы түкпір – түкпірге таралады. Осы жерде тек қазақтардың ғана емес, бүкіл карақалпақтарды, башқұрттарды, Орта Азияның көпестерін жинаған жәрмеңке болған.

XIX ғасырдың 50 – 60 жылдары патшалы Ресей үкіметі Қазақстанды тәуелді ете түсу үшін әр қилы шараларды іске асыруға тырысты. Жайық, Сібір, Орынбор казак әскерінің ұйымдастырылуы, әсіресе Ойыл, Жайық бойындағы ғасырлар бойы көшпенді мал шаруашылығының өрісі болған өңірлерге Ресей патшасының қызғаныш білдіруі, сол жерлерге бекіністер тұрғызуға әкеліп соқты. Әрине Ресей патшасының көздеген мақсаты бекіністер салуда қазақ жерлерін бақылауға алу. Ресей ықпалына біртіндеп өтуі жалпы қазақ елінің әлеуметтік –

экономикалық және саяси өміріне өзгерістер әкелді. Қоғамдық және саяси дамуы тереңдей түсті .

Қазақ даласына біріншіден бекіністер салып, арнаулы көңіл бөлуінің басты себебі Ресейдің экономикалық мүддесінен туындаса. Екіншіден өлкенің арзан шикізат әрі үстеме пайда табу көзіне айналды. Бұдан шығатын басты қорытынды Ойыл бекінісінің тарихы тікелей керуен жолдарының іске қосылуымен байланысында. Сөзіміз дәлірек болу үшін, Орынбор генерал – губернаторы Н. Крыжановский өзінің соғыс министріне жіберген 812 санмен тіркелген қатынас қағазында: «Ойыл өзенінің жағасынан өзімізге басты тірек пунктін салу тілегімізді қолдануыңызды өтінімім. Бұл жер шұрайлы, табиғаты өте бай әрі біздерге әрі біздердің қарамағымыздағы солдаттарға тиімді болып отыр. Бекініс тұрғызуға басты мақсат ол қай уақытта қандайда болмасын қырғыз (қазақтар) даласындағы бүліктер мен толқуларды басуға, оларға қарсы батыл қимыл жүргізетін сенімді тірегіміз болмақ», - деп жазған [2].

Ойыл бекінісін салудың сауда – экономикалық маңызына қоса саяси – жағрафиялық әрі стратегиялық орналасуына зор мән берілгені анық болып тұр. Себебі, бұл аймақ Орынбор губерниясының кіндігінде орналасқанымен шектелмей, Азиялық экономикалық арнасына шыға алатын керуен жолдарының жақындығымен ерекшеленді. Осымен қатар қазақ даласына мықтап бекіну арқылы империя билеушілері ұтымды және қалаған уақытында өлкедегі тыныштықты орната алатынын ойдан ұстаған.

Тағы бір аса маңызды жәйт, ол Ойыл бекінісінің салыну тарихы сауда – керуен жолдарының қауіпсіздігімен тікелей байланысты. Ойыл бекінісінің негізі қаламай тұрып ақ қазіргі Ойыл орнында отырықшы қазақтардың өмір сүргендігін мұрағат деректері айқындай түседі. Мысалға, Орынбор губерниялық статистикалық мекемесінің 1865 жылғы қорытынды есебі бойынша: «Ойылда 138 адамның тұрғаны жөніндегі» мәліметтер сақтаулы [3]. «1865 жылдың қаңтар айының 26 жұлдызында губерния орталығы Орынборда Соғыс және Ішкі істер министрлерінің басшылығымен жасырын жиын өтеді, онда жаңадан тұрғызылатын бекіністің сыртқы және ішкі

келбетінің, бекіністің іші мен айналасына тұрғызылатын объектілердің жобалық сызбасын әзірлеу Орал облысының губернаторы - майор Веревкинге тапсырылады. Комиссия 3 ай жұмыс жасап, нәтижесінде Ойыл бекінісінің жобалық түп – нұсқа сызбасын дайындаған. Ал Ойыл бекінісінің алғашқы табаны 1865 жылдың 19 маусымында қаланады. Мұрағат құжаттарына тағы көптеген маңызды, ғылыми тұрғыдан құнды деректер сақталған [4].

Сауданың бұл жақта XVI ғасырдың өзінде жүргенін, орыс керуендерінің Ертіс бойымен жоғары қарай, ал Бұхара керуендерінің қазақ жері арқылы Еуропалық Ресейге қарай жол тартқан. 1764 жылы Ресей өкіметі осында қарым – қатынастың тереңдеуі үшін арнайы ақша бөліп, бай, беделді деген өзге ұлт өкілдеріне қонақасы беруге, оларға Торғай, Орынбор облыстарында мешіт көпестердің керуендері тоқтайтын сарайлар салдырып, оларды казак әскерлері шығарып салатын болған. Ресейдің империялық билігі отарлауына байланысты жер иелері (қазақтар) одан шететтілді. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жеріндегі патша саясатына қарсы үлкен бас көтерулерді басу үшін және бірыңғай өздеріне бағындыру үшін Ойылда бекініс салынды. Бекініс салынбай тұрып тұңғыш рет патша өкіметінің Ойыл жәрмеңкесін есепке алған.

Бірінші Ойыл жәрмеңкесі отарлаушылардың қатысуымен 1867 жылы Қазыбек шатқалында өтті. Жәрменке отетін орындар биік емес еді, сондықтан Ережеге қарсы болған көтерілісшілер оны тез арада қиратып тастады. Шынтуайтта, міне осы оқиғадан кейін отарлаушылар және билік орындары жәрменке үшін қауіпсіздеу жаңа орындар іздеді.

Әрі қарай, төрт жарым айдан кейін жаңа орында өткен Ойыл жәрмеңкесіне орай мынадай оқиғалар болған. Орал облыстық басқармасының әскери губернаторы генерал – майор Веревкиннің Орынбор генерал – губернаторына жолдауынан: «1869 жылғы 29 қараша. Орал қаласы. Орынбор Генерал – губернаторы мырзаға. Ішкі істер министрі мырзаның 1866 жылғы 7 қыркүйекте бекіткен Ойыл

жәрменкесі жөніндегі ережесінің негізінде облыстың басқарма жоғары мәртебеліме үстіміздегі жылдың 15 қыркүйегінде 15 қазанына дейін жаңа орында, Барқын жерінде болған күзгі Ойыл жәрменкесінің сауда барысы туралы мәлімет бере алады», - деп көрсетілген. Яғни, Ойыл жәрменкесі туралы ереже 1866 жылы бекітілген, ал 1869 жылы жаңа орында – Барқында өткен. Билеуші оындардың тәртібі бойынша алғашқы рет 1867 жылы көктемде Орынбор даласындағы Ойыл өзенінің жанында ашылған жәрменке нәтижелі болған. Оған 25 000 рубльдің тауары әкелінді де, одан 100 000 рубльдікі сатып алынды не айырбасталды, жәрменкеден 20 000 ірілі – уақты мал сатылып алынды [5]. Бұл жәрменкенің жергілікті халық пен басқа өңір саудагерлері үшін тиімділігі орасан зор болған, орыстар қоныстанып, олардың көпестерімен бәсекеге ешкім түспей, ойлары оңынан туып тұрған. Арзан шыт, күнделікті тірлікте пайдаланылатын заттар үшін қазақ бар малын бере салған. Орыс көпестері табын – табын сиыр, отар – отар қой, үйір – үйір жылқыны алдына салып айдап кете берген. Саудының айырбас түрімен бірге, жәрменкелік және тұрақты түрі дамыған.

Ал мына бір деректен жәрменкенің біршама сырлары ашылып тұрғандай: «Мұнда жол орыстардың Ойыл елді мекеніне, басқаша айтқанда Ойыл бекінісіне немесе бұрынғы Оралдың аманаты атаманы генерал Н.Н. Шиповтың құрметіне аталған Шипов поселкесіне жетеді. Бұл қалашық Ойыл өзенінің оң жағалауында жоғарыда орналасқан, ол солтүстік-шығысы болып келеді де, оңтүстікке қарай биік бархандарға ұласады. Ойыл үш бөліктен тұрады. Бірнеше әскери тұрғындар, таратылып болған қамалда орналасқан қазыналық құрылыстар мен шіркеу, оның гарнизоны бірнеше ондаған казактар мен солдаттардан тұрады, олардың басты міндеті – жәрменкеге адамдар көп жиналған кезде тәртіпті қадағалау. Осы әскери поселкенің солтүстік шығысындағы жарты верст жерде Шиповский поселкесі бар, онда әдетте берік тұрақтамаған қоныс аударушылар тұрады. Соңғы поселкемен қатар солтүстік – батыста жәрменкенің тас корпустары соғылған [6].

Жәрмеңке Ойылда жылына екі рет, көктемде – 15 мамыр және 15 маусым аралығында, жалпы айналымы 1900 жылы 1 491 000 рубль және күзде 15 қыркүйек – 15 қазанда, жалпы айналымы 1900 жылы 509 000 рубль болды. 1900 жылы барлығы 2 млн рубльді құраған [7]. Жәрменке айырбас түрінде өтеді, өйткені мұнда орыс көпестері мануфактуралық тауарларын қырғыздардың малы мен жүніне айырбастайды. Ойылда орыс – қазақ мектебі, грамота мектебі, шіркеу, пошта бөлімшесі, жергілікті әскери команда жанындағы және ветеринарлық пункт болған. Ойылдың орналасқан жердің ауа райы күрделі ауырлау болған. Қалашықта жазда құм борады, ал қыста қарлы боран, сондай – ақ тұщы су жетіспейді, жақын маңында тек қана құр жусан-изен ғана өседі. Бірақ Ойылға көршілес аймақтарда (шығыс, батыс, солтүстік) желден тыныш, тұщы суға анағұрлым бай, топырағы құнарлы, боз, селеу жамылған орындар баршылық.

Ойыл бекінісі жағрафиялық-экономикалық орталық болып табылады. Ол жерден жан – жаққа жолдар, Жайықтың арғы бетіндегі дала бойынша керуен жолдары тарайды, яғни оның шексіз сауда маңызы бар. Осыған орай сонау Жібек жолынан бастама алатын Ойыл – Көкжар өңірінің ауыз толтырып айтар өзіндік тарихы жетерлік. Ойыл жәрменкесіне әрісі сонау Үндістан - Қытай, Батысынан – Ресей, Франция, Англиядан алымсақ саудагерлер келген. Жәрменкеге батыс – Қарауылтөбе, Сегізсай, Ашықбай тоғай, шығыс Жездіге дейін аралықта малын сататын қазақтар киіз үйлерін тігіп, саудасын жасаған, ол кездегі малдар – базарда қой, ешкінің ішегі өте бағалы болған. Осындай шикізатты Ресей, сол ел арқылы Франция, Англия саудагерлері алған.

Жаңа Ойыл мекенінің іргетасы 1865 жылы қаланған болатын. Міне осы жылдар Орал губернаторы келіп, көздінің биігі – Қаңқайта тұрып, елдегі болыстарды жинап, кеңес құрады. Сол кезекте Ойыл бекінісін салу керектігін, оған қандай жер лайықты екенін сөйлеседі. Келген әрбір болыс өз мекен – жайларын атап, ол аталған жерлер губернаторға ұнамаған, сондықтан жасалған топтың шет жағынан

губернатор мырза маған соз беріңіз деген екен дейді, үстіне күпі киген бір қазақ. Губернатор жалт қараса, үстінде күпісі бар кара қазақ тап – таза орыс тілінде сөйлеп, сіз қорған қала салсаңыз, міне тұрған – биік тау Қарауылтөбе, ар жағы Сегізсай, күн шығысынан мынау Барқын, арада иірім – иірім Ойыл өзені ағып жатыр,- деп қазіргі Ойыл поселкесінің орнын көрсеткен екен. Губернаторға сапарда жаңағы орыс тілінде анық сойлеген қазақ Күмісбайұлы Меңдібайды 1870 жылдың жазында Көкжар жәрменкесінің төрағасы етіп сайлапты. Міне, осы Меңдібай 1910 жылға дейін Ойыл жәрменкесінің төрағалық қызметін атқарған. Меңдібай Күмісбайұлы мен бірге жәрмеңке құрметіне Әжібай-Арал, оның баласы атақты Наурызалы батыр, немересі Әйтпенбет Меңдібаймен бірге жәрменкенің басы-қасында болған екенін деректер айқындайды [8].

Ал Көкжар жәрмеңкесі жөнінде мына деректерде біршама құнды мәліметтер береді: «корпустың арасы халыққа толы болатын. Халықтың көп жиналатыны сондай, ине шаншар жер жоқ деуге болады. Сол уақытта «Тралс» деп атайтын, қазіргі асхана, содан тамақ ішіледі. Сойылған малдың ішкі құрылысынан қуырдақ жасайтын, өте дәмді дайындайтын. Қарауылтөбеден төмен қарай байлар 40 – 50 киіз үй тіктіретін. Жәрменкеге келген малдарда есеп болмайды. Ойыл бойы сыңсып тұрған. Шетелден келген коммерсанттардың товарлары екі жақ қызыл корпустың лавкаларында сыңсып тұрған. Жәрмеңкеге жиналған халықтың арасында атақты әншілер мен ақындар да болатын. Олар өздерінің өнерлерін көрсетіп, халықтың ризалығына бөленетін.

Жәрменкенің ашылуы да, жабылуы да үлкен мереке, той ретінде өткен. Ат жарыс, атан жарыс, жерден ақша алу, басқа да ат үсті ойындары өткізіліп, мергендер мен палуандар бақ сынасқан, шахматтан, дойбыдан, тоғыз құмалақтан сайыстар ұйымдастырылған. Жан – жақтан құйылып келген күміс көмей әншілер, от ауыды жыршылар жәрменкені думандатып жібереді екен. Көкжар жәрменкесі, міне осылай жылына екі

рет сауда – саттықтың, ән – жырдың, өнердің осы өңірдегі думанды орталығына айналған.

Осы саланың зерттеушісі Гелмгольц өзінің «Оренбургский меновой двор» деген еңбегінде «Орынбор саудасының салмағы дала қазақтарының Ойылына ауысуы», «Ойыл жәрменкесінің сауда айналымы» мақалаларында біз зерттеп отырған тақырып бойынша мәліметтер келтірген. Автор: «бүкіл Ресейдің даңқын аспанға шығарып, сауда Еуропа мен Азияны аузына қаратып тұрған Нижний Новгород пен Орынбор меновой дворларының екеуінің де мән – сәні 1880 жылдары кете бастағаны белгілі. Осы құрметті екі сауда орталығының беделін күрт түсірген Ойыл жәрменкесін тарих лажсыздан мойындатқан еді» деп жазылған. Ал 1893 жылғы есеп бойынша: «Ойылда үлкен сауда корпустары тастан салынып жатыр, қойма мен сауда дүкендері бар. 18 корпустардың 15-і салынып біткен. Екі айлық жәрменке өте қызу өтті. Әкелінген мал саны Орынбордан үш есе артық жүн, тері, тегіс сатылды. Ойыл жәрменкесінің болашағы зор. Қазақтар тек қана осыған келетін түрі бар. Ойыл қаласының саны күрт өсті. Ойыл жәрменкесінің Орынбордан көптеген артықшылығы бар, әрі 279 шақырым қазақ даласына жақын, осы жағдайды ескеріп, Рязань – Орал темір жолы Ойылға тартылса сауда бағы жана түсер еді», - еді деп ерекше сеніммен жазылған [9].

Патша өкіметінің билік басындағылары мәліметтерінен бұл жәрменкенің қарабайыр базардан кәсіби деңгейге көтерілгені де байқалады. Сол кезде полиция қатты жұмыс істеп, тәртіп сақтау шаралары қатаң жүргізілгені, сол үшін арнайы отряд ұстағаны да белгілі болды. Жәрменкенің ережесі бойынша жәрменкелік алқа құрылып, оған уез бастығы наразылық етіп, құрамына екі қазақ, екі көпес орыс кірген. Қалай болғанда да патша үкіметінің құзыры жүріп, орыстарға оңтайлы болған. 1900 жылғы 14 қыркүйектегі номерінде Орталық статистикалық комитетінің 1911 жылғы деректерінде Ресей империясындағы сол кезеңдегі ірі он үш жәрменкенің тізімінде тауар айналымы сол жылы 2 миллион

140 мың рубль құраған Ойыл жәрменкесі тоғызыншы орынға қойылған. Жалпы қазақ даласында жәрменкелер ХІХ ғасырдың 30 жылдарында ашыла бастаған. Арнайы орындар беріліп, корпустар тұрғызылған. Жәрменкелер негізінен патша үкіметінің рұқсатымен ашылған. Дегенмен, мұндай рұқсатсыз, тұрмыстық қажеттіліктен – ақ өз бетінше сауда орталығына айналған жәрменкелер де қазақ жерінде аз болмаған.

Ойыл жәрменкесінің «шексіз сауда маңызы» ХХ ғасырдың басында Қазақстан жәрменкелері туралы жеткілікті ақпараттарда былайша баяндалған: «Барлық аталмыш жәрменкелердегі айналым сомасы астықтың, шөптің аумағына, жылдық мал үшін қолайлығына және көшпенділердің тұрмысына әсер ететін басқа да бірқатар себептерге байланысты өзгеріп отырады. Семей облысында Қарқаралы уезінде Ботовский (Қоянды) жәрменкесі бірінші орын алады, мұнда айналым 1644 мың рубльге жетеді. Торғай облысында негізгі жәрменке Ақтөбеде -326 мың рубль, екі жәрменке Қостанайда - 614 мың рубль, Торғайда – 186 мың рубль және екі жәрменке Ырғызда – 279 мың рубль. Орал облысында айтарлықтай үлкен жәрменке – Ойыл жәрменкесі, мұнда айналым 3,5 миллион рубль құрайды, Калмыков жәрменкесі – 2,3 миллион рубль, Гурьев жәрменкесі – 160 мың рубльге дейін құрайды. Яғни, 1903 жылға дейінгі қолайлы жылдардың бірінде Ойыл жәрменкесінің айналымы 305 миллион рубльге жетіп Қостанай, Ақтөбе жәрменкелерімен салыстырып талдасақ, айтарлықтай салмақты болғаны көрінеді. Жалпы Ойыл (Көкжар) жәрменкесі 1928 жылы Кеңес үкіметі күштеп таратқанша өз қызметін нәтижелі атқарған.

Ойымызды тұжырымдай келе Ойыл жәрменкесінің тарихи маңызын талдап тұжырымдайтын болсақ, қазақ шаруашылығындағы мал басы ұлғайды, өйткені жәрменкеге қатысушылар үшін осы аймақта тұратын қазақтардың малы шикізат көзі болып табылады. Малын және оның өнімін өздеріне қажетті тауарларға айырбастап алатын мүмкіндігі бар қазақтар оны көбейтуге ұмтылыс туғызады. Малдың етін, майын, терісін былай қойғанда, аттың құйрығын, ешкінің

қылын, малдың ащы шегі де жәрменкеде құнды болып қажетті заттарға айырбасталған. Сонымен бірге, қазақтың қолөнерін дамытты. Қазақтың киіз үйлері, үй ағашы, қолдан соққан күміс білезік, әшекей, тағы да басқа сауда көркін кіргізген. Халықтардың тоғысуына жол ашылған, олардың арасында аралыстық – құраластық басталған. Қазақтың тұтынып жүрген самаурынның, басқа да елдердің заттарының күнделікті тірлікке араласуы да осы кезде елеулі қарқын алған. Жәрменкеге қатысушы халықтардың өнерлік тәжірибесін үйрену, олардың заттарының бізге сіңісуі қанат жайған. Өнердің де кең қанат жаюына мүмкіндік ұлғайады. Аяқ жетер жердегі сал – серілер жәрменке ортасындағы алаңдар өнер сайыстарына қатынасқан. Түрлі ойын-сауық жарыстары болған. Ойылдан 40- 50 шақырымға дейін созылған саудагерлері керуен жәрменке кезегін күтіп жатқан.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР ОММ. 25-қор. 1-т., 403-іс. 26-29-п.
2. ООММ. 6-қор. 10-т., 8184-іс. 78-84-п.
3. ҚР ОММ. 25-қор. 1-т., 3715-іс. 56-59-п.
4. ҚР ОММ. 25-қор. 1-т., 3715-іс. 23-п.
5. ООММ. 6-қор. 17-т., 152-іс. 27-28-п.
6. ООММ. 6-қор. 10-т., 200-іс. 42-45-п.
7. Рожкова М.К.К вопросу о значении ярмарок во внутренней торговле дореформенной России//Исторические записки Т.54. М.: АН СССР. 306-314 б.
8. Положение торговли с среднеазиатскими ханствами до занятия Туркестанского края//Труды Оренбургской ученой Архивной комиссии. Вып IX. Оренбург, 1902. 1-3 б
9. Гельмгольц Ф. Оренбургский меновой ... 41

* * *

В статье рассматривается история Уилской ярмарки Кокжар. Которое явилось перспективным событием социально-экономической и политической жизни местного населения.

* * *

In this article is considered the history of Uil fair Kokzhar, which was perspective event of a social – economic and political life of local population.

ПЕДАГОГИКА



ӘОЖ 371.32: 793.3(574)

Қ.Д. Айтқалиева

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
университетінің аға оқытушысы,
өнертану кандидаты

ҚАЗАҚ БИІН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ «АЛТЫН ҚОРДАҒЫ» ҰЛТТЫҚ БИЛЕРДІҢ РӨЛІ

Қазақ биі өзінің дамуында ұзақ та күрделі жолдан өтті. Бишілердің, хореографтардың бірнеше ұрпағының іздемпаздық күшімен, қажырлы еңбегімен, талантты талпынысымен пайда болып, қалыптасқан қазақ биі қазір өзіндік өрнегімен, ұлттық ерекшелігімен, қайталанбас бет-бейнесімен көрермен көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленді. Алғаш рет 1965 жылы «Қазақ биін» дербес пән ретінде оқу бағдарламасына енгізген Ш.Жиенқұлова болатын. Ол өз тәжірибесіне сүйене отырып, көптеген қимылдарды, билерді, теориялық еңбектерін дүниеге әкеліп, кәсіби тұрғыдан оқытқан еді. Ал Ш.Жиенқұлованың ісін әрі қарай жалғастырып келе жатырған шәкірті Ғ.Бейсенова көп жыл Алматы А.Селезнев атындағы хореографиялық училищесінде «Қазақ биінен» дәріс беріп келеді. Өз әдістемелік бағдарламасы да бар. Қазіргі өнер оқу орындарындағы қазақ халық биін оқытуда бұл бағдарлама өте құнды болып келгені анық. Ғ.Бейсенованың құрастырған бағдарламасы арқылы қазіргі қазақ биін оқыту қарқынды дамып отырғанын мойындауымыз керек.

Қазіргі мезгілде Хореографиялық пәндердің оқытушысын дайындауда 050409 «Хореография» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жасалған «Қазақ биін оқыту теориясы мен

әдістемесі» пәнінен типтік бағдарлама қалыптасып келеді. Онда хореография бакалаврына қажетті әдістемелік және практикалық білім бағдарламалары топтастырылады. «Қазақ биін оқыту теориясы мен әдістемесі» пәні хореография бакалаврын дайындаудағы ең қажетті кәсіби пәндердің біріне жататынын атап өткен орынды.

Пәнді оқыту барысында халық биі мәдениетінің қалыптасуы мен тарихи дамуын, қазақ биінің терминологиясын, пластикалық ерекшелігін жете түсініп білу, билеу техникасын терең меңгеруін мейлінше айқын мәнерлілікті және саздың мазмұнын терең түсіну міндеті қойылады. Сонымен қатар қазақ биінің негізін салушылардың, олардың халық мұрасына айналған би шығармаларын білу. Ә.Ысмайлов, Ш.Жиенқұлова, Д.Әбіров, З.Райбаев, Б.Аюханов, О.Всеволодская-Голушкевич, М.Тілеубаевтардың қазақ би мұрасына айналған әсем билерін келесі ұрпаққа жеткізу бүгінгі күннің міндеті. Сондықтан да, шәкірттерге олардың билерінің орындалу сипатын, нақышы мен мәнерін көрермен көпшілікке әсерлі жеткізе білу міндеті жүктеледі.

«Алтын қор» билері қазақ биінің қимылдарының орындалу әдістемесін білуде, қазақ биінің орындау техникасын арттыруда, өз бетінше жұмыс істеуге машықтануда, қазақ биінен нұсқа түрлерін құрастырып, көрсете білуде, өз орындаушылық деңгейін көтеруде көп септігін тигізеді. Бүгінгі күні Ш.Жиенқұлованың «Айжан қыз», «Қазақ вальсі», Ә.Ысмайловтың «Құсбегі-дауылпаз», Д.Әбіровтың «Қоштасу», «Алтынай», «Балбырауын», З.Райбаевтың «Мерекелік сюита», «Шолпы», «Ата толғауы», «Биші қайың», Б.Аюхановтың «Аққу», О.Всеволодская-Голушкевичтің «Кербез би», «Киіз басу» т.б. билері қазақ биін оқыту оқу бағдарламаларына енгізіліп жүр.

Ш.Жиенқұлованың Құрманғазының күйіне қойылған «Айжан қыз» биінде қазақтың өрнек тоқу өнері бейнеленген. Онда ұршық иіру, жіп орау, кілем тоқу процестері ерекше әсем қимылдар арқылы көрсетіледі. Л.Хамидидің «Қазақ вальсі» биінде қыздар жігіттермен жұптаса билейді.

Ә.Ысмайловтың 1957 жылы Қазақтың ән-би ансамбліне қойған «Құсбегі-дауылпаз» қазақтың халық биі. Би саятшылардың бала бүркітті баулуын бейнелейді. Биге екі орындаушы қатысады. Біреуі құсбегі, сол қолына бүркіт

ұстаған, ал оң қолында етке ұқсас қызыл мата. Екінші орындаушы дауылпаз, биді барабанмен сүймелдейді. Ол аңшының қимылдарын ықыласпен қадағалап жүріп, оның біресе оң жағына біресе сол жағына өтіп отырады.

Д.Әбіровтің мейлінше қарапайым халық өмірінің халық ортасынан шыққан, шынайылығымен әркімнің жүрегіне жақын, жанына жайлы терең түсінікті билерінің бірі «Қоштасу» (немесе «Бес қыз»). Балетмейстердің бұл туындысы өзге билерге ұқсамайтын өзіндік өрнектерімен дараланған. Өйткені, би халқымыздың әдет-ғұрпына негізделген. «Қоштасу» - қазақ биінде маңызды орын алды. Әрбір жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуде бұл би үлкен роль атқарып келеді.

Д.Әбіровтің қазақ қыздарының әсем, екпінді қимылдарын көрсеткен қойылым «Алтынай» күй ырғағына негізделген «Алтынай» биі. «Алтынай» биінің бірінші бөлімінде жігерлі, қажырлы, жылдам әуенге би тілімен сымбатты, нәзік қыздардың бейнелері, екінші бөлімінде ырғақ жәй, сабырлы орындалып, нәзік, биязы қыздардың тал бойындағы ерекше әсем қимылдар көрінісі әдемі «иілу», «толқын» қимылдары жеке, топтық түрде орын алған, ал, үшінші бөлімде қайта жігерлі, жылдам би қимылдары «айналма» түрлері, еңбек процестеріндегі әйелдер қимылы «ұршық иіру» енгізілген. Мысалы, Құрманғазының «Балбырауын» күйінің желісінде қойылған «Балбырауын» биінің техникасы күрделі. Ол классикалық элементтерді үйлестіру арқылы би әрекетін шебер құрастырып, бай сахналық қимылдармен әрлендірген. Классикалық секірулер, ырғақпен жалғыз аяқтап нық ырғулар, денелерін бүге кең секірістер, иық, буын, «теңселу», «молдас», «тепең жорға» қимылдары жігіттердің батыл бейнелерімен бір тұтастықта қабылданады.

3.Райбаевтың «Мерекелік сюита» композициясы қазақтың сахналық биінің шын мәніндегі биік мектебі деуге болады. Қайсарлыққа, қажырлыққа, әр түрлі ырғақты сұлуда мәнді мәнерге толы бұл биді қазақ биінің биік шыңы десек артығы жоқ. Бұдан басқа да үлкен шеберлікпен қойылған билері бір төбе. «Ата толғауы» биі Н.Тілендиевтың «Ата толғау» күйіне негізделген. Лирикалық қыздар биі. Би –халықтың тұрмыс тіршілігін бейнелейді. Бишілердің қолдарында Аса таяқ аспабы. Музыка ырғағымен соғып әсем қимыл қозғалыстар

жасайды. «Шолпы» биі зергерлік бұйымға қойылған. «Биші қайың» биінің ерекше қойылған би суреті шыныменен табиғат көрінісін суреттейді. 3.Райбаевтың осы аталған қойылымдары мемлекеттік «Салтанат» ән-би ансамблінде қойылып, қазақ би мұрасына айналды.

Б.Аюхановтың терең мазмұнды образымен, адам жанын тебіренерлік күшті әсерімен баурап алған «Аққу» биі аққу қыздардың ғажайып бейнесін тамаша сомдаған қойылымы екенін мақтанышпен айтуға болады.

О.Всеволодская-Голушкевичтің «Кербез би» қойылымы қазақ қыздарының кербезденген болмысын ашып көрсетеді. «Киіз басу» биінде тек қана қыздар қатыспайды сонымен қатар ерлерде қатысып, киізді қарпу кезінде әлі де жүні бастау киізді ширатып қатайту үшін, оны қоршаулап, шеңберлеп тігеді де жан-жағынан ұстап алып жігіттер лақтырады. Биде қыздар, ерлер қимылдары үндесіп, би тактысына сай музыкалық үн береді. Бұл қойылымдар «Алтынай» мемлекеттік этнографиялық ансамбльде қойылған болатын.

Жоғарда аталған ірі қойылымдардың бәрі де ұлттық би өнерінің классикасына айналды. Сондықтан да, оларды ұмытпай, әр кез еске алып, бағалау керек. Шәкірттерге үйретіп, оқыту керек. Соңғы кезде бұл билер сахнада көрсетілмей жүргені анық.

Қазіргі біздің қазақ билеріміз тек қимылдар жинынтығы болып кетті десек жаңылмаймыз. Хореографтар кәсіби орындаушылықты көрсетеміз деген оймен бірнеше қимылдарды құрастырып тез екпінмен айқайға басып, әрі-бері сабылтып жүргізе беру әрекеттерін пайдаланады. Жасыратыны жоқ, мәнсіз, мазмұнсыз қазақ билері Ш.Жиенкұлова атындағы Қазақ би байқауларында да орын алды. Қазіргі жағдайда ұлттық нақышы бар қазақ биін оқыту әлі де жөнді жолға қойылмай келе жатырғаны қынжылтады.

Елімізде қазақтың төл тілімен қимылдар атауын енгізіп, ізденіп жүрген балетмейстер-оқытушылар жоқтың қасы. Өйткені осы уақытқа дейін қазақ биі пәнінің оқытылу әдісі орыс тілінде өтіп жүр. Сонымен қатар қазақтың халық биінің қандай екенін білмейтін балетмейстерлер қаптап бара жатқанын айта кету керек. Ғасырлар бойы қалыптасқан би қимыл-амалдарының, жоғардағы билердің сахнадан көрінбей қалып жатуының да бір себебі сол қырсыздықта екені рас. Ал, балетмейстер Д.Әбіров қазақтың тілін, тарихын, салтын

білмеген балетмейстер қазақтың төл биін енгізе алмайды дегенін толық құптаймыз.

«Алтын қор» билері еш жерде, яғни теледидар, мұрағат, мұражайда, кітапханаларда сақталмаған. Жалғыз ғана О.Всеволодская-Голушкевичтің өзінің «Пять казахских танцев» атты кітабында билерінің жазбасын қалдырған. Сонымен қатар, «Қазақстан әйелдері» журналында аталған балетмейстердің кейбір билерінің жазбасы қазақ тілінде шығып отырды.

Республикада педагогикалық институттардан басқа өнер, мәдениет, музыка оқу орындарында да би мамандарын дайындайтын бөлімдерде қазіргі қазақ биінің бағдарламасын жасаған кезде Ш.Жиенқұлованың, Д.Әбіровтің енгізген қимылдыры екені нақты көрсетілмейді, «Алтын қор» билері үйретілмейді. Мысалы, өзбек биінде 3 мектеп бар Ферган, Бұхар, Хорезм. Сол сияқты қазақ биінде Ш.Жиенқұлованың, Д.Әбіровтың мектебі, әдісі деп оқытылса қазақ би өнерінде бір жаңалық болар еді.

Түйіндеп айтқанда, Шара апамызбен, Дәурен ағамыздың қалыптастырған би мектебі бар. Бірақ осыны жалғастыратын хореографтарымыз саусақпен санарлықтай. Сондықтан да, «Алтын қордағы» ұлттық билерді қазақ биін оқыту процесінде пайдалану өте маңызды. Бұл шығармалар қазақ биінің дамуына толық мүмкіндік береді. Ұлттық өнеріміздің баға жетпес озық үлгілеріне айналды, би өнерін үйретудегі оқулық материалдары деңгейіне көтерілді. Жоғарда аталған балетмейстерлердің әрбір жеке туындысын да, жалпы туындысын да жоғары бағаламай болмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бейсенова Ғ. Қазақ биі. Хореография мамандарын оқытуға арналған бағдарлама. –Алматы, 1993.
2. Жиенқұлова Ш. Сымбат. –Алматы: Өнер, 1987.
3. Всеволодская-Голушкевич О. Халық билерінің табиғаты туралы. \\Қазақстан әйелдері, 1988. № 12.
4. Абиров Д. Т. История казахского танца. –Алматы:Санат, 1997.

* * *

В статье рассматривается роль национальных танцев из «Золотого фонда» в процессе преподавания казахского танца.

* * *

The article deals with the role of the national dances from the "Golden fund" in the process of kazakh dance teaching

В.Т. Арыстанғалиева

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
университет колледжі оқытушысы

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазіргі таңда елімізде болып жатқан әлеуметтік өзгерістер гендер мәселесін шешуге жаңа ғылыми тұрғыдан қарауды талап етеді. Гендер мәселесін зерттеген кезде ең алдымен әйел мен ер адамның қоғамдық әлеуметтік орындары жан-жақты талқылануға тиіс. Қазіргі таңдағы негізгі міндет адамзаттың жаңа заман талабына сай тіршілік етуін қамтамасыз ету, және ер адам мен әйел адам тең дәрежеде еңбек етіп, Отанына қызмет көрсету. Гендерлік айырмашылықтар негізінде иерархия жатыр, оның түсіндіруі бойынша маскулиндік басымдылық, ал феминдік бағыныштылық деп берілген. Нәтижесінде, әйелдер де, ерлер де гендерлік таптаурынның «құрбаны» болып қалады. Сондықтан да гендер теңдігі мәселесін ғылыми тұрғыдан зерттеудің қажеттігі басым болып отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев қолдауымен елімізде гендерлік саясат жүргізілуде. Себебі әйелдердің қазіргі қоғамдағы орны кім-кімді де алаңдатады.

Жас мемлекетіміздің өркениетті елдер қатарында дамуы үшін әйелдер де ерлер де бірдей өз Отанының, өз ұлтының, өз елінің жанашыры ретінде өз білімдерін, ұйымдастырушылық қабілеттерін ортаға салулары керек.

Адамзат потенциалының дамуы қазір адамзат таңдауының кең мүмкіндігін білдіреді, мұнда ерлер мен әйелдердің мүмкіндіктері бірдей болу қажет. Қазіргі кезде әйелдер дәстүрлі ерлер сферасында өздерін көбірек көрсетуде.

Ерлер мен әйелдердің қоғамдағы орны бүкіл әлемде, соңғы уақытта біздің елде де көптеген дау-дамайлар туғызуда. Гендерлік қатынастар мәселесіне көптеген еңбектер арналғанымен ұйымдастырушылық мінез-құлықтың гендерлік ерекшеліктері, ұжымда кім жетекші болғанда ол ұжым жетістікке жетеді, қазіргі еңбек нарығындағы гендерлік

ерекшеліктердің ескерілуі дұрыс па деген сұрақтар әлі де ашық күйінде қалып отыр.

Ұйымдастырушылық мінез-құлықтың гендерлік ерекшеліктерін психологтар әр қалай түсіндіреді. З.Фрейд жыныстық белгі бойынша қоғамда қалыптасқан дискриминацияны алдын ала анықтады. Ол әйелдерді ер адам анатомиясына қызығатындығымен түсіндірді. Фрейд өзінің «Нәзіктік» еңбегінде «феминдік» сапаларға пассивтілік, тәуелділік, бағыныштылықты жатқызған, ерлерді белсенді және билікке ұмтылады деп санады. Бұл эталондардан кез келген ауытқу сау емес гендерлік ұқсастық көрінісі деп санады.

К.Хорни оның пікіріне қарсы шықты. Хорни әйелдердің өздерін жиі ер адаммен салыстырғанда толымсыз сезінуінің себебі оның өмірі экономикалық, саяси және психоәлеуметтік тәуелділігіне негізделетінінде деп табанды тұжырымдады. Ол қазіргі қоғамдағы қатынастар мен рольдік мінез-құлық өзгерісін қолдады.

Герт Хофстед еңбегінде ұлттық басқару мәдениетінің бес жетекші көрсеткіші арасында «феминдік» және «маскулиндік» бөліп көрсетіледі. Маскулиндікті басқарудың нақты технологияларымен байланыстырады және басымдылық, тәуелсіздік, қаттылық, жылдамдық, шешімнің көлемдігі, жұмыстың жоғары мәні, карьералық өсу және әлеуметтік мәртебемен бейнелейді. Феминдік жұмсақ ыңғайға икемділік ретінде қарастырылады және ынтымақтастық, ашықтық, әділеттік, эмоционалдылық, өмір сапасына бағдар, жеке қатынастарды қолдау, моральдық және этикалық нормалардың маңыздылығы.

Феминді сапалар скандинавтық елдерде басым келеді: мұнда әйелдердің экономикалық, қоғамдық және саяси өмірге араласуының ең жоғарғы көрсеткіші белгіленеді. Швецияда-12,7%; Данияда, Норвегияда және Нидерландыда-36,6%; Финляндияда-33,5%. Мұнда еңбек бөлінісінде гендерлік немесе жыныстық қатыстылық ескерілмейді, кәсіби білім, іскерлік және тұлғалық қабілеттер мен жетістіктер бағаланады.

Менеджменттің маскулинді ыңғайы Венесуэла, Швейцария және Италияда басым. Бұл ыңғайға экономикаға, саясатқа, қоғамға ерлердің араласуы тән. Мұнда ерлерден сенімділік, басымдылық, бәсекелестік және рационалдылық сияқты қабілеттер күтіледі. Әйелдерге бағынышты роль тән.

Әйелдер жиі мәртебесі төмен салаларда не түрлі әлеуметтік қызмет көрсету орындарында қызмет көрсетеді.

Мұнымен бірге феминді және маскулинді ұйымдастырушылық мәдениеттегі жалпы сипаттамалар қарастырылады. Феминді құндылық басым жерлерде топтық интеграцияны ең жақсы құрал ретінде қарайды, ал маскулинді мәдениетте индивидуалды ерік-күш басты орында. Мәдениеттің бұл параметрлерінен дау-жанжалды шешу тәсілдері де тәуелді. «Ерлер» ұйымында дау-жанжал ашық және қатты қарсылық сипат алады, ал «әйелдер» ұйымында ол көбіне жасырын, латентті сипат алады және оны реттеу күш көрсету әдістермен емес, пікірталас, келісім, үрдісінде жүзеге асырылады. Ерлердің ұйымдастырушылық мәдениетінде бірінші болуға ұмтылыс басым, ал әйелдерде әдеттегідей болуға ұмтылыс байқалады. Маскулинді билік көзі - мәртебе болса, феминдікте –жеке қатынастар болып табылды.

Мәселені шешу мен шешім қабылдауда ерлер ұйымдастырушылық мәдениетіне индивидуалды шешімдер күшіне сенім тән; шешімділік және қаталдық маңызды орын алса, әйелдерде-өзгелердің пікірін ескеру тән. Интуиция және консенсусқа жету маңызды.

Сандра Бэм түрлі гендерлік ұқсастығы бар адамның 3 типі туралы болжам айтты: феминді сипаттамалары басым, маскулинді сипаттамалары басым және «андрогинді», яғни маскулиндік пен феминдік сипаттамалар теңдігі байқалатын адамдар. Ол үшін типтердің ішіндегі ең тартымдысы үшіншісі болды: оның ойынша, андрогинді тұлғалар бейімдік пен мінез-құлық икемділігін иеленеді, шығармашылық бағытпен ерекшеленеді және ең психологиялық жағымдысы болып табылады.

Жиі ұйымдарда әйелдер нәтижеге бағдарланған ерлер стиліне еліктейді, әсіресе олар ерлердікі деп дәстүрлі саналатын аймақтарда лидерлік қызметтер атқарғанымен, оларға өзге де гендерлік қарама-қайшы тұлғалық сипаттар тән. Олар барынша басым, аз қамқор көрсетеді, яғни маскулинді стереотипке көбірек сәйкес келеді. Сөйтіп әйел-лидерлер қарама-қайшы стильдерді сәйкестендіреді: гендерлік роль феминдікті, ал лидерлік – маскулиндікті талап етеді. Екі стильді бірдей сәтті иеленетін адамдар тиімді басқарады.

Лидерлікті зерттеулер жұмыстың өнімділігі топтың жыныстық құрылымына байланысын көрсетеді: ерлер де, әйелдер де өз жыныстық өкілдерімен қызмет етсе өнімді жұмыс жасайды.

Егер топ тек әйелдерден тұрса, әлеуметтік-эмоционалдық мінез-құлықты көрсеткен, егер топта ерлер де болса, әйелдердің экспрессивтілігі аздау болған. Ерлер өз мінез-құлқында міндеттерге көп бағынатынын көрсеткен, ал әйелдер-өзара қарым-қатынасында кейде бұл стереотиптер нақтылықты иеленеді: міндеттерді шешуге бағдарды барлығы емес, тек маскулиндік ерлер, ал адамдарға бағдарды феминді әйелдер көрсеткен.

Ұйымдастырушылық мінез-құлықтағы гендерлік спецификаның эмпирикалық зерттеулер салыстырмалы түрде аз жүргізілген, бұл зерттеулердің өзі бәрінен бұрын басқару іс-әрекетіндегі стильді қарастырады. Бұған сәйкес ресейлік және шетел авторларының көптеген жұмыстарын жалпылай келе, Чернобровкина А.В. келесідей қорытындыға келді.

Басқару іс-әрекетіндегі ерлер мен әйелдердің мінез-құлқы басқару ситуациясының ерекшеліктері және дәстүрлі гендерлік рольдер мен идеалдар ретінде екі жыныстың өкілдері де өзінің дәстүрлі гендерлік роліне сәйкес мінез-құлыққа әлеуметтік қолдау күтуі ретінде детерминацияланады. Ерлер үшін қызметтегі өсу мүмкіндіктерінің болуы, жақсы жалақы, оқу және квалификацияны жоғарылату мүмкіндігінің болуы мәнді; олар үшін өмір сапасына қарағанда жұмыстағы жетістік маңызды орын алады. Әйелдер үшін ең маңыздысы достық атмосферадағы жұмыс, берілген жұмыс орнын ұзақ сақтап қалу мүмкіндігі, еңбектің қолайлы шарттары, өзінен жоғары жетекшілерімен және әріптестерімен жақсы қарым-қатынас болу маңызды саналады. Өмір сапасы кәсіби жетістікке қарағанда маңыздырақ болып келеді.

Әйелдерге тән басқару стилінің мынадай сипаттары бар: бағынушылармен белсенді өзара әрекет, өзінің тұлғасына қызметкерлердің құрметпен қарауы, және олардың стресстік жағдайда қолдау көрсетуін, бір-бірімен өзара түсіністік жағдайды қалыптастыру.

Л.В.Бабаева және А.Е.Чирикова ер адамдар мен әйел – бизнесмендердің этикалық ұстанымдарын салыстыра келе: бизнесте әйелдер өзгелерге көбірек тәуелді болады, сондықтан

олардың принциптерімен бизнестегі әдептілікті көбіне құлықтық императивпен түсіндіреді. Бизнестегі әйелдердің әлеуметтік жауапкершілігі ерлерге қарағанда жоғары. Бұл әлеуметтік жауапкершіліктің көрінуіне, бір жағынан «гуманды менеджмент», екінші жағынан қайырымдылық және әлеуметтік көмек бағдары әсер етеді.

Әйелдердің бизнеске келуі кездейсоқ емес. Дәл осында әйел-менеджерлер айқын жетістіктерге жете алады. Әйелдердің мекемеде жоғары жетекші орынды иеленуге шектейтін фактор елдің экономикалық өмірі мен іскерлік мәдениетінің ерекшеліктері болып табылады.

Әйелдің бизнеске табыстарға жетуі оның ерлердің басқару стиліне жақындаудың нәтижесі емес, өзінің менталитеті мен оған тән мінез-құлық стереотипін шығармашылық пайдалану нәтижесінде жетеді.

Жүргізілген зерттеулерімнің нәтижесі бойынша ерлер мен әйелдердің ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттерінің деңгейінде айтарлықтай айырмашылықтар жоқ. Алайда, әйелдерде ұйымдастырушылық қабілетіне қарағанда коммуникативтік қабілет басым болды. Ал ерлерде керісінше, ұйымдастырушылық қабілеті коммуникативтік қабілетінен жоғары.

Ер адам және әйел жетекшілерінің бағынушылармен дұрыс қатынас орнатуын, оның бағынушылар алдындағы беделін, іскер қарым-қатынас, қызметкерлерге жақындық, ұйымдағы жақсы ахуал мен тәртіп орната білуін анықтау үшін жүргізілген зерттеу нәтижесі бойынша жетекшінің компетенттілігі, оның кәсіби шеберлігі, эмоционалдығы, сезгіштігі, талап қойғыштығы мен әділеттілігі параметрлері бойынша орташа көрсеткіштері бірдей дерлік. Яғни ұжымның жетістікке, ұжымдағы жақсы психологиялық ахуалдың орнауы, қызметкерлермен қарым-қатынастар орната білу жетекшінің ер немесе әйел адам екеніне тәуелді емес екенінің дәлелі болып отыр.

«Кім басшы болуға лайық? Әйел ме, ер адам ба? Қайсысының басшы болғанын қалар едіңіз?» деген сұрақ қою арқылы қала тұрғындарына жүргізілген зерттеудің нәтижесі бойынша олардың 68 %-ы ер адамдардың басшы болғанын қалайды екен, яғни қоғамымызда әлі де болса дәстүрлі көзқарас орын алып отырғанын көреміз.

Ұйымдастырушылық мінез-құлықтың гендерлік ерекшеліктері күрделі, өзекті мәселе болғандықтан, ол бірден, аз уақытта шешілмейді. Оны болашақта жан-жақты, жүйелі зерттеу қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік-саяси, моральдық қатынастарды түсінуге мүмкіндік береді...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абдулов Т.П. Психология менеджмента, М., 1998, с. 205-206
2. Аверченко. Законы психологии в помощь менеджеру, Новосиби., 1992, с. 156
3. Бабаева Л.В, Чирикова А.Е. Женщины в бизнесе, М., 1996, с. 75-81
4. Бендас Г.В. Гендерная психология, М., 2000, с. 190-250
5. Вейнингер О. Пол и характер, М., 1992, с. 134-140
6. Генов Ф. Психология управления. Основные проблемы, М., 1982, с. 424
7. Клецина И.С. Гендерная социализация: Уч.пособие., СПб., 1998, с. 85-86
8. Назарбаев.Н. Қазақстан әйелдерінің екінші форумында сөйлеген сөзі // «Қазақстан әйелдері», 1999 №3 26
9. Найзағараева Е, Жүсіпалиева А. Гендерлік теңдік негізіндегі саяси сараптама // Ұлағат, 2003, №1, 23-26б
10. Разумникова О.М. Взаимодействие гендерных стереотипов и жизненных ценностей как факторов выбора профессии // Вопросы психологии.- 2004.-№4.-с.76-83
11. Силласте Г. Гендерная асимметрия как фактор карьерного роста женщин // Высшее образование в России.-2004.-№3.-с.122-133
12. Хвостов А. Гендерные особенности организационного поведения // Вопросы психологии. 2004.-№3.-с.29-37
13. Чирикова А. Женщина во главе фирмы // Вопросы экономики.-2000.-№3.-с.94-100

* * *

В статье автор касается вопросов о том, что социальные изменения, происходящие в стране требуют решение гендерных проблем. В настоящее время и мужчины, и женщины должны трудиться и проявлять свои организационные способности во благо нашего государства.

Целью статьи является исследование с психологической стороны гендерных особенностей организационного поведения руководителей на рынке труда.

* * *

In the article the author touches upon social changes and these changes demand solving of gender problems. In our time men and women should work and develop their organization abilities.

The aim of the article is the research of psychological side of organization behavior of genders.

Джумагазиева А.С.
Старший преподаватель
ЗКГУ им.М.Утемисова

WEB-САЙТ ВУЗОВСКОЙ БИБЛИОТЕКИ В ИНФОРМАЦИОННОМ ОБЕСПЕЧЕНИИ НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА

Инновации в современной системе образования, обусловленные структурными изменениями в обществе, его информатизацией и повышением роли знания как цивилизованного развития, определяют не только стратегию развития вузов, но и стратегию развития вузовских библиотек. Сегодня значение вузовской библиотеки определяется уже не только традиционными статистическими показателями объема библиотечного фонда и количеством подписанных периодических изданий, но и уровнем комфортности доступа к информации. Комплексное сочетание традиционных и электронных видов ресурсов определяют успешное удовлетворение информационных потребностей пользователей. Ориентируясь на вариативность и различные формы обучения, библиотека должна предоставлять своим читателям возможность удобного и оперативного доступа к документам.

В условиях информатизации высшей школы и курса на открытое образование для библиотек высших учебных заведений - ресурсных центров образовательной и научной деятельности вуза — представительство во всемирной сети является не только важным, но и принципиальным. Сайт библиотеки вуза является точкой доступа как к внутривузовским и внутробиблиотечным ресурсам, так и к

мировым информационным ресурсам, отвечающим задачам и информационным потребностям вуза.

Анализ информационного наполнения сайтов вузовских библиотек показал, что, прежде всего, библиотеки стремятся открыть доступ к своим библиографическим и полнотекстовым коллекциям и генерировать профильные ресурсы глобальной сети. Некоторые используют тестовый доступ к полнотекстовым базам данных иностранных журналов. Основой для формирования электронных библиотек служат собственные электронные каталоги. На странице сайта помещается Паспорт электронного каталога, где отражены данные о том, с какого года он ведется, какие виды изданий и на каких языках представлены, текущее количество записей и т. д. К библиографическому описанию некоторых диссертаций и авторефератов прилагаются их полные тексты. Поиск в каталоге реализуется по нескольким параметрам: по автору, названию, издательству, ключевым словам, индексам ББК и УДК, персоналиям. Возможен и поиск по словарям, что значительно облегчает нахождение необходимой информации.

Раздел сайтов «Информация» раскрывает перед виртуальными посетителями историю создания и развития библиотеки образовательного учреждения, её современное состояние, структуру, режим работы, правила пользования, виды предоставляемых услуг. Информация об отделах библиотеки дополнена краткими комментариями о функциональном назначении каждого отдела и выполняемых им услуг, а также ссылкой на электронный почтовый адрес контактного лица.

Раздел новостей отражает актуальную информацию, объявления о выставках и массовых мероприятиях, которые проходят в стенах библиотеки. В этом же разделе находится рубрика «Новые поступления», в которой публикуются списки новых поступлений за текущий месяц.

Помимо собственно информации о библиотеке и ее ресурсах, весьма ценным является представление перечня ссылок на наиболее богатые в информационном отношении источники с других серверов. Эту функцию выполняет раздел

«Интернет», где организован справочник Интернет ресурсов. В этом разделе указаны адреса сайтов крупнейших мировых и отечественных вузовских и частных библиотек. Отсюда возможен доступ к полнотекстовым базам данных, отдельным периодическим журналам, имеющим электронный аналог или существующих только в электронном виде. Так, на сайтах разных вузовских библиотек пользователям предоставляется доступ к базам данных EBSCO, East View, LEXIS/NEXIS, Dialog, ProQuest, Научной электронной библиотеки, где пользователи могут найти полнотекстовые электронные версии научных журналов и получить доступ к полнотекстовым базам данных на основе лицензионных соглашений с владельцами этих ресурсов.

Специально для преподавателей, аспирантов и соискателей университета создается рубрика «Научному работнику». Здесь находятся: список журналов, публикация в которых засчитывается ВАКом при защите диссертации; список отечественных реферируемых журналов; перечень периодических научных и научно-технических изданий, в которых рекомендуется публикация основных результатов диссертаций на соискание ученой степени кандидата и доктора наук. Здесь также помещены правила оформления списков литературы, на основе требований ГОСТа приводятся общая схема и образцы библиографического описания документа, размещены рекомендации по оформлению дипломных и курсовых работ, список методической литературы для диссертантов, образцы оформления документов и коллекция ссылок на нормативные и методические ресурсы.

Большое внимание уделяется представлению учебно-методических разработок (УМР) вуза как в библиографическом, так и в полнотекстовом вариантах. Чаще всего к ним нет свободного доступа для всех пользователей, доступ открыт только зарегистрированным пользователям (контингенту вуза).

Многие сайты предлагают пользователям внести свои предложения по приобретению в фонды библиотек книг и других документов, подписке на новые периодические издания. На веб-странице дается список выписанных университетом

периодических изданий с указанием их сигл хранения, что позволяет пользователям не только получать информацию о соответствующем издании и его местонахождении, но и корректировать подписку, подавая заявки в библиотеку.

Еще один технологический процесс, реализуемый на веб-сайте – это справочно-информационное обслуживание пользователей. На веб-странице «Спроси библиотекаря» пользователю предоставляется возможность получить справку как непосредственно на сайте, так и по электронной почте. Опыт показал, что большинство поступающих запросов – тематические и, как правило, адресуются специалистам справочно-библиографического отдела. Пользователь может отправить запрос сотрудникам информационно-библиографического отдела и в течение 24 часов узнать, есть ли в библиотеке нужная книга; уточнить интересующие его факты (годы жизни известных людей, сведения из их биографий, даты исторических событий, значения различных терминов и т. д.)

Сайты университетских библиотек все больше используются и как образовательные средства. В их меню можно встретить разнообразные онлайн-обучающие программы, тесты на определение уровня информационной грамотности, онлайн-экскурсии и т.д.

На веб-страницах «Библиотечные мероприятия» и «Профессиональные ресурсы» представлены список основных библиотечных мероприятий текущего года с веб-адресами и ссылки на информационные ресурсы библиотечных организаций и ассоциаций, методических объединений, профессиональную литературу и т.п. Отдельным блоком представлены публикации сотрудников библиотеки, конференций и семинаров.

Для профессионального консультирования предназначена web-страница «Справка специалиста» с помощью которой можно получить консультацию любого ведущего специалиста библиотеки вуза.

В последние годы многие библиотеки вузов стремятся в дизайне своих сайтов следовать концепции «портал»,

организуя главную страницу сайта как стартовую для поиска по информационным ресурсам и доступа ко всем услугам всех или многих библиотек.

Сегодня web-сайт библиотеки является важнейшей составляющей единой информационной среды университета. Это виртуальная библиотека, которая доступна 24 часа в сутки. На основе представленных на библиотечном сайте сведений пользователь может составить исчерпывающую картину информационного потенциала и принять решение о необходимости посещения библиотеки в наиболее удобное время.

Опыт показывает, что активно работающий веб-сайт позволяет библиотеке реализовать ряд задач по ее продвижению в международном информационном сообществе, повышению комфортности обслуживания пользователей, способствует решению задач информатизации образовательного и исследовательского процессов вуза, формированию нового уровня информационной культуры пользователей. Таким образом, сайт библиотеки является ключевым элементом в формировании информационно-образовательного пространства вуза.

Список использованных источников

1. Борцова, Н. Н. Библиотека в информационном обеспечении учебной и научной деятельности вуза / Н. Н. Борцова // Библиотековедение. – 2007. – № 2. – С. 50–53.
2. Потехина, Ю.В. Интернет-представительство библиотеки вуза: желаемое и действительное / Ю.В. Потехина // Науч. и техн. б-ки. – 2005. – № 6. – С. 14–25
3. Филиппова, Л.Я. Создание контента (содержания) библиотечных веб-сайтов учебных заведений (Из зарубежного опыта) / Л.Я. Филиппова // Науч. и техн. б-ки. – 2002. – № 2. – С. 55–58

* * *

Жоғары оқу орындарындағы кітапханалар web – сайтының мазмұны және құрылымы, мақсаты, міндеті қарастырылады. Университеттің ғылыми – білім процесіндегі ақпараттық – кітапханалық қамтамасыздандырудың олардың рөлі аталып өтеді.

* * *

Objectives, tasks, structure and content of the web-site of the Scientific Library are described. Its role in the provision of information-library services to science and education in the University is highlighted.

УДК 373 Д70

Досжанова С.Е.

Актюбинский государственный педагогический институт

НЕКОТОРЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ ПРОБЛЕМЫ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ

Реализация личностью своей субъективности в общении связано с наличием у нее необходимого уровня коммуникативной компетентности. Коммуникативная компетентность складывается из способностей:

1. Давать социально – психологический прогноз коммуникативной ситуации, в которой предстоит общаться;
2. Программировать процесс общения, опираясь на своеобразие коммуникативной ситуации;
3. Осуществлять социально – психологическое управление процессами общения в коммуникативной ситуации.

Человек с момента рождения общается с другими людьми, но порой люди, отличающиеся высокими достижениями в изучении материального мира, оказываются беспомощными в области межличностных отношений, поэтому человек должен изучать правила взаимодействия с людьми, чтобы стать социально полноценным членом общества. Опыт общения занимает особое место в структуре коммуникативной компетентности. Другими словами, общение будет эффективно лишь тогда, когда люди, взаимодействующие друг с другом, компетентны в данной ситуации.

Компетентность во всех видах общения заключается в достижении трех уровней адекватности партнеров – коммуникативной, интерактивной и перцептивной. Следовательно, можно говорить о различных видах компетентности в общении.

Коммуникативная компетентность – способность устанавливать и поддерживать необходимые контакты с

другими людьми. Для эффективной коммуникации характерно достижение взаимопонимания партнеров, лучшее понимание ситуации и предмета общения (достижение большей определенности в понимании ситуации способствует разрешению проблем, обеспечивает достижение целей с оптимальным расходом ресурсов). Коммуникативная компетентность рассматривается как система внутренних ресурсов, необходимых для построения эффективной коммуникации в определенном круге ситуаций межличностного взаимодействия.

Современный подход к проблеме развития и совершенствования коммуникативной компетентности взрослых людей состоит в том, что обучение рассматривается как саморазвитие и самосовершенствование на основе собственных действий, а диагностика компетентности должна стать самодиагностикой, самоанализом. Проблема диагностики компетентности не решается одной лишь информированностью испытуемого о результатах тестирования – суть её в том, чтобы организовать процесс диагностики таким образом, при котором его участники получают действенную информацию, т.е. такую, на основе которой люди смогли бы сами осуществлять необходимую коррекцию своего поведения [1].

Приобретение коммуникативного опыта происходит не только на основе непосредственного участия в актах коммуникативного взаимодействия с другими людьми. Существует множество путей получения сведений о характере коммуникативных ситуаций, проблемах межличностного взаимодействия и способах их решения.

Аналитическое наблюдение коммуникативного взаимодействия, как реального, так и представленного в художественной форме, даёт не только возможность «тренировки» приобретённых познавательных средств, но и способствует овладению средствами регуляции собственного коммуникативного поведения. В частности, процесс наблюдения позволяет выявить систему правил, руководствуясь которыми люди организуют своё взаимодействие, понять, какие правила способствуют, а какие препятствуют успешному протеканию коммуникативных процессов. Не случайно наблюдение за коммуникативным поведением других людей рекомендуется в

качестве эффективного способа повышения собственной компетентности [2].

Важным моментом процесса формирования коммуникативных навыков является мысленное проигрывание своего поведения в различных ситуациях. Планирование своих действий «в уме» является составной частью нормального протекающего коммуникативного действия. Способность человека действовать «в уме» может быть целенаправленно использована для обеспечения «контролируемой спонтанности», являющейся важной характеристикой компетентного коммуникативного поведения.

Само понятие «коммуникативная компетентность» подразумевает такой уровень обученности взаимодействию с окружающими, который позволяет в рамках своих способностей и социального статуса успешно функционировать в обществе. Оно подразумевает наличие жизненного опыта, эрудиции, научных знаний и т.п.

В качестве составляющих в коммуникативную компетентность включают коммуникабельность (способность устанавливать и поддерживать необходимые контакты с другими людьми), владение смысловой информацией и умение оперировать ею. Последнее характеризует общую эрудицию управленца, вне зависимости от сферы его деятельности.

С коммуникативной компетентностью непосредственно связана проблема взаимопонимания и партнерского взаимодействия, так как разное восприятие каких - либо явлений может привести, например, к неверному истолкованию сказанного, а, соответственно, к необоснованным решениям и несогласованным действиям.

Причинами неудачной коммуникации могут быть:

- стереотипы – упрощенные мнения относительно отдельных лиц или ситуации, в результате нет объективного анализа и понимания людей, ситуаций, проблем;
- «предвзятые представления» – склонность отвергать все, что противоречит собственным взглядам, что ново, необычно («Мы верим тому, чему хотим верить»). Человек редко осознает, что толкование событий другим человеком столь же законно, как и его собственное;

- плохие отношения между людьми – поскольку если отношение человека враждебное, то трудно его убедить в справедливости вашего взгляда;
- отсутствие внимания и интереса собеседника, а интерес возникает, когда человек осознает значение информации для себя: с помощью этой информации можно получить желаемое или предупредить нежелательное развитие событий;
- пренебрежение фактами, т.е. привычка делать выводы - заключения при отсутствии достаточного числа фактов;
- ошибки в построении высказываний: неправильный выбор слов, сложность сообщения, слабая убедительность, нелогичность и т.п.;
- неверный выбор стратегии и тактики общения [3].

Коммуникативная компетентность, являясь неотъемлемой частью коммуникативной культуры, необходима всем без исключения людям, а в ряде профессий она становится профессионально значимой характеристикой личности. Высокий уровень компетентности требуется сегодня от специалистов во всех сферах общественной жизни. Психологическая подготовка специалистов нуждается в существенном совершенствовании, так как социальный заказ ориентирован на высокий уровень психологической культуры специалистов.

В связи с этим компетентностный подход становится основанием обновления содержания современного образования. Образовательный результат определяется не только суммой усвоенных знаний и умений, но и готовностью выпускника к успешному решению типовых профессиональных задач в зависимости от уровня образования.

Коммуникативная компетентность является одной из базовых характеристик профессиональной компетентности и профессиональной подготовки специалистов в типе профессий «человек - человек», а также предполагает знание теоретических основ общения, умения устанавливать и поддерживать контакты с другими людьми, речевую грамотность, обладание рефлексивными способностями, а также постоянное стремление к самоактуализации в коммуникативной деятельности [3].

Кроме того, в настоящее время в школах, а вслед за ними и в вузах наиболее востребована новая, «компетентностная» парадигма образования. При этом итогом деятельности образовательного учреждения становятся так называемые компетентности, отражающие результаты обучения, систему ценностей, побудительные силы к тому или иному виду деятельности, общению, поведению; морально-нравственные нормы, социально-культурные обретения и взаимодействие с окружающей действительностью [4].

По выражению В.П. Зинченко, «другодоминантность» как ценностное отношение к другому человеку, «духовность, тонкая душевная организация редко встречается в сегодняшней жизни, они задавлены цивилизацией, телевидением...». Отмечается общее снижение культуры общения и поведения подрастающего поколения: агрессивное общение со взрослыми и сверстниками, ненормативная лексика, несоблюдение правил этикета, неумение слушать собеседника, отсутствие терпимости в отношениях с окружающими и т. д. [1]. Проблемы, связанные с коммуникативной культурой и коммуникативной компетентностью, обостряются, в частности, в юношеском возрасте в ходе профессиональной подготовки и проявляются в трудностях адаптации к новым социальным ролям при поступлении молодых людей в вуз, при вступлении в самостоятельную жизнь, в профессиональном становлении. Все эти проблемы неразрывно связаны с личностными свойствами, с убеждениями, ценностями, мировоззрением личности, то есть с ее направленностью в целом.

Модернизация образования влечет за собой качественные изменения в содержании и методах организации учебно-воспитательного процесса. Сегодня все чаще к психологу обращаются с такими запросами, как участие в выработке концепции развития школы, модернизация организационной структуры внутришкольного управления, участие в создании инновационных образовательных проектов, развитие профессионального мастерства и психологической компетентности педагогов. Все большее значение придают сегодня руководители образовательных учреждений, институты повышения квалификации, методисты и инспектора

отделов народного образования, сами педагоги повышению своей психологической компетентности [2].

Педагогическая деятельность строится по законам общения, человеческой коммуникации. На сегодняшний день доказана ведущая роль педагогического общения в процессуальной стороне педагогического труда (Ананьев Б. Г., 1940; Берне Р., 1986; Ключева Н.В., 2000; Маркова А. К., 1993 и др.). Коммуникативная компетентность учителя - это важнейший фактор эффективного педагогического общения.

Главное в педагогическом искусстве – искусство взаимодействия педагога и воспитанника. А главным направлением перемен в образовании является развитие его гуманистической ориентации. Процесс обмена гуманистическими ценностями может быть реализован только в процессе интенсивной и эффективной коммуникативной деятельности.

Перестройка школы на гуманистических началах требует от педагога умения адекватного педагогического воздействия на ребенка с целью максимальной реализации его активности, самостоятельности, ответственности, обеспечения эмоционального благополучия учеников в учебно-воспитательном процессе. Средством для решения задач развития личности ребенка является уровень профессионализма учителя, а, главное его педагогическая коммуникативная культура.

Список использованных источников

1. Александрова Н.В., Тарабанова В.А., Эйдемиллер Э.Г. Коммуникативная компетентность – эффективность в профессии (когнитивно-поведенческая модель социально-психологического тренинга менеджеров и врачей). // Журнал практического психолога. 1999 № 7-8
2. Петровская Л.А. Компетентность в общении. М., 1989
3. Почепцов Г.Г. Теория и практика коммуникации. М., 1998
4. Руденский Е.В. Основы психотехнологии общения менеджера. М., 1998

* * *

Ғылыми мақалада автор педагогтың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған әртүрлі тұрғыларды талдайды және коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі мәнді ерекшеліктерін айқындайды.

* * *

The scholarly article covers different approaches to the solution of the problem and includes character features of communicative competence.

ӘОЖ

С.С. Сағындықова
АқМПИ оқытушысы

АБЗАЛ АДАМ, ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ (Қ.СӘТБАЕВ)

Ел, халық тарихында өшпес із қалдырған, аңыз ретінде айтылып жүретін, ұрпақтан ұрпаққа тарайтын, өмірге бейне-бір үлгі-өнеге болатын абзал адамдар болған және бұдан былай да бола бермек. Бұлардың ортасында жүріп замандасы болған, талай тамаша істерін көзімен көріп, құлағымен естіген әрбір адал жан оларды әрқашан зор мақтаныш сезіммен айтып жүреді, жас ұрпақ алдында үлгі етіп тартып отырады.

Қай елдің де мақтанышы болатындай еңселері биік, білімдері дархан да жан-жақты ғажап азаматтар тұрды. Осыдан мың жыл бұрын жасаған Әл-Фарабиден бастасаңыз, бес жүз жыл бұрын жасаған Мұхамед Хайдар Дулатиден бері қарай таратсаңыз, барлық елдер сияқты, қазақ халқы да бұрынғы өткен дәуірінен өзінің елдігін қадірлейтін әр алуан асыл азаматын атай алады. Сол қатарда, ақын Абай, Жамбыл сияқты ел мақтанышы болған азаматтарын айтады. Халық қамқоры, ер қайраткері Аманкелдіні айта алады. Орыс мәдениетінің қазақ сахарасына берген алғашқы жас балдырған жемісі – Шоқандай оқымыстыны, Ыбырайдай үлгілі еңбек иесі, білім, тәрбие қайраткерлерін айта алады. Избасары А.Байтұрсынов XIX ғасырдың II жартысында ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин бастаған ағартушылық ізгі жолды дамытып жалғастырды. Ал заманымыздың заңғар аса көрнекті ғалымы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев елдік қасиетті бойына жиған шешенділмар, ағыл-тегіл ақындар, бармағынан бал тамған күйшілер, әсем сазды әншілер болғанын ескі тарихымыз да баян етеді. Ендігі кезде сол есімдерге бүгінгі тәуелсіздік тұрғысынан лайықты бағасын беру, ұлтымыздың мақтанышы – адамзаттың

мақтанышы екенін көрсете білу – баршамыздың, сіздер мен біздердің парызымыз.

Олар қазақ халқының болашағы, елдігін сақтап қалуы білімге, оқу-ағарту ісіне байланысты деп санай отырып. Ағартушылық ісі сол кезеңдегі қазақтың әлеуметтік тіршілігінде ең қажет, ең игілікті әрекет болып есептеледі.

«Атадан балаға мирас болып екі-ақ нәрсе қалады, біріншісі – бай тіл, екіншісі – байтақ жер», - деген еді. Біз, бүгінгі ұрпақ, осы екі нәрсені көзіміздің қарашығындай сақтап, сана-сезім қажет. Бұл қасиеттер ұрпақ бойын оқумен, біліммен, үйренумен, талпынумен бітеді! [1].

Ел, халық тарихында өшпес іс қалдырған, аңыз ретінде айтылып жүретін, ұрпақтан ұрпаққа тарайтын, өмірге бейне-бір үлгі-өнеге болатын абзал адамдар болған және бұдан былай да бола бермек. Бұлардың ортасында жүріп замандасы болған, талай тамаша істерін көзімен көріп, құлағымен естіген әр-бір адал жан оларды әрқашан зор мақтаныш сезіммен айтып жүреді, жас ұрпақ алдына үлгі етіп тартып отырады.

